

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖОҒАРҒЫ СОТЫ  
ЖАНЫНДАҒЫ  
СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ



АКАДЕМИЯ ПРАВОСУДИЯ  
ПРИ  
ВЕРХОВНОМ СУДЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ:  
КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»**

**ДИСПУТ-Трибунасының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
ДИСПУТА-Трибуны**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК В СФЕРЕ  
ОТПРАВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ:  
БАРЬЕРЫ И ПРОСТОРЫ»**

**АСТАНА  
24 қараша 2017 жыл**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖОҒАРҒЫ СОТЫ  
ЖАНЫНДАҒЫ  
СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ



АКАДЕМИЯ ПРАВОСУДИЯ  
ПРИ  
ВЕРХОВНОМ СУДЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ:  
КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»  
ДИСПУТ-Трибунасының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
ДИСПУТА-Трибуны  
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК В СФЕРЕ ОТПРАВЛЕНИЯ  
ПРАВОСУДИЯ: БАРЬЕРЫ И ПРОСТОРЫ»**

АСТАНА  
2017 жылғы 24 қараша

**ӘОЖ 8Н.512.122:34**  
**КБЖ ББК 81.2 каз-3:67**  
**С 69**

**Профессор Т.Е. Қаудыровтың жалпы редакциясымен**

**Редакциялық алқа:**

Раззак Н.Р., Қанатов А.Қ., Бұсырманов Ж.Д., Балғынтаев Ә.О., Саймова Ш.А.,  
Құсаинова А.Қ., Енсебаева А.Р.

**С 69** Сот төрелігі саласындағы мемлекеттік тіл: кеңістіктер мен кедергілер: диспут трибунасының материалдар жинағы = Государственный язык в сфере отправления правосудия: барьеры и просторы: сборник материалов диспута-трибуны.- Астана: «Мастер По» ЖШС, 2017. – 144 б.

**ISBN 978-601-326-125-6**

Жинақта Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты ғимаратында 2017 жылдың 24 қарашасында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы сот төрелігі Академиясы ұйымдастырған диспут-трибунаға қатысушылардың баяндамалары қамтылған. Диспут-трибунаға Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Жоғарғы Соты мен жергілікті соттардың судьялары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының өкілдері, жетекші лингвист және заңгер ғалымдар қатысты. Диспут-трибуна қорытындылары бойынша мемлекеттік тілдің сот төрелігі саласында қолдануын кеңейту жөнінде ұсынымдар әзірленді.

Жинақ ғалымдарға, ЖОО-ң оқытушыларына, білім алушыларына, сот және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сонымен бірге сот төрелігі саласында мемлекеттік тілді белсенді пайдалану мәселелеріне мүдделі адамдарға арналған.

Жинақтағы пікірлер мен көзқарастар авторлардың жеке пайымдауларын көрсетеді, олар редакциялық алқаның ресми көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

В сборник включены выступления участников диспута-трибуны, организованного Академией правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан 24 ноября 2017 года в здании Верховного Суда Республики Казахстан. В диспуте-трибуне приняли участие депутаты Парламента, судьи Верховного Суда и местных судов Республики Казахстан, представители государственных органов и учреждений, высших учебных заведений и научно-исследовательских центров, ведущие ученые лингвисты и юристы. По итогам диспута-трибуны участниками выработаны рекомендации, направленные на расширение области применения государственного языка в сфере правосудия.

Сборник предназначен ученым, преподавателям и обучающимся вузов, работникам судебных и правоохранительных органов, а также всем заинтересованным в активном использовании государственного языка в сфере правосудия.

Мнения и взгляды, содержащиеся в сборнике, отражают авторскую точку зрения и могут не совпадать с официальной позицией редакционной коллегии.

**ӘОЖ 8Н.512.122:34**  
**КБЖ ББК 81.2 каз-3:67**

**ISBN 978-601-326-125-6**

© Авторлар ұжымы, 2017  
© Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы соты жанындағы  
Сот төрелігі Академиясы, 2017

**Қадірлі қонақтар!**  
**Құрметті әріптестер!**

Бүгін бәрімізді жинап отырған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының «Сот төрелігі саласындағы мемлекеттік тіл: кеңістіктер мен кедергілер» тақырыбына арналған диспут-трибунаға келген қадамдарыңыз құтты болсын!

Өздеріңіз білесіздер, осы жылғы 12-сәуірде болашақтағы ұлттық рухани жаңғыруымызды айқындап берген Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ««БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» мақаласы бүгінде кемел келешегімізге жол сілтеп, баршамызға бағдар берді.

Аталған бағдарламаның тек мемлекеттік тілде ғана жариялануы – ісі қазақ атаулының бірден рухын көтеріп, ерекше қуанышқа кенелткенін жақсы білесіздер. Өйткені Елбасы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына арналған Жолдауындағы «Қазақ тілі және тілдердің ұштұғырлығы» туралы сөзінде «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз» деп сол кезде-ақ айтқан болтын.

**Құрметті әріптестер!**

Біздің бүгінгі бас қосуымызға ұйытқы болған басты мәселе еліміздің болашағы, мемлекетіміздің тағдыры Қазақстандағы барша халықты біріктіретін мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолдану аясын барынша кеңейту және өміршең етуге арналып отыр.

Елбасы жоғарыдағы өзінің Жолдауында қазақ тілінің мәселесін бәрімізге меңзеп, «Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өгіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз.

Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет» деген болатын. Сол уақыттан бері бүкіл қоғам тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Еліміздегі сот билігі тарапынан да мемлекеттік тіл – қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шаралар жүзеге асырылды.

Атап айтсақ, сот органдарында мемлекеттік тілді қолдану аясын жүйелі әрі кезең-кезеңімен кеңейту қажеттілігі жүзеге асып келеді. Соның ішінде сот жүйесі де кешенді шаралар қабылдап, мемлекеттік тілді қал-қадірінше дамытуда.

Нақты деректерге жүгінер болсақ, Жоғарғы Сот өз тарапынан Мемлекет басшысының 2001 жылғы 7 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес республикада, соның ішінде сот жүйесінде мемлекеттік тіл – қазақ тілін іс қағаздарды жүргізу тіліне айналдырды. Оны қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты шараларды қабылдады. Соның нәтижесінде 2005-2010 жылдары сот жүйесінде іс қағаздарының мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіруі жүзеге асты.

Дегенмен, көш бірден түзеліп кете алмады. Республика соттары іс қағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңімен көшіруде кемшіліктерге жол берді. Аталған кемшілік алғашқы кезекте осы жұмысты ұйымдастыру тәсілдерінің дұрыс қолданылмауынан, судьялар мен сот қызметкерлерінің осы шараға дайын болмауынан орын алған еді.

Бұл мәселені шешу мақсатында Жоғарғы Сот Төрағасы 2009 жылғы 27 ақпандағы өкімімен уәкілетті орган – Жоғарғы Сот жанындағы Соттар әкімшілігі жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдарында мемлекеттік тілді дамыту бойынша құрылымдық бөлімшелер құруды тапсырды.

Комитетте Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің құрылуы іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу процесін жандандыру бойынша кешенді шараларды іске асыруға серпін берді.

Бөлім судьялар мен сот органдарының қызметкерлеріне нормативтік-құқықтық актілерді уақтылы әрі сапалы әзірлеуге әдістемелік-практикалық тұрғыдан көмек көрсетті. Сот актілері мен құжаттарды дайындау сапасын арттыра түсті. Сондай-ақ сот жүйесінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған іс-шаралар тәсілдерін жүйелеуге ықпал етті.

Бүгінде, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған межелі міндеттерді іске асыруға соттар жұмыла кірісуде. Еліміздің сот жүйесіндегі мемлекеттік тілді қолданудың аясын жүйелі әрі кезең-кезеңімен кеңейту қажеттілігіне арналған Тұжырымдама қабылдау қолға алынды.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілін дамыту мәселесі Қазақстан Республикасының 2020 жылғы дейінгі стратегиялық даму жоспарында және Президенттің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының негізгі бағыттарында толығымен көрсетілген.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2020 - дейінгі жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі 90%-дан кем болмауға тиіс делінген. Бүгінгі күні республикадағы сот жүйесіндегі құжат айналымындағы қазақ тілін қолданудың үлесі 80 пайызға жетті. Бұл мемлекеттік тіліміз сот жүйесінде қанатын кеңге жайып келеді деген сөз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деп халқымыздың ана тілі – қазақ тіліне де ерекше маңыз бергенін бәріміз де терең тұрғыдан сезінудеміз.

Елбасының осындай кемел ойын іске асыру бағытында Жоғарғы Сот «Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН» дайындауда. Бұл құжат алдағы уақытта іске асқанда сот-құқық жүйесіндегі қазақ тілін қолдану аясын барынша кеңейтуге өз ықпалын тигізеді деп сенеміз. Тұжырымдама барша қазақстандықтарды отансүйгіштік сезіміне үйретіп, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне деген құрметті арттыра түссе деген ізгі ниеттеміз.

**Құрметті диспут-трибунаға қатысушылар!** Қазақ тілі – ежелден мемлекетіміздің сот-құқық, заң тілінде дана билер билік шешімін шығарған кемел тілі. Халқымыздың билер сотының ең құнды құралына айналған ана тілімізді дамытайық. Ол – сот төрелігіндегі бірден-бір құндылығымыз. Заманына сай дамып, жаңаша сипатымен ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде берілуі тиіс.

#### **Қадірлі әріптестер!**

Сөзімнің соңын Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деген Жолдауында айтқан сөзімен аяқтамақшымын. «Қазақ тілін дамыту саясаты одан жерінуге, тіпті қазақтардың өздерінің бойды аулағырақ ұстауына ықпал етпеуі керек. Керісінше, тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс». «...Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарамайық» деген ұлағатты сөздеріне лайықты болайық.

**Назар қойып тыңдағандарыңыз рахмет!**

**Ж. ӘБДИЕВ**

*ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы  
Соттардың қызметін қамтамасыз ету  
департаменті басшысының орынбасары*

## **Құрметті диспут-трибунаға қатысушылар!**

### **Құрметті әріптестер!**

«Ұлттың тілі - ұлттың ділі». Қандай ұлт болмасын оның ең басты байлығы - мемлекеттік тілі екені айқын.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы елімізде ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуін көздейтін бағдарламалық бағыттағы құжат ретінде қабылданып, жүзеге асыру жолдары қызу талқыланып отырғаны өздеріңізге белгілі.

Осыған байланысты, сот төрелігін мемлекеттік тілде іске асыруда, заңи терминдерді пайдалануда, нормативтік-құқықтық актілердің бірізділігін нығайту жолымен мемлекеттік тілдің қолданылуы аясын кеңейту мәселелерін өздеріңізбен бірге талқылап, пікір алмасу мақсатында жиналып отырмыз.

Қазірдің өзінде статистика көрсетіп отырғандай соттардың қазақ тілінде сот төрелігін жүзеге асыру қуантарлық жағдайда емес.

Оған себептер ретінде түрлі ұйымдастырушылық, процестік және өзге де мәселелерді келтіруге болады. Диспуттың тақырыбының өзектілігі, теориялық және тәжірибелік қажеттілігі осымен анықталынады.

Пікір алмасу нәтижесінде біз осы салада қандай кедергілер және кеңістіктер бар екендігін анықтаймыз деген ойдамын. Ол үшін әрбір диспутқа қатысушының көтерген мәселелері назардан қалмай, маңызды екендігі сөзсіз.

Бұл диспут-трибунаны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы сот төрелігі Академиясының ұйымдастырып отырғандығы кездейсоқ жағдай емес деп түсінемін.

Осы тұрғыда Академия болашақ судьяларды дайындаушы оқу орны болғандықтан, бізге қазақ және өзге де тілдерді жетік меңгерген, рухы биік, адамгершілігі мол сот жүйесінің кадрларын дайындау міндеті жүктелген.

Бүгінгі жыйынға Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының судьялары, еліміздің бүкіл аймақтарынан жергілікті соттардың судьялары, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары мен Конституциялық Кеңестің мүшелері, қоғам қайраткерлері мен ғалымдар қатысуда. «Сот төрелігі саласындағы мемлекеттік тіл: кеңістіктер мен кедергілер» тақырыбындағы диспут-трибуна жұмысына атсалысуға келіп отырғандарыңызға алдын-ала рахметімізді білдіреміз!

Сіздердей өмірлік тәжірибесі мол мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ой-пікірлерімен бөлісе отырып, диспут-трибуна барысында құрылатын ұсынымдарды жинақтауға үлестеріңізді қосасыздар деген ойдамын.

Диспут-трибуна жұмысы бағдарламаға сәйкес екі сессиядан тұрады, бірінші сессия «Мемлекеттік тіл және сот билігі», екінші сессия «Мемлекеттік тіл және сот білімі».

Осы екі тақырып аясында ашық және жемісті пікір алмасуға шақырамын.

Назарларыңызға рахмет!

***ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы  
сот төрелігі Академиясының  
«Сот-құқықтық және инновациялық жобалар»  
ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
з.ғ.д., профессор Ж. Бұсырманов***

**Құрметті «Сот төрелігі саласындағы мемлекеттік тіл: кеңістіктер мен кедергілер» атты айтыс-алаңына қатысушылар Сіздердің бүгінгі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!**

Бүгінгі күн талқыланып отырған мәселе аса маңызды тақырыпқа арналған! Бағанадан бері баяндама жасаған соттардың, пікір-таласқа түскен заңгерлердің ой-пікірлерін қорытатын болсақ, сот процесін қазақ тілінде жүргізуге кедергі келтіріп тұрған мән-жайларды 3 топқа бөлуге болады екен.

1) Адвокаттардың және қорғаушылардың қазақ тілін еркін меңгере алмауы, білікті заң көмегін қазақ тілінде беретін мамандардың тапшылығы. Осыған байланысты қазақ тілінде сөйлейтін жәбірленуші де, жауапкер де сотқа орыс тілінде жүгінетіндігі.

2) Қазақ тілінде жүргізілетін сот процесін бұқаралық ақпарат құралдар арқылы насихаттау жұмысын күшейту қажет. Себебі, орыс тілінде ғана жүргізіліп жатқан сот процестері қоғамдық резонансқа ие болып, тек осы тілде ғана сот ісін жүргізу әділдікке апарады деген жалған пікірді қалыптастырады. Сондықтан «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген қазақ болмысымыздан шығып, қоғам тарапынан мүдделік танытқан қазақ тілінде қаралған істер бойынша соттардың әділ шешімін, адвокаттар мен қорғаушылардың салмақты пікірлерін жариялаған жөн.

3) Заң шығармашылық процесінің орыс тілінде жүргізілуі, нормативтік-құқықтық актілердің орыс тілінен қазақ тіліне аудару кезіндегі аутентикалық сәйкессіздік, заңгерлердің заңның орыс тіліндегі мәтінмен ғана жұмыс жасауы сияқты келелі мәселелер.

Мінеки, жоғарыда 3 топқа шоғырландырылған мәселелер арқылы сот процесін қазақ тілінде қарауға белгілі дәрежеде кедергі келтіретіні айтылды және одан шығу жолдары ұсынылды.

Қазақстан Республикасының 7-ші бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Бұл мәселе Конституциялық Кеңесте конституциялық өндіріс жүргізу аясында қорытынды шешім шығарумен бірнеше мәрте қарастырылды (нормативтік қаулылар, «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы»). Жалпы тілдің мәртебесіне қатысты сұрақ көтерілген кезде, басты сұрақ орыс тілінің мәртебесіне қатысты екенін басты назарда ұстаған жөн.

Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының ережесін қолдану мәселесі бойынша 7 нормативтік қаулыларда және «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» 11 жолдауда қарастырған. Қазақ тілінің конституциялық-құқықтық мәртебесі Ата Занда бекітілген.

«Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы № 10/2 Қаулысында, «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» (Конституцияның 7-бабы, 2-тармағы) деп жазылған, яғни мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс

тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылады.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 23-бабы үшінші бөлігінде бекітілген нормаларды талдау кезінде Конституциялық Кеңес белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптер мен мамандықтардың, сондай-ақ лауазымдардың тізбесін белгілеуге Қазақстан Республикасы Конституциясына қайшы келмейді дейтін тұрғыдан келеді.

Алайда, атап айтқанда Республика Үкіметі көрсеткен тізім анықтамасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағы 1-тармақшасы, 3-баптың 4-тармағы мен 33-баптың 4-тармағына қайшы келеді.

Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және кәсіби талапқа сәйкес білу талабы субъект құқығына және жеке тұлғалардың міндеттемелеріне жатады, Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3- тармағы 1- тармақшасына сәйкес бұл қатынастар тиісті заңдар шығаруға құқылы, заң шығарушы орган ретіндегі Қазақстан Республикасы Парламентінің тікелей құзырына жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 93-бабында мемлекеттік тілді қолдану саласындағы қоғамдық қатынастар заңмен реттелетіні белгіленген, ал атқарушы орган ретінде Үкіметке мұндайда мемлекеттік тілді меңгеру үшін қажет ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасау атап айтылған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағындағы Республика Парламентінің құзырына жататын қоғамдық қатынастарды реттеу құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметіне беру Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 4-тармағында тұжырымдалған билік бөлісу принципін бұзғандық болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызмет саласы үшін мемлекеттік қызметші лауазымына кандидаттыққа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына қатысты болады және заңмен белгіленеді. Демек, белгілі бір көлемде мемлекеттік тілді міндетті түрде білу үшін заң шығарушы органның тиісті заңдар шығару жолымен емес Үкіметтің мемлекеттік қызметшілердің лауазым тізімін белгілеуі 33-баптың 4-тармағында тұжырымдалған конституциялық нормаға қайшы келеді.

Конституциялық Кеңес Заңды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп таныған.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы № 10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 Қосымша қаулысында, Конституциялық Кеңес, Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі.

Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз өкілеттіктерін іске асыруына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама әркімнің де тілдердің қызмет ету саласында конституциялық құқықтары жүзеге асырылуының механизмдерін көздеуге, соның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өтініш беру және



олардан Конституцияның 7-бабының 2-тармағын сақтай отырып - іс қай тілде жүргізілуіне қатыссыз қазақ немесе орыс тілдерінде тең дәрежеде ақпарат алу мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиіс дегенді білдіреді.

Қазақ және орыс тілдерін пайдаланудағы теңдік сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің заңдық маңызы тең екенін де білдіреді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы» Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 14 ақпандағы № 2 қаулысынан келіп шығатыны, егер қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкессіздігі құқықтық норманың тұжырымдамалық мазмұнын бұрмалап, оны біржақты түсінуге мүмкіншілік бермейтін болса, онда Негізгі Заңның 7-бабының 2-тармағын негізге ала отырып, мұндай норма белгіленген тәртіппен Конституцияға сәйкес емес деп танылуы мүмкін.

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген конституциялық норма орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны, қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді және Қазақстан халқының бірлігін білдіретін, Республиканың конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады: Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдаланылуы; мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларындағы атауларының, мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шекара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерін қағазда және өзге де тасымалдауыштарда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; Республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі.

Бұл жазылғандар, Негізгі Заң қазақ тіліне жария-құқықтық маңыз бере отырып, оның мәртебесінің үстемдігін көздейтінін айғақтайды (Конституцияның 7-бабының 1-тармағы).

Конституция мемлекеттік тілдің, ресми түрде пайдаланылатын тілдің және өзге де тілдердің тұрмыстағы, адамдар арасындағы, ұжым ішіндегі қарым-қатынаста, мемлекеттік емес ұйымдарда, соның ішінде, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөңгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қызмет етуін регламенттемейді. Республика Конституциясының 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған «тең» ұғымы

тұрмыстағы, адамдар арасындағы және ұжым ішіндегі қарым-қатынасқа, сондай-ақ қаралып отырған өтініште көрсетілген іс-шараларға қатысты емес.

Конституция әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Мәселен, Конституцияның 19-бабының 2-тармағына сәйкес «әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар». Сонымен бірге мемлекет мемлекеттік тілге, оның дамуына, мемлекеттік-құқықтық реттеу саласын ғана емес, қоғамдық қатынастардың басқа да барлық салаларын қамтып, қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс.

Мемлекет қоғамда қызмет етуші кез келген тілді қорғауға және тіліне байланысты кемсітушіліктің алдын алуға тиіс. Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның 14-бабы 2-тармағының «ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты, кемсітуге болмайды» деген нормасын ескеруге тиіс.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған, «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91-III Заңымен ратификацияланған, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде: барлық адамдар заң алдында тең және қандай да болсын кемсітуге ұшырамай, заңмен тең қорғалуға құқылы. Бұл орайда кемсідудің қандай түріне болса да, заң тұрғысынан тыйым салынады және заңда барлық адамдар, қандай да бір белгісіне, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық және әлеуметтік тегіне, мүлкілік жағдайына, туу және басқа жағдаяттарына қарамастан кемсідуден тең және тиімді түрде қорғалатынына кепілдік берілуі тиіс.

Этникалық, діни және тіл азшылығы бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтыну, дінінің салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс делінеді (26 және 27-баптар).

Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тыс жерлерде, атап айтқанда, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөңгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қазақ және орыс тілдерінің тең қолданылуын белгілемейді, ал Конституцияның 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған «тең» термині мұндай іс-шараларға қатысты емес.

Республика Конституциясы әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Бұл орайда, ынталандыра отырып, мемлекет мемлекеттік тілге, оның дамуына, мемлекеттік-құқықтық реттеу саласын ғана емес, қоғамдық қатынастардың басқа да барлық салаларын қамтып, қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс.

*ҚР Конституциялық Кеңесінің  
мүшесі, з.ғ.д., профессор  
У. Шапақ*

*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,  
з.ғ.д. профессор, ҰҒА-корреспондент мүшесі,  
Н. Дулатбеков*

*з.ғ.к., профессор  
Б. Сыздық*

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КІЛТІ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының 2017 жылғы 24 қарашада өтетін «Сот төрелігі саласындағы мемлекеттік тіл: кеңістіктер мен кедергілер» тақырыбындағы диспут-трибунаға шақыруын ықыласпен қабыл алдық.

Еліміздің болашағына жаны алаң қазақстандық қоғам өкілдерінің күш-жігерін біріктіру жолымен сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолданудың мәселелерін жан-жақты талқылау, шығармашылық тұрғыда пікір алмасу, мемлекеттік тілді қолдану салаларын кеңейту бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу мақсатында ұйымдастырылып отырған іс-шараның мән-маңызы ерекше.

Қоғам өмірінің барлық саласында мемлекеттік тілге кең өріс ашылуда. Мемлекеттік тіл болып табылатын қазақ тілі – мемлекеттің барлық аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі. Соның ішінде заң, құқық саласында мемлекеттік тілдің тиімді, дұрыс қолдану – айрықша назар аударуға тұрарлық тақырып.

Тілімізде қолданылатын әрбір сөздің әдеби нормасын оның заңдық нормасымен ұштастыра білу үшін заң мәтінімен жұмыс істеуші маманның әр тілді жақсы білуі, заң нысанасынан толық хабардар болуы шарт. Осы орайда біз жүйелі, жоспарлы шаралар кешенін жасап, еліміз тәуелсіздік алғалы бері бірқатар жұмыстар атқардық. Мемлекеттік тілде жазылған монографиялар, сөздіктеріміз, заңгер мамандарға, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, әр түрлі сала мамандарына арналған бірнеше еңбектеріміз елімізде мол данамен тарады, қалың бұқара тарапынан лайықты бағасын алды.

Шақыруларыңызға үн қосу ретінде төмендегі материалды жолдап отырмыз.

Бұл мақаланы әріптесім Болат Сыздық екеуміз кезінде «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған (31.03.2010) едік. Көзі қарақты оқырман мақалаға лайықты бағасын берген болатын.

Кең тынысты келелі әңгіме дөңгелек үстел басында өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

Ғимараттың мықтылығы – оның кірпішінің мықтылығына байланысты. Үйдің мықтылығы – оның ең осал кірпішінің мықтылығына тең. Қанша шебер болсаң да осал, қисық кірпіштен мықты, тұзу үй қаланбайды. Қазақ үй тіккенде уығының мықты болуына қатты көңіл бөлген. Керегенің мықтылығы өз алдына, уық мықты болса, шаңырақ шайқалмайды, киіз үй құламайды.

Заңгерлер үй салмайды. Олардың қолынан келетіні – заңнамалық актілерді жасау, түсіндіру, қолдану. Заңдар мемлекеттің уығы іспеттес. Ал сөзді заңдардың іргесі қаланатын кірпішпен салыстыруға болады. Сөзі тұрлаусыз заң – қауқарсыз.

Қазіргі кезде мәселе заңдардың санында, оларды білу, не білмеуде емес, сапасында, олардың әр сөзінің орнында тұруында, санаға тікелей әсер етуінде. Олай болуы үшін заң сөзі жасық, жалаң емес, өзегінде ұлттың рухын, өзіндік төлтума келбетін беретін деңгейде болуы керек. Заңда әр сөз өз орнында тұруы, бір мағынада қолданылуы, сол мағынада түсінілуі – бұлжымас шарт.

Өткендегі ғұламалар тілді діннен де жоғары қойған. Тіл болмаса, дін қалай таралмақ, адамдар қалай түсініспек?! Қазақ әдеби тілінде белсенді қолданылып жүрген жүз елу мыңнан аса сөз болса, кез келген әдеби тілдің сөздік қорында терминдер саны әлдеқайда көп болады екен. Қазіргі кезде тіліміздегі терминдер саны жарты миллион маңайында. Яғни болашақ мамандарды күтіп тұрған жұмыс көлемі орасан. Сондықтан терминдер туралы біздің таным-түсінігіміз үнемі кеңейіп отыруы тиіс.

«Өнер алды – қызыл тіл». Бұл – Абай. Негізі баба сөз. Махмұт Қашқари сөздігінде: «Ардам баши тил» – «Вершина добродетели – в языке (тот, кто постиг красоту речи, обретает достоинство благодаря ей)». «Басқа бәле – тілден», деген де бар. Яғни аңдамай сөйлесен, ауырмай өлесің. Сонымен қатар, «тілі алғырдың жолы – даңғыл» деп те айтуға болады.

Қазақ елінің қазіргі жер байлығы, қазына байлығы, рухани байлығы ата-бабадан қалған тіл мәдениетімен тікелей байланысты. Мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілін меңгеру – сол тілде сөйлеу, жазу, іс жүргізу, еларалық қатынастарды орнату, заңнама мәтіндерін жасау. Өмірлік қажеттілікті әрбір болашақ заңгер терең сезінуі қажет. Ендеше, ұлт пен мемлекет мүддесін, адам мен азамат құқықтарын қорғайтын заңдардың тілі мен рухы жоғары талаптарға сай болуы тиіс.

Заңгер мамандарды түрлі әдістемелік негізде оқытудың заманауи технологияларын қолдана отырып дайындадық десек те, олардың тілді меңгеруі көңіл толтырмайды. Болашақ заңгерлердің тілдік даярлығы кәсіби талаптардың бірі емес, бірегейі болып табылады. Қазір бұл мәселеде ойланатын, көңілге күдік келтіретін жәйттер көп. Болашақ заңгерлердің көбі сөйлеу, жазу мәдениетін жетік меңгеруге қажетті деңгейде көңіл бөлмейді. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер мен кейінгі жылдары қолданысқа түскен заңнама актілерінің тілі бір-бірінен ерекшеленеді. Оларда бірталай тілдік, терминдік оң өзгерістер бар. Бүгінгі күні көптеген сөздер баяу болса да, құқықтық термин ретінде орнығып, тілдік айналымға түсті. Тіліміздегі сөздердің күнделікті қолданыстағы мағынасымен қатар терминдік мәні-мазмұнының әр алуан қырлары ашылуда.

Кәсіби заңгерлер ғана емес, қалың жұртшылық та оларды жатырқамай, жатсынбай дұрыс қабылдайтын дәрежеге жеттік. Ұлт рухы сергектеніп, ұлт тілінің қоры батыл қолданысқа ене бастады. Өкінішке орай қазір сол үрдіс баяулап, токмейілсу пайда болғандай. Қазіргі кезде қазақшаға жетік заңгерлердің өзі қазақша заңнама актілерін оқымайды. Оларға бұл үшін кінә қоюға болмайды. Өйткені қазақ тіліндегі заң мәтіндерінің біразы түсініксіз жазылған. Орысша оқысақ түсініктірек, қолдануға жеңіл. Заңнаманың қазақша мәтіндерінің осындай халі ұлттық намысқа тиеді, мемлекеттік мәдениетімізге нұқсан келтіреді. Сондықтан болашақ заңгерлерді даярлауда тілдік дайындықты, әдебиетті білуді, ұлттық рухты жануды алдыңғы орынға қою керек. Заңдық білім беруде осы мәселенің ерекше өзектілігі дау тудырмаса керек. Шындығында біздің заңдардың көпшілігінің сапасы да, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі пәрменділігі де сыни талдауларға төтеп бере алмайтын халде деуге болады. Олар күнделікті утилитарлық міндеттерді шешуге жарағанымен, өздерінің негізгі миссиясы рухқа қызмет етуді, құқықтық сана мен

мәдениетті, заңшыл қылықты қалыптастыруды нашар атқаруда. Ішкі қайшылықтарымен қатар сыртқы кемшіліктері көзге анық байқалады. Көбіміз қазақ тілін жетік біле тұра, заң мәтіндерінің қазақшасына емес, орысшасына жүгіретініміз ақиқат. Бұдан кейін мемлекеттің, оның құқықтық жүйесі беделінің деңгейі, идеологиялық ықпалының әсері туралы айтпаса да түсінікті.

Тіл – заңнама актілерінің сапасының айшықты көрсеткіші. Заң сапасы туралы сөз қозғағанда сол заң жазылатын тіл, оны қолдану мәдениеті, оған деген оң ықылас, қарымды қарекет мәселесі бірінші орында тұруы керек. Заңнамалық актілердің тілі түзелмесе, небір абзал құқықтық идеялар мен қағидаттар іске асырылмақ түгілі, жөргегінде тұншыққан сәбидей, тұсауы алынбаған тұлпардай күн кешеді. Заң тілінің нақты, тиянақты, бір мағыналы болуы, оның қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттеуінің, толыққанды жүзеге асырылуының маңызды кепілдіктерінің бірі болып табылады. Заңи техника тұрғысынан келгенде бір сөз – бір ғана мағынаны білдіруі қажет.

Республиканың бүкіл заңнама жүйесінде терминдердің бір мағынада түсініліп, бірізділікпен қолданылуына қол жеткізу өте өзекті мәселе болып тұр. Алғашқыда тәуелсіздікті баянды ететін заңдардың дүниеге келуін жетістік көріп, санына масаттансақ, бүгінгі күні олардың сапасын көтеру міндеті алға шықты. Қазақ тілінің байлығы, мағыналық көп нұсқалылығы, синонимдік қатарларының кеңдігі көркем әдебиетте мол мүмкіндіктер ашқанымен, өзіндік ерекше талаптарға сай жасақталатын заң актілерінде белгілі бір қиындықтар туғызады.

Қазақ тіліндегі нормативтік құқықтық актілерде заңи техниканың тілге қатысты талаптары сақтала бермейді. Мысалы, бір сөздің құбылуы, бір терминнің орнына әр түрлі сөз (немесе қос сөз) қолданылуы, шұбалаңқылық, яғни орысша мәтіндегі бір сөздің екі, үш, тіпті төрт сөзбен аударылуы, көп нұсқалық, сонымен қатар сөздердің қазіргі жазылу емлесін ескермеу, құқықтық мағынасынан гөрі көркемдік сипаты басым сөздерді қолдану, стильдік оралымсыздық және т.с.с. мәселелер орын алған. Бұл жерде қазақ тілінің еш кінәсі жоқ.

Мұндағы себеп – заңдардың қазақша мәтіні бөгде тілдің заңдылықтарына негізделіп аударылған өнім ретінде қолданысқа түсіп жатқандығында. Заңдар қазақы төлтума туынды болып дүниеге келмегендіктен ұлттық ырық пен мүддені өз мәнінде көрсете алмайды. Бұл – отар ел болғандықтың зардабы, енді отарсыздану үдерісі қанат жаюы керек. Екінші себеп – тілді шала-шарпы білетіндердің, оны жүрдім-бардым қолданатындардың, тіл тағдырына, мемлекет мүддесіне үстірт қарайтындардың, өз ісін шалағай атқаратындардың, санасын салғырттық басқандардың кінәсі.

Осы жағдайларды ескере отырып біз 2008 жылы ҚР Конституциясының кейбір баптарының, Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің Жалпы бөлімінің қазақша бейресми нұсқаларын дайындадық. Олар екі кітап болып: («Билер соты мен ұлттық дәстүрлердің жандануы: заңшығармашылық және әлеуметтік тәжірибе», Дулатбеков Н.О., Биебаева А.Ә., Сыздық Б.К., Божқараұлы А., Қызылов М.А. және Дулатбеков Н.О., Сыздық Б. К., Биебаева А. Ә. «Қылмыстық заңнаманы мәтіндік сараптау тәжірибесі». Оқу құралы) жарыққа шықты.

Бұл кітаптар оқыту үдерісінде тұрақты пайдаланылады. Оқыту үдерісінде студенттердің ресми мәтін мен бейресми мәтіндерді салыстыру мүмкіндіктері туды. Енді осы авторлық топтың жоқарыда аталып өткен жұмысының бағыттары мен нақты нәтижелері мен қазіргі кезде жүріп жатқан ізденістік жұмыстарының барысы туралы

мәлімет берсек. Ең алдымен, Конституцияның өзінде заңи техниканың тілге қатысты талаптары сақталмағаны назарға ілікті.

Мысалы, Конституцияда бір сөзді құбылту («құқы», «құқығы», «құқысы», «хақы», «хақылы», «хақысы»), бір терминнің орнына әр түрлі сөз қолдану («еркіндігі», «бостандығы») кездеседі. 15-бапта өлім жазасын орыс тілінде «исключительная мера» десе, қазақшада «ең ауыр» деп берілген. Дұрысы – «айрықша жаза». 17-бап орысша «честь» сөзін «қадір-қасиет» дейді. Бұл күнделікті ауызекі қолданыста, әдеби контексте бірін-бірі күшейтіп, әсер беру үшін дұрыс-ау, бірақ заң мәтінінде қос сөздің орнына терминдік нақты мағыналы бір сөзді орнықтырған жөн болар дейміз. Осы баптың екінші бөлігін «2. Ешкім қинауға, күштеуге, басқадай қатыгез немесе адами қадірін қорлайтындай қатынасқа немесе жазаға ұшырауға тиіс емес» деп аударған жөн. 19-бапта орысшадан «немесе» деп аударылатын сөзді «және» деп қате аударған. 25-бапта «доступные цены» «шама-шарқы көтеретін ақы» делінген, дұрысы – «қолжетерлік ақы». 26-бапта «недобросовестная конкуренция» «жосықсыз бәсеке» деп аударылған. Дұрысы – «арамза бәсеке».

Бұл да болса көңілді көншітпейді, бірақ «недобросовестная» – «арамдық», «қараулық», «адал емес» дегенді білдіреді емес пе? Жосықсыз десек, мүлде өзге нәрсеге меңзейміз. 27-бапта «естественные права родителей» «ата-ананың етене құқығы» делінген. «Етене жақын» деген сөз тіркесі бар да, бұл жерде құқықтың «шынайылығы» жөнінде сөз болып тұрғаны даусыз және «естественное» сөзін «табиғи» деп аудару қазақ тілінде орныққан. Мәселенің өзге бір қыры Конституцияға бағынышты заң актілерін талдағанда байқалады.

Конституция мәтініне өрілген терминдер басқа заңдарда бастапқы мағынасынан айрылып, ала-құла қолданылып жүр. Конституция барлық заңдардың құқықтық негізі болып қана қоймай, сонымен бірге терминдік үлгі, стандарт қызметін атқаруға тиіс. Сондықтан Конституция мәтініне қойылатын талаптар ерекше.

Құқықтық мемлекетте жоғары деңгейдегі құқықтық сана мен мәдениет қалыптастыру үшін Конституциядан бастап бүкіл заң актілерінің тілі мүлтіксіз болуы шарт. Құқық сөздіктерінде, заңнама мәтіндерінде әлі күнге дейін түбегейлі дұрыс шешімін таппаған

, сондықтан әрі қарай ізденуді қажет ететін терминдер баршылық. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексте Қылмыстық кодекске де ортақ «невменяемость» терминін «есі дұрыс еместік» деп аударудың орнына «ақыл-естің кемдігі» деп аударған. Ақыл-естің кемдігі (кемақылдық – слабоумие (орысша) – олигофрения (латынша)) есі дұрыс еместіктің медициналық белгілерінің бірі ғана екені назардан тыс қалған.

Сөйтіп, заңнама мәтіні қате түзілген. «Обоснованный риск» деген ортақ термин бір кодексте «орынды тәуекел ету», екіншісінде «негізді тәуекел» деп аударылған. Дұрысы – «негізді тәуекел». Республика заңдарының бәрінде «лишение свободы» – «бас бостандығынан айыру» деп берілген. Бостандық болған соң, бас бостандығы да, басқа қандай бостандық болуы мүмкін?

Кезінде, патша заманында, қазақта «бас еркі» деген сөз болған, содан қалған жұрнақ болуы керек «бас бостандығы» деген. «Сөз бостандығы» туралы болса, онда нақтылауға тұрады. Сондықтан «лишение свободы» – «бостандығынан айыру» болмақ. «Участник» – «қатысушы» десек, «соучастник» – «сыбайлас» болмақ. «Соучастие – сыбайластық». «Сыбайласы кім(дер) екен?» - дейміз. «Коррупцияны» – «сыбайлас жемқорлық» деп жүрміз, бұл да соншалықты орынды емес. «Сыбайластық» – бірлесіп жасалатын қылмыстардың бәріне тән сипат, белгі.

«Жемқорлық» меншік құқығына қатысты «пайдакүнемдік», «пайдақорлық» деген сөздерге мәндес (синоним). Жемқорлық – коррупцияның зардаптарының, оның жүзеге асу нысандарының бір түрі ғана. Негізгісі лауазымды тұлғаның, саяси және қоғам қайраткерлерінің мемлекет пен қоғам ісіне адал болмауы. «Коррупция» латынша «corruptio» – параға жығу (подкуп).

Одан бұрынғы гректік түбірінде «katalysis» – «бұзу», «ыдырату», «тоздыру», «жою» мағынасы жатыр. Коррупция – тұлғаның лауазымдық өкілеттіктері мен қызметіне байланысты құқықтарын мемлекеттің, қоғамның, сондай-ақ жеке адамдардың мүдделеріне қарсы өзінің жеке баю мақсаты үшін пайдалануынан тұратын қылмыстардың жиынтық аты.

«Сыбайлас жемқорлық» – коррупцияның мемлекеттік билік пен қоғамдық саяси жүйені ыдыратуға, әлсіретуге, қиратуға, бұзуға алып келетін аса қауіпті сипатын ашып бере алмайтын, оны өзге пайдақорлық сыбайлас қылмыстармен орынсыз шендестіруге, шатастыруға алып келетін, қате ұсынылған, бұрыс қолданылып жүрген термин. Біздің ойымызша, «сыбайлас жемқорлық» «коррупцияның» баламасы бола алмайды. Коррупциялы қоғам дегеніміз лауазымды тұлғасы сатылған, ниеті бұзылған, адалдығынан айныған, антынан аттаған, имандылық қалыбы тозған қоғам болса керек. Осы сипаттарға сай келетін термин табылуы тиіс. Өзірге дұрысы – сол күйінде, яғни «коррупция» деген халықаралық нұсқасында қалдыру керек. Осы бір терминге неше түрлі орынсыз балама таңу – осы сөздің өзегінде жатқан ұғымның мағынасын бұлыңғыр қылуда.

Соның бір мысалы беделді деген республикалық әрі кәсіби заңгерлік газеттің бір бетінде «коррупциямен күрес туралы» жарияланған екі мақаласында «коррупция» ұғымы екі бөлек сөзбен, бірінде – «жемқорлық», екіншісі – «сыбайластық» деп берілген. Осыны сөз ауанына қарамай басқа тілге аударсаңыз, алғашқысы «талан-тараж», яғни – «хищение», екіншісі – «қылмысқа қатысушылық», яғни «соучастие» болып шығады. Бұл «қазаншының өз еркі ...» дегенге әкеледі. Бұлай кете берсе, бара-бара қазақша сөйлеп тұрып, бір бірімізді түсінбейтін боламыз. «Хулиган» – «бұзақы», «хулиганство» – «бұзақылық». Ал «мелкое хулиганство ше?» «Ұсақ бұзақылық» қой. Ал енді осы ұсақ бұзақылықты қылмыс емес «проступок» санатына жатқызамыз. «Преступление» – «қылмыс», ал «проступок» дегеніміз не? «Әбестік» деп аударамыз ба?, «теріс қылық», «тентек қылық» дейміз бе?. Осы тұрғыдан келгенде «проступок», «деликт» сөздерін «қиястық» деген жөн тәрізді. Қолданыстағы заңнамада «вменяемый» – «есі дұрыс», «вменяемость» – «есі дұрыстық», «невменяемый» – «есі дұрыс емес», «невменяемость» – «есі дұрыс еместік» деп аударылған.

Бір сөз қос сөзбен тіпті үш сөзбен берілген. Бұл – бір. Екіншіден, «дұрыс ес», «бұрыс ес» деген құбылыс бола ма табиғатта? Егер болады десек, қылмыстың жасалуы бұрыс естің, яғни есі дұрыс еместіктің салдары болуы керек. Ал заңға сәйкес есі дұрыс еместік үшін жауапкерлік туындамайды. Ендеше, осы терминдердің аудармасы есті, естілік, ессіз, ессіздік болуы керек. Америка қылмыстық құқығында «разумный адам» деген ұғым бар. Біздіңше «есті», «санасы бар адам» деген сөз. «Юридический» дегенді «заңи» деген дұрыс. «Мәдени», «әдеби» деген сөздер сияқты қолданысқа өте әдемі түсер еді. Сонда «юридическая литература» дегеніміз «заңи әдебиет». «Заңгер» – «юрист», сонда «заңгерлік кеңес» емес, «заңи кеңес». Заңгер кеңесті заңға сүйеніп береді. Өз жанынан шығармайды. Заңгерлік кәсіби қызметтің әдеби туралы сөз болса «заңгерлік әдеп» деу керек. «Заңды» – «законный». «Заңдық» – «относящийся к закону». «Заңдылық» – «законность». «Заңнама» – «законодательство», «заңдар» – «законы». Мүмкіндігінше орынды-орынсыз жұрнақ,

жалғау тіркелген, шұбатылған сөздерден аулақ болу керек. Мысалы, «потребность» – «қажеттік» деп көрдік, бірақ сөйлем құрастырғанда «қажеттілік» деген нұсқасы дұрыс-ау деп шештік. «Способность» – «қабілеттілік» болады, яғни «қабілеттік» емес. Дегенмен «справедливость» – «әділдік», «юстиция» – «әділет», «ответственность» – «жауапкерлік». Жауаптылық, жауапкершілік, жауапқа тарту деген баламаларынан осы дұрыс. Сол сияқты «правонарушение» – «құқықбұзу» болуы керек. «Нарушение» – «бұзу». «Разрушение» – «қирату». «Шы», «ші» жұрнақтары тым орынсыз қолданыла берген. Қазақша-орысша сөздіктерде осылардың екі және одан да көп нұсқасы жүр. Ол көркем әдебиет стилі үшін жарайды және қажет те. Ал заңнамада, заңи әдебиетте, ғылыми стильде бір ғана нұсқасымен беру керек.

Сондықтан «совершение преступления» тіркесін – «қылмысты істеу» деп аударған негізі дұрыс болғанымен, заңи әдебиетте «жасау» деп көбірек қолданылған соң, осы нұсқасына тоқтадық. Лаңкестік (терроризм), содырлық (экстремизм) деген сөздерге баспасөзде, сосын заңнамалық қолданыста жаңаша терминдік мағына берілгені сияқты «вымогательство» – «озбырлық» болғаны дұрыс. «Озбыр», «озбырлық» сөздері осы қылмыстың құқықтық табиғатына сай келеді.

Шындығында қолданыстағы «қорқытып алу» деген аударма бұрыс. Өйткені қорқытып алу – тонауға да, қарақшылыққа да және тағы басқа кейбір қылмыстарға тән құбылыс. Және тонау, қарақшылық қылмыстық құқық теориясына және еліміздің сот-тергеу тәжірибесіне сәйкес талан-таражға жатса, «вымогательство» талан-тараж болып саналмайды. Екі мәселеге көңіл аударсақ дейміз. Бірінші, қазақша термин қалыптастырудың алғашқы кезеңіне тән калькалық аударма кезінде кейбір ұғымдардың мағынасы ауысып кеткендігі.

Мысалы, қылмыстық құқықта кінәнің ерікті сәтін орысша «желание» деген соң қазақша «тілек» деп беріп жүрміз. Алайда, бұл сөздер адамның еркінен гөрі оның ниетін, пейілін (желание – намерение) сипаттауға жақын ұғымдар екені айқын. Адам еркі оның әрекетінен көрінетін психологиялық құбылыс. Бұл сәйкессіздік танымның алғашқы кезеңдерінде байқалмайды да, тиісті ғылым мен тәжірибе саласына неғұрлым тереңдеген сайын бірте-бірте айқын біліне бастайды.

Сөйтіп, ізденушінің аяғына тұсау болып шырматыла береді.

Ерікті (воляны), пейілді (намерениені) ұғындыратын сөзбен таңбалауда кеткен мағыналық ауысу жөнінде орыс тілді арнайы заң әдебиетінде де айтылған. «Желание» – «мотив» арасындағы байланысты, керісінше «воля» мен «желание» арасындағы алшақтықты, сәйкеспеушілікті ресейлік профессор В.В.Лунеев айқын көрсеткен. Яғни, бұл қазақ терминологиясына ғана қатысты мәселе емес.

Сондай-ақ умыселді – қасақаналық, қылмыс мотивін ниет, пейіл, пиғыл деп таңбалау заңи әдебиетте, нормативтік актілерде қалыптасып қалған. Сөйте тұра жаңадан шығып жатқан заңи әдебиетте умыселді ниет, пейіл, пиғыл деп тану, ұғындыру орын алып келеді. Заңнаманың да, жекелеген терминдердің де қолданыстағы нұсқаларын қалдыра берейік, үйренісіп қалдық деген бойкүйездік пен келісімпаздық жарамайды. Бүйте берсек, бара-бара шатасамыз, батпаққа батамыз.

Қазір көзімізге түскен, санамыз байқаған келеңсіздіктерді белсенді түрде түзететін кез келді. Бірақ бұрыннан бар терминнің орнына қисынсыз «әдемі» жаңа сөз ұсыну жөн емес. Соның бір мысалы, «Неке және отбасы туралы кодексте» еш бұлталақсыз «отбасы» делінсе де, АХАЖ қызметкерлерінің «жанұя» деп қолдануы – сөкет әрі заңға қайшы. Мәдениеттілікке жатпайды.

Мемлекеттілік пен тіл – бір бірінен ажырағысыз қос босаға. Ал біздің заманауи экономикамыз, саяси-құқықтық жүйеміздің мұраты осы құндылықтарға қызмет ету



болмақ. Бұлай етпесек, отарлықтан құтылдық, егемендік алдық деуіміз жалған. «Ғалымдардың басым тобы ұлт пен ұлттық мемлекеттің тарих сахнасынан ығысады» деген пікірдің айтылуының өзі қате деп есептейді. Жаһандану Азия мен Африка елдерінде ұлттық мәселелердің маңызы одан әрі өткір екенін көрсетіп отыр. XX ғасырдың екінші жартысында ондаған ұлттық мемлекет пайда болып, олар өз тәуелсіздігін қорғауға бел шешіп кірісіп отыр. Тіпті Еуропаның өзінде 15-тен астам Хорватия, Словакия, Македония сияқты мемлекеттер пайда болды. Мемлекеттік идея көптеген ұлттардың аңсаған арманы мен мұратына айналды. Демократия берік орнаған Еуропада шотландық, валлон, фламанд, баск, каталондықтар мемлекеттілік идея үшін күресуде. Косово тәуелсіздігін жариялап жіберді. «Ұлттың өмірде терең негізі барлығына, біртекті қандастарды біріктіретініне бүгінгі күні дәлел көп», – дейді Амангелді Айталы.

Осы арқылы қазақ мемлекеттігінің негізі қазақ тілінде екенін баса айтқымыз келеді. Оптимистік сценарийге жүгінсек, жаһандану – әлемде жүріп жатқан күрделі үдерістердің тек бір қыры ғана және уақыт пен кеңістіктегі мемлекеттілікті жоюға бір ғана көрінісі. Жаһанданудың қуаты ұлттық қандай қауқарсыз болса, ұлттың діні болар тілді де жоя алмайды. Тек оған өзіміз септеспесек болды. Адамзат әралуандыққа ұмтылады, таптаурын мен сұрқайлықтан қашады.

Олай болса, Жер шарындағы ірілі-ұсақты ұлттардың тілдерін жерлеуге, оның ішінде ана тілімізбен қоштасуға мүлде асықпайық. Тіпті ондай ой ойлаудың өзін күнә деп білейік. Ежелгі жазба мәдениеті бір кезде үзіліп, халықтың басым көпшілігі жазу-сызу білмеген күндердің өзінде ауызекі сөйлеу мәдениеті, ақпаратты жеткізу, сақтау қабілеті өте жоғары болған. Елдің бірлігін, жердің бүтіндігін, тілдің тұтастығын сақтай білген.

Ел басқару жүйесінде ру-тайпаларға бөлінсе де «қазақ тілі» деген қасиетті қадірлеген бабаларымыз, «ана тілі» деген ардақты атты иеленткен аналарымыз біздің бүгінгі тірлігімізге не дер еді?. Ұлттық, елдік, мемлекетшілдік намысқа негізделген құқықтық мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сана құқықтық болғанда ғана, мемлекет құқықтық болуына үміт туады. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру – жоғары деңгейдегі құқықтық сана мен мәдениет қалыптасса ғана мүмкін болмақ.

Конституциядан бастап бүкіл заңнама актілерінің тілі мүлтіксіз болуы шарт. Тіпті «Бір ел – бір заң» деген қағидатты өмірге енгізсек. Ондағы ой – ең әуелі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңын еліміздің барлық мемлекеттік органдары мен ұйымдар, беймемлекеттік құрылымдары мен азаматы оқысақ, білсек, түзесек, мүлтіксіз орындасақ, жүзеге асырсақ.

Тілді сақтау, дамыту, өзге тілдермен байланысын қалыптастыру тек тіл мамандарының ісі емес. Өйткені әр саланың өзіне тән білім жүйесі, соған сәйкес келетін терминологиялық қоры бар, соны игерген маманы бар. Осы маманның ықпалынсыз, оның белсенді қатысуынсыз тіл сол салаға енбейді. Бұл жерде сөз қазақ тілі жөнінде болып отырғаны мәлім. Сондықтан түрлі салаға қазақ тілін ана сүтімен бойына сіңірген, әрі орыс тілін жете меңгерген, қазіргі терминологиялық қордың ағылшындық, латындық, гректік түбірін тани алатын мамандар тартылуы тиіс.

Қолданыстағы заңнаманың қазақша нұсқаларының біз дайындаған бейресми мәтіндері заңнама жүйесінде әлі де орын алып отырған тілдік кемшіліктердің аз ғана бөлігін қамтығанымен, кемшіліктер жайында сын айтумен шектелмей, соларды жоюдың нақты үлгісін көрсетті. Сонысымен маңызды.

Осы үлгіні әлі де болса пысықтау, жетілдіру керек. Ендігі міндет осы бір жеке бастама аясында дүниеге келген бейресми нұсқаларды қалың жұртшылықтың

талқысынан өткізу, заңгер мамандардың, тілші қауымның, депутаттардың пікірін тыңдау, керек ұсыныстарды ескеру, өзге де заңнамалық актілердің қазақша мәтінін тілдік тұрғыдан бір жүйеге келтіру болмақ.

Бұл бір ғана авторлық топтың күшімен және жеке бастама аясында жүзеге асатын оңай шаруа емес. Мемлекеттік көзқарасты талап ететін шаруа. Мемлекеттің өзі мемлекеттік тілдің бүгінгі халін түзеймін десе, осы жеке бастаманы қолдауы, ұйымдық-қаржылай көмек беруі, білікті мамандарды бір жерге арнайы жинақтап, жағдай жасап, жұмыс жасатуы керек.

*Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті  
мемлекет және құқық теориясы мен  
тарихы, конституциялық құқық  
кафедрасының меңгерушісі,  
з.ғ.д. қауымдастырылған профессоры  
Ж. Ибрагимов*

### **СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ СӨЗДІҢ МАҢЫЗЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауында сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту туралы былай деп атап өтті: «Судьялар сот төрелігін тек заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып шығаруға тиіс. Судьялар жасағын қалыптастырудың тәртібін түбегейлі түрде қайта жасау керек»[1,2].

Жолдаудағы бұл басымдықтарды терең зерделей отырып, мұндай түбегейлі өзгерістер астарынан қазақ халқының құқықтық жүйесінің озық тәжірибесінің тарихи сабақтастығын зерделеу, кейбір қажетті тұстарын игеру қажеттігін көреміз. Ақиқаттың ақ туын көтеруші, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» қағидасын ұстанған қазақ билер сотының билік шығару, дауларды шешу, бітімге келтіру қырларына назар аудару қажеттілігі керек сияқты.

Осы орайда Елбасы жолдауда соттар тек өзінің ар-ожданы мен заң шеңберінде ғана шешім қабылдауға міндетті деп қадап айтты. Құқық қорғау саласындағы жүргізіліп жатқан кешенді өзгерістер соттар жасағын қалыптастыру тәртібін түбегейлі өзгертіп, жаңғыртқан күнде ғана өзін-өзі ақтаған іс боп шықпақшы. Сонымен қатар негізделмеген кейбір шешімдерді қайта қарауды заңды түрде шектеу мүмкіндіктерінің қажеттігі де баса айтылды. Барлық сот жүйесі, Жоғары соттан бастап өзінің қызметін жетілдіріп, біліктілігін және жауапкершілігін арттыру бағытында жұмысты дамытуды қолға алу қажет.

Осы бағыттағы сот жүйесін жаңғырту үрдісін қалыпты, жүйелі жүргізуде пайдалану үшін, біз дәстүрлі қазақ құқығындағы «дау» жүйесі және олардың реттелуін зерттеу заң ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі екендігіне назар аударамыз. Бұл мәселені зерттеу барысында көптеген құжаттардан қазақ мемлекетінде «алтын ғасыр» дәуірі болды деген деректерді жиі кездестіреміз. Сол дәуірдің озық ойлары, дауларды реттеудегі билік шешімдері ұлттың жадында қазіргі заманға дейін сақталып келеді. Қазақ қоғамындағы «алтын ғасыр» дәуірінде ақыл мен арды тең ұстаған қазақ билерінің есімдерімен байланыстырылатын «әділетті тәртіп» идеясы жатыр. Ал қазіргі таңдағы Елбасының ескертіп, біздің қоғамның да ұмтылып отырғаны осы идеяны толыққанды жүзеге асыру.

Өз заманындағы дауларды шешуде тек әділетті шешім шығарған, әрі шешен, әрі тарихы тұлға билер туралы, халық арасында: «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар», деген ұстаным қалыптасқан. Жалпы қазақ қоғамындағы соттардың тек заңның шеңберінде төрелік жасаған, әділ сот болғандығы туралы белгілі зерттеуші-ғалым А.И.Левшиннің еңбегінде былай айтылады: «Было время, говорят благоразумнейшие из киргизов(казахов-Ж.И.)Меньшей орды, когда и наш народ жил в покое, было время, когда у нас существовал порядок, были законы и правосудие»[2,169-170].

Қазақ көшпелі қоғамының құқықтық салт-санасы бойынша үлкен-үлкен дауларды тек атақты билер шешеді. Дәстүрлі қоғамдық-құқықтық саладағы жер дауын, құн дауын шешуге кез-келген би шешуге жіберіле бермейді. Тек «азуы алты қарыс» аузы дуалы билер жіберілетін. Сондықтан мұндай құқықтық талас-тартыс ахуалы «ердің құны, нардың-пұлы» деп аталатын.

Қазақ билерінің дауларды реттеуде тәуелсіз, заңды шешім шығаруы, ол шешімдердің міндетті түрде орындалуы билер сотындағы жариялылық үлгілерін көрсетеді. Дауларды шешудегі сот әділдігінің нысандары туралы зерттеуші А.Е.Алекторов өз еңбегінде былай деп жазады: «Каждый би и старик при разбирательстве дела считает священным долгом отказать тяжущимся полную беспристрастную справедливость. Он терпеливо выслушивает все малейшие подробности-как приносимой жалобы, так и оправдания и потом объявляет свое решение, принимаемое всегда беспрекословно и свято исполняемое»[3,2].

Бүгінгі таңда істерді қайта қарауға төменгі соттарға жіберіп, кейбір шешімдердің негізсіз шығарылатыны құқықтық тәжірибеде жиі кездеседі. Мұндай жағдайларға қарап, судьялардың істі қарастырудағы жұмыс уақыттарының зая кетіп қоймай, беделдерінің төмендейтінін көруге болады. Ар-ожданлы басшылыққа ала отырып сот төрелігін атқарған билердің беделі туралы ғұлама-ғалым Ш.Уәлиханов былай деп тұжырымдайды: «Значение биев основано на частном авторитете, который приобретают они так же, как в Европе поэты, ученые и адвокаты. Шекспир и Гете считаются всеми за великих поэтов, но мнение о гениальности их основано не на декретах правительств и не на формальных выборах народа» [4,77].

Қазақ руларының, ауылдарының жұрт жаңартып, малына жайылым қуып үнемі көшіп жүруі неғұрлым қонысы шалғай, атасы алыс рулармен қыз алысып, қыз берісіп қарым-қатынас жасауы, алыс-жақын демей бірін-бірі жиынға ас-тойларға шақырысып тұруы - осының барлығы, сайып келгенде бірыңғай халық тілінің, өзінің құқықтық мәдениетінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасалған. Ауыл мен ауыл, ру мен ру және азаматтар арасындағы дау-жанжалдарды шешетін жұрт көп жиналатын ас-тойлар, жәрмеңке-базарлар, «күнде кеңес құратын Күлтөбелер» билер мен шешендер мектебі. Шешен-билерге халықтың көрсететін құрметі мен беретін сыйы да дарынды, талантты жастарды сөз өнерін үйренуге, игеруге ынталандырған, итермелеген, сөз қасиетін құрмет тұтқан. Осыдан келіп талапты жастардың оқу білімі кенжелегенімен, сана-ілімнен кенже қалмаған, бүкіл елдің, қоғамның қарым-қатынасы ауыз-екі жүргізілген, барлық іс, дау-дамайы қолма-қол, бетпе-бет шешілген.

Отбасында баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған қазақтың шешендік сөз өнерін, әдет-құқықтық дәстүрлерді санасына түюді үйреткен. Яғни соттық қызмет барысында кездесетін даулардың шешімін қисынды сөзбен реттеудің әдіс-тәсілдеріне баулыған. Бүкіл қазақтың «төбе биі» атанған Абайдың әкесі Құнанбай да осы дәстүрмен баласын тәжірибесі мол ақсақалдар мектебінен өткізген. Кейбір деректерде А.Құнанбайұлы өзінің даулы істерін 13 жасынан бастап шеше бастаған деген мәліметтер кездеседі. Қазақтың белгілі жазушыларының бірі М.Әуезов Абай өмірін терең зерттей отырып былай деп атап көрсетеді: «Вращаясь в кругу изощренных вдохновителей межродовой борьбы, Абай, наделенный от природы недюжинными способностями, постигает тончайшие приемы ведения словесных турниров, где оружием служили красноречие, остроумие и изворотливость. Так как тяжбы решались на царском судом, а на основе веками существовавшего обычного права казахов, Абай должен был обратиться к сокровищам казахской народно-речевой культуры» [5,7-8].

Шын өнер иесіне оны қоршап, қолдап, сүрінсе сүйеп, жаңылса түзеп отыратын қамқор қауым керек. «Қар қылаумен, бала сылаумен» өсетіні сияқты өнер иесіне де білгір сын керек. Билік-шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне, қажетті жағдай-еркіндік, ешкімнен қысылмай, қымсынбай еркін сөйлеуге бостандық қажет. Сөз бостандығы болған жерде халық тағдыры шешіледі, сол халықтың ойы да, жігері де биік болады. Билер мен шешендер – халық үні, оны ел басшысына жеткізу – сөз бостандығы. Ертедегі тілімізде «би», «шешен» деген ұғым бір-ақ мағынаны білдірген. Бірақ би-шешен ең алдымен елінің тарихын, салт-дәстүрін, шежіресін, ұлылы-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе дау-дамай, соғыс-бітім мәселерін реттеп, халықтың әдет-ғұрпын жетік білуге тиіс болатын.

Дұрыс бағыт-бағдар алып, логикалық мәселелерді шешуді, сан қилы өмірлік мәселенің түпкі негізін табуды үйрену үшін қазақтың басқа да билері өмірлік тәжірибесі бар ауыл ақсақалдарынан тәлім-тәрбие алған. Әйтеке бидің де сот ісін жүргізудің қыр-сырын жас күнінен талаптанып мұқият игергендігі туралы біздің ойымызды мына дерек те қуаттайды: «оның ерекше талантына қауым мен ауыл ақсақалдары 5-6 жастан көңіл бөлген» [6,91].

Нағыз би-шешендер ел басшысының қаһарынан сескенбей, халық қамын ойлаған, өз құлқын ойламаған, параға сатылмаған батыл да, адал болуы шарт. Рухы биік халықтың ұрпағының да ұраны биік болуы – табиғи құбылыс. Шешендіктің тәлім-тәрбиелік мәнінің де мол екендігін айтпасқа болмайды. Өйткені, ол терең ойдың түкпірінен еленіп, екшеліп шыққаннан кейін, жалаң, жасық түрде туындамайды. Сомдалып, сұрыпталған сөздің бойынан адамгершілікті, әділдікті, ақиқатты аңғарамыз. Мәселен, Қаздауысты Қазыбектің Қоңтәжіге айтқан сөзінің негізгі түйіні екі елдің арасындағы бітімділікте жатқанымен, мазмұнының қаншама тағылымға тұнып тұрғанын көріп қайран қаласыз. Ал, Ағыбайдың әр түрлі өмірлік жағдайларда айтқан сөздері кішігірім поэзия. Жақсының жайсаңы болып табылатын батыр-билер өз заманындағы тұлғалы тұстарынан жоғары тұрған, ақиқатты аялап, әділдікті әлдилеген еңселі ер, әрі ірі тарихи бейне.

Сол дәуірдің дарабоздарымен дос-жаран болуы, қаһарынан қалың ел қорыққан хан-сұлтандардың өздерінің қаймығып, мойынсұнуы, айтқан сөздері мен жүргізген биліктеріне таңырқап таңдай қағып, шығарған үкімдерін халықтың қалтқысыз орындауы, билердің сол кездегі қазақтан шыққан саңлақтарының көш басында тұрғаны хақ [7,31].

Би – дипломат, әрі мәмілегер. Басында билердің Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ хандарының барлық елшіліктеріне қатысқаны, кейіннен Абылай, Кенесары хандарының Ресей, Қытай, Қоқан елшіліктеріне қатысқаны соның айғағы. Хандар өте жауапты деген руаралық келіссөздерге билерді жіберіп отырған. «Жауластырмақ – жаушыдан, елдестіркемк – елшіден», - дегендей, Қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би, Ағыбай және тағы басқа да билер бастап барған келіссөздер дұрыс шешіліп, әрқашан да олардың жолы болып отырған [8,25].

Сондықтан, ол жеке адамдар, ру-тайпа, ұлыс аралығындағы жанжалдарды ғана емес, ел мен ел арасындағы даулы істерді өз билігімен әділ шешіп отырған.

Билердің батырлығы – қолына қару алып, жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған қаһарлы хан-сұлтан немесе етекпен кесіп жең болмайтыны секілді елдесуден кеткен ежелгі дұшпан алдында тұр екем деп именбей, керекті жерінде алдаспаннан да өткір тілімен турап түсетін әділет сөзін айтуында деп санаған [9, 17].

Билердің әділ де, өткір сөздері еттен өтіп, сүйекке жеткеннің өзінде де, Жәнібек пен Керейден бастап, Абылай мен Кенесары заманында, кейіннен отарлау аппаратына

сенген аға сұлтандардың, ата жауларының өзі де оларға қарсы қылыш көтеріп, қарсы дау айтпаған. Оның дәлелі, олардың сан рет Жәнібек-Керейден бастап, Абылай, Кенесары алдарында «Хан кеңесінде» тайсалмай өз ойларын айтуы. Би - саясаткер, қоғам қайраткері. Би тек қана батыр болып қана қоймай, ол ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуге де ат салысқан. Хан қаншама қаһарлы болғанымен, бидің айтқан кеңестеріне құлақ асып отырған. Хан барлық күрделі мәселелерді тек «Хан кеңесінің» мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдап отырған. Кеңестің басым көпшілігі би-батырлар болатын. Ал, Қазақ хандығы, әскери мемлекет болғандықтан, билер ханның тек қана әскери кеңесшісі ғана емес, ол өмірдің барлық саласындағы ақылшысы болған. Оған мысал, Жиренше шешеннің, Бұқар жыраудың, Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбектің, Әйтеке бидің, Ақжолтай Ағыбай батырдың әрқашан да хан алдында халықтың атынан, халықтың қамқоршысы ретінде сөйлеуі. Хан өте ауыр шешім қабылдаудың алдында билерді шақырып алып, екеуара мәселені жан-жақты талқылап барып қана шешім қабылдаған [10,23].

Толыққанды би атану үшін жас билер әдеттік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін біліп қана қоймай, атақты билер мен даналардың таным логикасын тексеру сынағынан өтті. Сонымен қатар неғұрлым мықты би боламын деген адам, соғұрлым атақты да шешен бидің, абыз ақсақалдардың батасын алуы керек болды.

Академик С.Зимановтың сот жүйесіне арналған өзінің бір іргелі еңбегінде қазақ билерінің сынақтан өтуі туралы жүйелі тұжырымдары, Елбасының 2012 жылдың 27 қаңтарындағы Жолдауындағы сот жасағын қалыптастырудың тәртібін түбегейлі қайта қарау, құқық қорғау және арнаулы органдардың қызметкерлерін қайта сынақ өткізу міндеттері туралы идеяларымен ұштасып жатыр.

Қазақ мемлекет және құқық тарихының білгірінің пікіріне мұқият назар аударатын болсақ, осындай тарихи-құқықтық сабақтастықты байқауға болады: «Бидің нормативтік-құқықтық білімі мен оның ойлау үрдісінің ерекшелігі қашан да бірінші саптағы өлшемі болған. Егер соттық процестің және сотқа дейінгі процестің сайысушылығы, ашық, жария сипатын ескерсек, онда олардың зор мәнінің болғанын еске түсіреді. Әрине, таным біртіндеп келеді және өмірлік тәжірибе барысында жылдар бойы жиналады. Бірақ би болам деген адамда өзіндік өнерінің жас кезінен бастап-ақ байқалуы қажет. Қоғамның қазіргі және болашақтағы билерге қоятын талабы осындай болды. Билердің ешқайсысы, тіпті есейген шағында да мұндай кездейсоқ сынақтан тыс қаламын деп ойламаған» [11,16].

Дәстүрлі қоғамдық-құқықтық саладағы дауларды шешуде билердің жүргізген биліктерін тарихи-құқықтық талдаудың айрықша маңызы бар. Тарихи материалдар мен фактілердің негізінде жасалған ғылыми талдау қазақ қауымдастығында өзіндік орны бар саяси-әлеуметтік тұлғалар – батырлар, билер мен шешендердің атқаратын рөлімен жан-жақты танысуға мүмкіндік беріп, олардың бүгінгі және келешек ұрпақтар өтеміне де жарайтын ұлағатты сөздерінің қадір-қасиетін саралауға жол ашады.

Дүние жүзінде, қазақ елі түрме салмаған, шыңырау зыңдан қазбаған бірден-бір ел. Бұл бірге тәжірибе, ойлап қарасақ, әлемдік өркениет тұрғысында әйгілеуге тұрарлық құбылыс. Осы қазақ қоғамында үлгілі, әділетті тәртіптің болуына атақты билер көп еңбек сіңірген. Қалай болғанда да, сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарып келген билердің соттық қызметін зерттеп, дауларды шешуде шығарған үкімдерін үлгі ету керек.

Қазақ билер сотының дауларды шешуі, шешендігі мен биліктері әлі күнге дейін

тарихи-құқықтық тұрғыдан арнайы зерттелмегендігі – бұл мәселені әлі де терең зерделеуді қажет етеді. Зерттеу барысында билердің жер дауы, жесір дауы, барымта таластарында айтқан биліктері тарихи-құқылық материалдар негізінде қаралып, алғаш рет аталған салада жан-жақты зерттеліп, құқықтық тұжырым жасалуы керек.

Қазақ қауымының елі тәуелсіздігін жаңғыртқан кездегі негізгі парызының бірі – елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу, ата-баба салт-дәстүрлерін, ұлтжандылықты, елжандылықты бойына жас кезінен дарыту. Халқымыздың ата дәстүрі – елін, туған жерін көзін қарашығындай қорғау дәстүрі. Бұл киелі ата-баба мұрасы, оның ұрпақтарға айтып кеткен өсиеті.

Халқымыздың «Елге бай құт емес, би құт» деген көрегендік өнеге-өсиетінде терең мағына жатыр. Тәуелсіз мемлекеттің саяси-құқықтық ғылымындағы дәстүрлі қазақ құқығы саласын дамыту барысында, қара қылды қақ жарған билерді, жүрек жұтқан батырларымыз бен кемеңгер хандарымыздың кім болғанын, олардың әрқайсысының қоғамдағы, тарихтағы атқарған, тындырған істері мен орны туралы әділет көзімен жан-жақты зерттеп, бүгінгі жас ұрпаққа ұғындырып бағу – біздің азаматтық парызымыз.

Ел арасынан суырылып шаққан сұңғыла шешен-билердің дауларды реттеудегі шешімдеріне әділ баға беру, олардың осы күнге шейін халық жадында ұмытылмай келе жатқан әділ биліктерін, айтылған өнегелі сөздерін саяси-құқықтық тұрғыда талдауға, егемендік алуымызға орай туындаған мүмкіндік көп бағытқа жаңаша көзқарас жасап, пікір айтуға жағдай жасалып отырғандықтан, ғылыми түрде тың тұжырымдар жасауды талап етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты атты халыққа Жолдауы//Егемен Қазақстан.28.01.12 .№41-42(2114)
- 2 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайасцких орд и степей. Спб, ч. III,1832
- 3 Алекторов А.Е. «Киргизская степная газета».1890,№2
- 4 Валиханов Ч.Ч.Собрания сочинений.В пяти томах.Том 4; Алма-Ата,1985
- 5 Ауезов М. Жизнь и творчество Абая Кунанбаева.-в Сб: «Жизнь и творчество Абая». Алма-Ата,1954
- 6 Есламғалиұлы М. Әйтеке би. Алматы,-Жеті жарғы.1988
- 7 Зиманов С.З. Состояние и задачи разработки обычного права казахов. Алма-Ата. 1989.
8. Уәлиханов Ш. 5 томдық шығармалар жинағы. Алматы. 1961.
- 9 Есенберлин І. Көшпенділер. Алматы. 1998.
- 10 Алтайбай Ж. Ағыбай батыр. Алматы. 1977.
- 11 Зиманов С.З. Қазақтың билер соты-бірегей сот жүйесі.-Алматы:Ата-мұра,2008.-216б

*Қоғам қайраткері,  
Ш.Шаяхметов атындағы  
тілдерді дамытудың республикалық  
үйлестіру-әдістемелік орталығы  
директорының орынбасары  
О. Асанғазықызы*

## СОТ ТӨРЕЛІГІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖҮРГІЗУ – СУДЬЯЛАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫ

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында соттың биліктің қуатты бір тармағы ретінде мемлекеттік тілді дамытуда атқаратын нақты қадамдарын анықтап берді. Сонымен қатар ұлттың басты тірегі тіл екенін, ал халқымыз үшін ана тілі қазақ тілі екенін талай мәрте айтқан болатын. Қоғамның жаңғыруы ұлттық кодтан бастау алатынын да уәжді түрде атап өтті. Осы ретте рухани жаңғыру саяси және экономикалық жаңғырудың өзегіне айналуы тиіс. Жана тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты да ұлттық кодты сақтай білуде. Ұлттық код, ұлттық қасиет – ұлттың тіліне барып тіреледі. Қазақстан Республикасының Ата Заңында, «Тіл туралы» Заңымызда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі болып бекітілген.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Мемлекеттік тіл – елді саяси және рухани ұйыстырудың аса маңызды факторы. «Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» – деп атап көрсетілгенмен, ширек ғасыр өтсе де, сот төрелігін жүзеге асыру, іс қағаздарын жүргізу жөніндегі деңгейлік көрсеткіш әлі де болса 20-25 % төңірегінде аспай тұр. Ақталуға да түрлі сипаттағы желеу көп.

Соның бірінде «Сотқа талап-арыз, шағым қай тілде түссе, сол тілде іс қараймыз» дегенді алға тартады. Егер де елшіл судьялар ұлтының патриоты ретінде халыққа талап-арызды, шағымды қазақ тілінде түсірсе, істі қазақ тілінде жүргізе алатынын жеткізсе, көрсеткіш өзгерер еді. БАҚ арқылы халыққа насихат жұмысын жүргізу талап деңгейінде деп айту қиын. Көбінесе адвокаттар орыс тілді болып келетінін алға тартып, сыныққа сылтау табылғанына мәз болып жатқаны тіптен де қаныңды қайнатады?!

Судья Әділет министрлігінің алдына «Адвокаттарға лицензия бергенде осындай жоталы түйіндер ескерілсе» деген ұсыныс жасау қажеттігін қаперде ұстаса өз ісіне және еліне деген адалдығын жарқырата көрсетер еді ғой. Кемел істе ұйыса білсек, алынбайтын қамал жоқ.

Ана бір кездері Астана, Екібастұз қалаларының соты Ішкі істер департаментінің бөлім басшылары, Кеден, Салық, Сәулет-құрылыс, Жер комитеттерінің басшыларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізгені бар. Онда осы мәселе іскерлік әрі кәсіби байыппен арнайы қаралып, мемлекеттік тілде іс қарау пайызы біршама көтерілген болатын.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің



ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп нақты атап көрсетті.

Бұл бағыттағы кемелділіктің бастауы іспеттес мемлекеттік маңызы зор «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде көптеген істер атқарылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 100 томдық «Бабалар сөзі» жинағы жарық көрді. Онда ұлтымыздың сарқылмасы қазынасы саналатын әрі тіліміздің сот саласындағы кәсіби біліктілік тұрғысындағы биік тұғырын танытатын шешендік өнері толық қамтылды.

Міне, осынау ілкі қасиеттерді барынша жаңғырта отырып мемлекеттік тілдің соттар арасында қолданылуын арттыру мақсатында жылына төрт рет Наурыз мерекесі, Конституция күні, Тіл мерекесі, Тәуелсіздік күніне орай жарыстар өткізіліп отырса, құба-құп болар еді. Мемлекеттік тілде талап-арыз беретін мемлекеттік мекемелерді, адвокаттарды осы мерекелерде «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп марапаттап отыруды қолға алсақ еш артықтығы жоқ.

Сот төрелігін мемлекеттік тілде қараған судьялардың үлгілі еңбектері БАҚ-та насихатталуы керек. Ал мемлекеттік тілде берілген талап-арызға «Мен қазақ тілінде іс қарай алмаймын, талап-арызды орыс тілінде қайта жаз» – дейтін соттарға қатал шара қолданылуы тиіс.

Жалпы сот төрелігін мемлекеттік тілде жүзеге асырып, істерді осы тілде қарауға толық құқықтық негіз бар. Лексикалық қор жеткілікті, соттар құрамының мүмкіндігі мол. Олай болса, Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды».

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді атам қазақ. Сол төрттің бірі – адамның жеке басы. Күні бүгінге дейін «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі № 2923 Жарлығын көптеген соттар ескерусіз қалдырып келеді. Екіншісі – отбасы.

Көптеген сот өкілдері өз отбасында қазақ тілінде сөйлемейтіні шындық. Олар ұл-қыздарының орыс, ағылшын тілдерін меңгергеніне мақтанады, бірақ ана тілін білмейтініне ұялмайды. Осындайда Халел Досмұхамедұлының «Өз тіліңді біліп тұрып, өзге тілде сөйлесең – сүйініш, өз тіліңді білмей, өзге тілде сөйлесең – күйініш» деген сөзінің даналығына иланасың.

Әрине балаларымыздың үш тіл білгеніне ешкім қарсы емес. «Жеті жұрттың тілін біл» дейді атам қазақ. Десе де сол тілдердің негізгісі қазақ тілі болуы керек. Елбасы 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясында: «Қазақстандықтар үш тілді білуі керек: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі. Бірақ қазақ тілі үш тілдің бірі емес, біріншісі,

негізгісі, маңыздысы. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі», – деп атап өтті. Үстіміздегі жылы Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы өтті. Сонда Италия, Германия, Ресей, Франция елдерінен келген қандастарымыз жеті тіл білетіндерін айтты. Ең бір сүйсінерлігі, олардың бәрі 10-15 минуттық баяндамаларын ана тілдерінде жасады. Міне, біздің еліміздегі соттарға осы азаматтар үлгі болуы керек.

Біз өзіміз сот істерін мемлекеттік тілде жүргізуге кедергі келтіретін нәрселерді жоюға талпынбасақ, сырттан ешкім келіп бізге көмек қолын созбайды. Өзіміз шеше алатын мәселенің түйінін өз арамызда тарқатып, азаматтық жауапкершілік сезіммен атқарып отыруымыз керек. Оған елімізде барынша жағдай жасалып отыр. Ынта мен талап болса, алынбайтын қамал жоқ. Тілді оқыту мен ресми іс-қағаздарын жүргізудің құжат үлгілері, тіл үйретудің әдіснамалық материалдары заманауи талаптағы

сайттарды берілген.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы «Тіл әлемі» порталына қазақ тілін үйретудің озық әдістемелерін жариялады.

Сол арқылы онлайн түрде оқып-үйренуге болады. «Termincom.kz» сайтына тіркеліп, сот ісі терминдеріне қатысты сұрақ қойып, білікті мамандардан кеңес алуға болады. Сол секілді дұрыс жазу нормасын сақтау үшін «Емле.кз» сайтына кіріп, сөздердің дұрыс жазылу емлесін көруге болады. «Атау.кз» сайтына кіріп, елді мекендердің, нысандардың атауы туралы ақпарат алуға болады.

Жақында ғана іске қосылған «Qijat.kz» сайтынан қазақ тіліндегі құжаттаманың жазылу үлгісімен танысуға болады. Сондай-ақ жылдың соңына дейін «Tilmedia», «Bala тілі» сынды жаңа сайттар іске қосылады.

Осы орайда Сот төрелігін мемлекеттік тілде жүзеге асыруға ниетті соттарға көмек қолын созуға әрқашан дайын екенімізді жеткізгіміз келеді.

Мемлекеттік тілге деген жауапкершілік пен құрмет еліміздің әрбір саналы азаматының басты парызы. Сондықтан да елдік істерде елдік мінезбен танылайық, ағайын!

*ҚР Жоғарғы соты жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
философия ғылымдарының  
докторы, профессор  
Т. Бөрібаев*

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Соңғы кездері мемлекеттік тіл туралы тағы айта бастадық. Бір кездері бұл тақырыпты қозғай беріп қайтеміз, мәселе бәрібір шешілмейтін түрі бар, жауыр болған әңгімені айтып, жүрек сыздатып, бас ауырта беру қаншалықты қажет деген ойдың да көпшілік санасында қылаң бере бастағанын жасыра алмаймыз.

Тіпті, бұл тақырыпты қозғандарға «ұлтшылдар» деп айдар тағылып, оларға тіпті өз қандастарымыз тарапынан « қоғамның мазасын ала бермеңдер», «ұлтаралық алауыздықты тудырмандар», деген ескертулер де айтылмай қалмады.

Бұл мәселені қозғағандарға сақтықпен, тіпті үреймен қарайтын топтар да пайда болды. Нәтижесінде, кейбіреулер бұл тақырыпты айналып өтуді машыққа айналдырды. «Бәлесінен аулақ», жазықсыз істі болып кетерміз деген үрейде көпшілік санасында қалыптаспай қалмады.

Мемлекеттік тіл туралы әңгіме - от басы, ошақ қасы деңгейіне ауысты. Асқақ арман сүйріктене бастады. Қазақ тілі тәуелсіздік негізі, қазақ тілі - қоғамды біріктіруші күш, қазақстанның болашағы қазақ тілінде деген ұранды сөздерге жұрт сенімсіздікпен қарайтын болды. Қысқасы сенім азайып, үміт үзіле бастады.

Мемлекеттік тілдің болашағы бұлыңғыр тартып, кейбір ата-аналар балаларын орыс мектептеріне қайта бере бастады. Ондағы басты себеп, қазақ тілінде білім беру сапасы төмен, мемлекеттік тілде алған білімге деген сұраныс жоқ, ол - бәсекеге қабілетсіз, қолдану аясы тар, сұраныс жоқ, мемлекеттік мекемелер орыс тіліне басымдық береуде деген сөздер мен ұстанымдар адамдардың мінез-құлқы мен ұстанымында орныға бастады.

Кейбір ағайындар балаларын ағылшын тілінде оқытамыз деп, шет ел аса бастады. «Үш тілдік» саясатта қоғамда әртүрлі ой туғызып, түсініксіздік пен үрейді еселей түсті. Кейбір ұлт зиялылары ұлтты мәңгірттендірудің қысқа жолы деп те айта бастады.

Айналып келгенде осының бәріне кінәлі - «орысшыл билік», қоғамның құлдық психологиясы, ұлттың өз құндылықтарын қорғау мен сақтаудағы табансыздығы мен жігерсіздігі, мемлекеттік тілді қорғау мен дамытудағы заңның әлсіздігі, дұрыс ұлттық идеологияның жоқтығы, ұлттық ақпараттық кеңістіктің басқаның қолында болуы деген ой пікір қоғамда басымдыққа ие бола бастады.

Тіл жанашырларының пікірінше мемлекеттік тілдің мәселесін шешетін бір ғана тетік бар. Ол – Конституциядан орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастау! Онсыз 7 -баптың 1 тармағы – «ҚР-да мемлекеттік тіл-қазақ тілі» деген бап ешуақытта орындалмайды дейді.

Осындай жағдайда мемлекеттік тілді дамытудың басқа да қандай жолдары бар деген заңды сұрақ туындайды.

Жоғарда айтылған ойлар мен ұстанымдарға не деп жауап беруге болады? Мәселенің ақиқаты қайда? Айтылған мәселелердің шешімі қандай?- деген сұрақтар кімді де болса мазалары сөзсіз. Әрине, аталған мәселелерді назардан тысқары қалдыруға, немесе, ақпарат бетінде көтерілген мәселелердің барлығы шындықтан

алшақ деп айту ақиқатқа жасаған қиянат болар.

Мемлекеттік тілдің жағдайы өте жақсы, ешқандай мәселе жоқ деп көзбояушылық жасауда ардың ісі болмас. Мемлекеттік тілдің жағдайы сын көтермейді деп кесіп айтып, үзілді - кесілді тұрғыдан баға беру де бізді шындыққа жақындата қоймас. Олай болса, шындық - қарама-қарсы пікірлердің тоғысқан жері болса керек. Тоғысқан пікірлерді бір қалыпқа түсіретін, оған сыншы болатын да уақыт, заман ағымы. Осы тұрғыдан келгенде бұл мәселеге салыстырмалық әдіс тұрғысынан қараған дұрыс деп ойлаймыз. Өйткені, тарихи салыстырмалық әдісі тұрғысынан мемлекеттік тілдің даму динамикасы мен тенденциясын көруге болады. Сол көрсеткіштердің бірі тәуелсіздік жылдарында пайда болған қазақ мектептері мен қазақ тілінде мектеп бітірген түлектер санының өсуі.

Мәселен, 1991-1992 оқу жылында қазақ тілінде барлық оқушылардың 28 пайызы ғана оқыса, қазір бұл көрсеткіш 70 пайызға жуықтады. Осы қыркүйек айында 1 сыныпқа барған оқушылардың 89 пайызы қазақ мектебін таңдапты. Яғни, бұл дегеніңіз – мемлекеттік тілге деген қажеттіліктің өскеніне дәлел. [1].

Жоғарғы оқу орындарындағы қазақ топтарының үлес салмағының көбейуі, БАҚ мен әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілдің кең таралуы, мемлекет тіліндегі балалар бақшаларының ашылуы, мемлекет органдарында іс-қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуі т. б. жетістіктерді жатқызуға болады. Бұл жетістіктер кешегі тоталитарлық қоғамда түсіңе кірмейтін жетістіктер екені белгілі. Біз оны қазақ қоғамының осындай күрделі мәселені шешу жолындағы алғы бастаулары, алғы шарттарының қалану кезеңі деп бағалауымыз керек.

Әрине, бұл жетістіктер тәуелсіздіктің 25-жылдығын артқа тастаған қазақ қоғам үшін өте маңызды қадамдар. Ең бастысы қоғамдық санада тәуелсіз мемлекеттің ән ұраны, елтаңбасы, туы, сонымен бірге тілі болуы керек деген ұстаным нық орныға бастады. Бұл біріншіден.

Екіншіден, қоғамда, мемлекет органдарында мемлекеттік тілге құрметпен қарау, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілде сөйлеу қажеттігін түсіну деңгейі өсті.

Үшіншіден, іс-қағаз айналымында, заң шығару барысында мемлекеттік тілге ден қоя бастадық.

Төртіншіден, халықтың қазақ тілінде сөйлеу дәрежесі өсті.

Міне, бұлардың барлығы кешегі тоталитарлық қоғам кезеңімен салыстырғанда ілгерлеу болып табылары сөзсіз. Әрине, бұл жетістіктер бүгінде тәуелсіздік талаптарын қанағаттандыра алмайтыны белгілі. Дегенмен де, бұл істегі басты мәселе ол - алға ұмтылу тенденциясының бәсеңсімегені.

Олай болса пессимистік сарынға салынып, мәселеден теріс айналуға, немесе басын құмға тыққан «түйеқұс» тәрізденуге әсте негіз жоқ. Бола қалған жағдайда, бұл болашақ ұрпақ алдында жіберілген кешірілмес күнә болары сөзсіз.

Рухани жаңғыру - сана сілкінісін қажет етеді. Рухани жаңғырудың кепілі сананың өзгеруі. Сана өзгермей мемлекеттік тілге деген қатынаста өзгермейді. Себебі, кешегі тоталитарлық жүйе қалыптастырған менталитет қазақ тілінде емес, басқа тілде (орыс тілінде) дамыды. Соның негізінде тілдік мінез-құлық, дүниетаным, қарым-қатынас, психология, әлеуметтік орта қалыптасты. Қалыптасқан тілдік ортаны өзгерту әзірге мүмкін болмай отыр. Сондықтан тілдік ортаны өзгерту қоғамды рухани жаңғыртудың басты мақсаты болмақшы.

Бүгінгі қазақ тілінің даму деңгейі ұлттың ментальдық болмысының көрінісі. Қазақстандықтардың санасы бұл мәселеде кешегі тоталитаризм қалыптастырған стереотиптер жүйесі шеңберінен шығалмай отыр десек артық айтпаған болармыз.

Бүгінгі орыс тілді орта көпшілік үшін тиімді, ыңғайлы, жайлы болып отыр. Оның үстіне қалыптасқан ортаны сақтап қорғайтын ішкі және сыртқы күштерде жеткілікті. Олардың ықпалы әлі пәрменді және нәтижелі. Бұл тілдік кеңістіктегі рухани жаңғыруды жүзеге асырудың басты кедергісі.

Екінші кедергі - ол ұлт менталитеті. Бүгінгі ұлт менталитетінің басты ерекшелігі оның жалтақтығы, жасқаншақтығы табансыздығы. Жалтақ адамның өз еркі болмайтыны да белгілі. Солқылдақ адам тіл үйренуге ниетсіз, құлықсыз. Жалтақтық тұрақсыздықты білдіреді. Тұрақсыздық еліктегіштікке итермелейді. Еліктегіштікте өзіндік ұстаным болмайды. Ол қашанда біреудің жетегінде жүруге дайын. Еліктегіштік рухты әлсіз етеді.

Нәтижесінде ондай адам өзіндік еркін ойдан, іс-әрекеттен ада болады. Оның іс әрекеті мен дүниетанымы қашанда еліктеу объектісімен шектеліп отырады. Бұл психологиялық кедергілер нәтижесінде адамдар бойында күмән мен үрей туғызып, қазақ тілінің болашағына деген сенімді азайтады. Үрей адамдардың жауапкершілігі мен белсенділігін шектеп, тілдік қиындықтарды жеңуге тұсау салуда.

Осындай ішкі кедергілерді жеңу ұлт менталитетін өзгертудің алғы себептері болуы тиіс. Олай болса, бұл мәселе рухани жаңғырудың стратегиялық бағыттарының бірі болмақшы.

Мемлекеттік тіл -рухани жаңғырудың негізі дегенде айналып өтуге болмайтын тағы мәселе ол «Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде» деген ұстаным.

Рухани жаңғырудың да барар жері, мақсаты мен міндеті де осы ұстанымды нығайтуға, оны тәуелсіздіктің тірегіне айналдыру болып табылмақшы.

Өткен ғасырдың басында Алаш зиялылары қазақ тілінің болашағын қазақша оқу мен білім беруден іздегені белгілі. "Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі... Елді түзетуді біз әуелі бала оқытуды түзеуден бастауымыз керек"-деген екен А. Байтұрсынов [1].

Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деген тұғырнаманы жүзеге асырудың бірақ жолы бар, ол қазақша білім алу, қазақша оқуды мемлекеттік деңгейде қолға алу. Бүгінде солай болуы керек.

«Монтескьенің: "Бағынышты халық қашан өз тілін біржолата ұмытқанша ел болудан үмітін үзбейді", - дейтін әйгілі сөзінен шығарып, "сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады" деп күйзеле дабыл қағып өткен сабаздар, ең алдымен, төл тілімізде оқытуға, оны үздіксіз дамытуға баса назар аудартуға қажетті бар амалдардың бәрін де істеп бағыпты. Мектепте оқып жүргенде, орысша "русский язык", "родная речь", "чистописание" пәндеріне жарыстырып, "қазақ тілі", "ана тілі", "көркем жазу", "тіл дамыту" дейтін сабақтар оқып, қаралай көңілінді үздіктіреп бірінен бірі өткен әсем атауларына таңғалушы едік.

Ол кездегі тіл мен әдебиетіміздің оқулықтарын былай қойғанда, математика, физика, география, табиғаттану оқулықтары қазақша қалай-қалай сайраушы еді?! Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, түбір, жалғау, жұрнақ, үстеу, зат есім, сан есім, сын есім, етістік, көсемше, есімше, шылау, одағай, нүкте, дәйекше, үтір, тырнақша, кеңістік, биіктік, жазықтық, көлбеу, тік бұрыш, сүйір бұрыш, доғал бұрыш, тежеліс, қозғалыс, үйкеліс, үдеу, оттегі, сутегі, көміртегі, қышқыл, сірке су, етқоректі, сүтқоректі, қосмекенді, тікенжапырақты, қылқанжапырақты, т.т. Шіркіндердің сөз саптастары қандай еді?! Сананды кідіртер, тілінді мүдіртер кедір-бұдырдан атымен ада еді ғой!

Оқығаныңда, ойыңды елпілдетіп, ілгері жетелеп, қаралай қызықтырып, құнықтырып, тас бұлақтың суындай қайнап шығып, мөлдірей тұнып, өз-өзінен

лақылдай төгіліп, асып-тасып жатушы еді-ау...

Сөйтсек, енді түсініп отырмыз, оларды жазғандар мен қазақшалағандар, негізінен, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов, Халел Досмұхамедов, Құдайберген Жұбанов, Әлімхан Ермеков, Нәзір Төреқұлов, Жүсіпбек Аймауытов, Санжар Аспандияров, Жақып Ақбаев сынды ұлт көсемдерінің алдын көріп, дәрісін тындап өскен өнегелі ұрпақтың өкілдері екен ғой!»-деп жазады Ә. Кекілбаев.[3].

Рухани жаңғыру қазақ қоғамының алдында тағы бір өзекті, тарихи мәселені алға тартып отыр. Ол - қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесі. Латын графикасына қазақ тілін көшіру қазақ қоғамы үшін тарихи және өркениеттік таңдау болып отыр. Десекте, қоғамда бұл мәселеге қатысты екі көзқарас қалыптасуда.

Бірінші көзқарас бойынша латын графикасына көшудің негізінде саяси ұстанымдар жатыр. Ондағы басты мақсат «орыс әлемінен» кету деген ойды алға тартуда. Бұл көзқарасты негізінен сыртқы күш иелері нақты да анық білдіруде. Олардың ең басты кемшілігі тарихи, лингвистикалық, технологиялық, коммуникативтік, ғылыми, өркениеттік факторларды есепке алмай отырғандығын айта кеткен жөн.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да осы көрсетілген факторларға ерекше назар аударғаны белгілі.

Екінші көзқараста басымдыққа ие болып отырған ой, ол латын графикасына көшу қазақ тілі үшін не береді, қазақ қоғамы «дүбәрә» сауатсыз болып қалмай ма?- деген ойлар көпшілікті мазалайды. Латын графикасына көшу ағылшын тілі мен орыс тіліне басымдық беруге әкеп соғады, қазақ тілі тағы да сол қорғансыздың күнін кешіп қалады деген ойларға келіп тіреледі. Кирилица негізінде жасалған және жарық көрген көпжылғы рухани еңбектер, әсіресе әдебиет, өнер, ғылыми еңбектер қайда қалады деген ойлар зиялы қауымды мазалайды.

Біздің ойымызша, қазақ тілінің латын графикасына көшу ХХІ ғасырда болып жатқан күрделі экономикалық, технологиялық, ғылыми өзгерістерге байланысты екені сөзсіз. Латын графикасына көшу тілдің ішкі заңдылықтарын сақтауға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға өз септігін тигізері сөзсіз. Ұлы жолдағы қазақ қоғамын жаңғырту керітартпалық пен науқаншылдық қасиеттерге де қарсы бағытталуы керек. Ол үшін үгіт насихат, түсіндіру мен ұғындыру, көзі мен көкірегін заманауи тұрғыдан ашу бүгіннің ісі болуы керек.

Рухани жаңғыру «үш тілділік» қағиданы да жүзеге асыруға тура келеді. Кезінде Абай өзінің жиырма бесінші қара сөзінде «орысша оқу керек, хикметте, мал да, өнер де, ғылым да-бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Аның үшін олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады орыстың тілін меңгерсең дүние, мал арзанға түседі»- деп еді.[4].

Бүгінде, ағылшын тілін білсең дүние арзанға түседі, бәсекеге қабілетті боласың, әлем халқының тең жартысының астамымен тіл табысасың, ғылымы мен технологиясын меңгеруге мүмкіндік аласың, өзінді басқалармен терезең тең болады дейтін болдық. Ал, қазақ тілінің латын графикасына ауысуы сол ұлы жолдағы алғашқы қадам болса керек.

Осы тұста Мыржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» атты ұраны еске түседі:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,  
Қазағым енді жату жарамасты.  
Қызығып қызарғанға кеткендер көп,  
Шен алып дәрежеге жеткендей боп.  
Ойлады өз пайдасын халықты сатып,  
Қазақты ең керексіз еткендей боп.  
Тұманға кірді қалың біздің қазақ,  
Арты жар, алды тұйық – бұл не ғажап?  
Адасқан ағайынға басшы болып,  
Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ.

Рухани жаңғырудың бастауы да осы болса керек. Ол бастау - сананы ескі түсініктермен жалған ұғымдардан , бөтен жат түсініктерден тазартудан бастау алуы тиіс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. А.Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы,1991 жыл, 252-бет.
2. Ана тілі газеті. Демография дем бере бастады. Ербол Тілешов
3. Ә.Кекілбаев Абай-Ақпарат. Тіл және тәуелсіздік 25 маусым - 20 шілде, 2006 жыл. Алматы-Астана.
- 4 . Абай. Қара сөздер. Алматы: «Көшпенділер» баспасы,2007. 59-60бет.

*Ақмола облыстық  
сотының төрағасы  
Д. Әміров*

## **СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ОРНЫ: КЕДЕРГІЛЕР МЕН КЕҢІСТІКТЕР**

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған бойда қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялағандығы баршамызға мәлім. Ол жөнінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі деп еліміздің ата заңы Конституциямыздың 7-бабының 1-бөлігінде көрсетілген.

Яғни қазақ тілі - шиеленіскен дауларды орақ тілдің арқасында бір ауыз сөзбен шешкен бабаларымыздың асыл мұрасы, ұлттық мәдениетіміз бен әдет-ғұрып, салт-санамыздың мәйегі.

Егемендіктің 26-шы жыл қарсаңында, өкінішке орай әлі де, қазақ тілінің бүгінгі хал-күйі, қолданыс аясы кімді болса да қатты толғандыратыны анық. «Қазақ тілінің қадамы неге тұсаулы?» - деген сұраққа жауап таппай жерге қарайтындай күйге түсетінімізді жасыра алмаймыз.

Әйтсе де, себеп-салдары да, қатпарлы астары да жеткілікті бұл сұраққа бір ауыз сөзбен шешімді жауап беру, толыққанды пікір айту әсте мүмкін емес. Сөз қадірін өз қадірінен кем көрмейтін халқымыз туған тілімізге «толғауы тоқсан» деген сөзді бекерден- бекер тіркестірмеген шығар деп ойлаймын.

Бүгінгі күнге дейін қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында көптеген шаруалардың атқарылғандығын жіпке тізгендей санамалап беруге болады. Мысалы ретінде: Президенттің 1996 жылдың 4-ші қарашадағы «Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы туралы» Өкімі, 1997 жылдың 11-ші шілдесіндегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы « Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлықтарын және тағы басқа шараларды атауға болады.

Міне, осындай шаралар - туған тілімізді өркендетуге жаңа серпін беріп қана қоймай, мемлекеттік тілдің қордаланып қалған мәселелерін қозғап, кең қанат жаюына нақты қадам жасалғанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылдың 14-ші желтоқсанындағы Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарамайық.

Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» - деген еді.

Сонымен қатар, « Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында: "Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек» деп көрсеткен.

Бағдарламаның басты мақсаты - Қазақстанда тұратын барлық этностардың



тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты.

Мұндай бағдарламалар қазақ тілінің ауызекі сөйлеу деңгейіне де, әдеби және мәдени сапасының тиімділігіне де оң әсерін тигізері сөзсіз. Олай болса, туған тілімізді шұбарламай, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге ат салысу - біздің басты борышымыз.

Тілдің мәселесі - ұлттың мәселесі. Тіліміздің мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Қазақ тілі - Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.

Елбасы ҚР Парламентінің бірлескен отырысында Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында 2020 жылға қарай Қазақстан халқының 95 пайызы қазақ тілін меңгереді - деп меже қойды.

«Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңының 4-бөлігінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу және Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы екендігі атап көрсетілген.

Мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазақ тілінің сот жүйесінде, мемлекеттік мекемелерде қолданылуы бүгінгі күні маңызды сұрақтардың бірі болуда.

Ата Заңымыз-Конституцияның 7-бабының 2-бөлігінде - мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы атап көрсетілген. Мұны егер қажеттілік болған жағдайда ғана ресми түрде қазақ тілімен тең дәрежеде қолданылады деп ұғынғанымыз абзал.

Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз.

ҚР «Тіл туралы» заңының 13-бабында «Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады» деп көрсетілген.

Аталған Занның 14-бабында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде жүргізіледі - делінген.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 738-бабының талабына сәйкес Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) сот ісін жүргізу тілін өзгерту қажет болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Бұл барлық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер мемлекеттік тілде жүргізілуге тиіс, егер қажет болған жағдайда уәжді қаулымен іс жүргізу тілі өзгертілетіндігін нақты көрсетуде.

Ал, бізде бәрі керісінше, заң да басқа құжаттар да орыс тілінде әзірленіп, содан кейін барып қажет деп тапқан жағдайда, мүмкіндігінше қазақ тіліне аударылады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, Ақмола облыс соттарында мемлекеттік тілдің қаншалықты қолданылатынынан біраз статистикалық мәлімет келтірейін.

Облысымызда 2017 жылдың 9 айында 12 377 әкімшілік іс түсіп, оның тек 662-сі ғана қазақ тілінде түскен, ал 42-сі қазақ тіліне соттың уәжді қаулысымен ауыстырылған, яғни пайыздық өлшемде небәрі 5,7 пайызды құрайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 14- бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарыммен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы.

Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою арызы (арыз) берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады.

Біркелкі сот практикасын қалыптастыру және сот ісін жүргізу тілі туралы заңнаманы дұрыс қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысымен қабылданған «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы Нормативтік қаулысында талаптардың тең құқықтылығы қағидатын ескере отырып, сот осы мәселе бойынша жауапкердің де пікірін анықтауға міндеттігін көрсетілген.

Статистикалық мәліметтерге назар алсақ, 2017 жылдың 9 айында 27 791 азаматтық іс түсіп оның бар болғандығы 496-сы қазақ тілінде түскен, яғни 1,8 пайызы, ал 18 азаматтық іс қазақ тіліне соттың уәжді қаулысымен ауыстырылған.

Облысымызда мемлекеттік тілде сот істерін қарау көрсеткішінің төмен болуына арыздардың орыс тілінде жазылуы, соған орай істердің сотқа орыс тілінде түсуі басты себеп болып отыр.

Кейде арызды орыс тілінде жазған азаматтың сот процесі кезінде, орысшадан қазақшаға аударатын аудармашы талап етіп тұратын кездері де аз кездеспейді. Оның мәнісі, заңға шорқақ шағымданушы заңгерден арыз жазып беруді өтінеді. Ал, тілге шорқақ кейбір заңгерлер арызды орыс тілінде жазып береді.

Облысымызда осы көрсеткіштерге қатысты жүргізілген талдау кейбір мемлекеттік мекемелер, құқық қорғау органдары істерді қазақ тілінде жүргізуге мүмкіндік болса да өздеріне қолайлы тілді таңдап, істерді орыс тілінде жүргізулері анықталды.

Қазақстан Республикасыны қылмыстық- процестік кодексінің 30 - бабының талаптары негізінде Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер деп нақты көрсетілген.

Ал, қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығаруы керек.

2017 жылдың 9 ай аралығындағы Ақмола облысының соттарына 1 755 қылмыстық іс түсті, оның 48 ғана мемлекеттік тілде немесе 2,9 пайыз.

Алайда, барлық түскен істердің 712-сі бойынша қылмысқа тартылған қазақ ұлтының азаматтары. (40,6 пайыз)

Осы тұрғыда тергеу мекемелері басшыларымен тергеушілердің мемлекеттік тілге деген жанашырлықтары болған да, аталған қылмыстық істердің көпшілігі бабадан балаға мұра боп қалған баға жетпес қазақ тілінде, яғни мемлекеттік тілде жүргізуге болар еді.

Қасиетті қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оны одан әрі дамыту әр қазақстандықтың қолында деген түсінікпен, әр-бір мекеме басшылары өз тұрғысынан, басқаруындағы қызметкерлерден іс-құжаттарының мемлекеттік тілде жүргізуін талап етіп отырса, бұндай талап арқылы мекеме басшыларының ғана емес, басқа мекеме қызметкерлерінің де қазақ тіліне деген жанашырлықтарын оятып, қазақ тілінің мәртебесін өркендетуге болады деп есептейміз.

Жалпы облыс бойынша қаралған 37676 істің 1137 ғана қазақ тілінде қаралды, яғни 3,0 пайыз, 2016 жылы - 2,0 пайыз.

Осыған орай, сотта қылмыстық, әкімшілік істі қарау барысында іске қатысушылар қазақ ұлтының азаматтары болып, мемлекеттік тілді меңгерген болса, әсіресе, орыс тілін білмесе немесе нашар білсе, тергеу амалдарының және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді судьяларға сотта қарауға әзірлеу барысында аса көңіл бөліп, заң шеңберінде істі қазақ тіліне өзгертіп қарауға болады. Сондықтан, бүгінгі күні облыс судьяларының назары осыған аударылған.

Ана тіліміз-қазақ тілі, тек қана күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде емес, құқық саласына да кеңінен аяқ басуы керек деп санаймыз.

Өкінішке орай, өзі қазақ бола тұра қазақ тілінде іс қарай алмайтын судьялар да баршылық.

Осыған орай, 2018 жылға қарастырылған судьялар мен мемлекеттік қызметшілердің «Казтест» арқылы диагностикалық және сертификаттық тест өткізу жоспарланған. Бұл өте қуанарлық жай.

Судья лауазымына үміткер кандидаттарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Президентіне қойылатын талап секілді мемлекеттік тілді еркін меңгерген болуы қажет деп ойлаймыз.

Сондықтан, судья лауазымына кандидаттардың да мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау қажет деп есептейміз.

Мемлекетіміздің Заңдарында тіліміздің мәртебесі айқындалып берілді. Ендігі жерде, бойымызға атамыздың қанымен, анамыздың сүтімен сіңген қасиетті ана тілімізді қорғау, мәртебесін көтеру баршамызға ортақ парыз болмақ. "Ел болам десең, бесігінді түзе" деп Мұхтар Әуезов сынды ұлы ғұламаларымыз өсиеттеп кеткен.

Қазақ тілін, оны жетік меңгеру -уақыт талабы. Қазақ тілі еліміздің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақ тілді кеңінен қолдануға байланысты қиындықтар сот саласына да тән. Қазақ тілінің жағдайын жақсартуды өзімізден бастағанымыз жөн.

Қазіргі күні республика соттарында сот төрелігін жүзеге асырушы судьялардың 75 пайызы қазақ тілін еркін меңгерген, сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асыра алатын тұлғалар. Бүгінгі күні мемлекеттік органдар мен мекеме ішінде рәсімделетін кіріс, шығыс құжаттарының сауатты дайындалуы мемлекеттік тілге бағытталған сұраныстың деңгей-дәрежесін байқатады.

Ақпарат алмасу, мемлекеттік құрылымдар арасындағы байланысты жүзеге асыру, хат-хабар жеткізу қызметтерінің кешенді үлгісін құрайтын құжат айналымы тілдің қоғамдық- әлеуметтік, саяси-экономикалық, ұлттық-мәдени аспектілерін дамытатын аса маңызды ресми фактор болып табылады.

Сот саласында қызмет ететін жоғары білімді заңгерлер алғашқылардың бірі болып, толыққанды қазақ тілін меңгеріп, неғұрлым кеңірек қолданып, өзгелерге үлгі болуы тиіс - деген ойдамыз.

Беделді сот жүйесін қалыптастыру үшін әр судьяның алдында кәсіби деңгейін

жүйелі түрде жоғарлату міндеті болуы тиіс. Қазақтың біртуар жазушысы Ахмет Байтұрсынов: «Ана тілінде еркін сөйлеп, шын жүрегіңмен құрметтесең ғана өзгелерге де ана тілінді құрметтете аласың» деген, өз ана тілімізді құрметтеп, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге қазақтың қара шаңырағының астында тұрған, елім, жерім деген әрбір азаматтың борышы деп есептейміз.

Бүгінгі күні Ақмола облыстық сотымен-де қазақ тілінің мәртебесін көтеру барысында нақты шаралар атқарылуда. Мысалыға атап айтсақ: мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару салаларының, жергілікті бұқаралық-ақпарат таратушы мекемелерінің басшыларының, өкілдерінің қатысуларымен - «қазақ тілінің қоғамдағы деңгейін көтеру»; «қазақ тілін кеңінен қолдану» сияқты тақырыптар бойынша кездесулер мен дөңгелек стөлдер өткізу, мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару салаларының басшыларына, «қағаз жүзінде іс жүргізу барысында қазақ тілін кеңінен қолдану» туралы хаттар жолдау, аудандық және оларға теңестірілген соттарға шығыс және кіріс құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізілу қажеттілігі туралы ескерту хаттар беру сияқты шараларды атауға болады.

Мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазақ тілінің сот жүйесінде, мемлекеттік мекемелерде қолданылуы бүгінгі күні маңызды сұрақтардың бірі болуда.

Өкінішке орай, ағымдағы жылдың 9 айы бойынша Ақмола облысының соттарына өңірдегі мемлекеттік мекемелерінен - 4398 талап арызы түсіп, олардың бар болғаны 55-і мемлекеттік тілде түскен, немесе 1,3 пайызы.

Түскен талап арыздардың елеулі бөлігі «облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінен және оның құрылымдық бөлімшелерінен, аудандық әкімшіліктерден, әкімдерінің аппараттарынан, білім бөлімдерінен, қылмыстық-атқару жүйелерінен түскен.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер Ақмола облысындағы мемлекеттік мекемелер мемлекеттік тілді тиісті деңгейде қолданбайтындығын көрсетуде.

Сондықтан мемлекеттік тілді бүкіл ел болып қолға алып, бірлесе отырып, тіл мәселесін бар ықыласымызбен қабылдап, оны іске асыруға барынша үлесімізді қосуымыз керек.

Осы міндетті орындау барысында облыстық соты облыстық, қалалық, аудандық әкімдеріне, құқық қорғау органдарының басшыларына мемлекеттік тілді қолдану саясатының маңыздылығын және мемлекеттік тіл мәселесін дамыту үшін өңір басшылар тікелей жауапты екенін ескере отырып, мемлекеттік тілде іс жүргізуді және іс қағаздарын мемлекеттік тілге түпкілікті көшіруді әрқашан бақылап, мемлекеттік тілде жазылған құжаттардың сапасына жоғары талаптар қойылуы қажет екендігін көрсетіп, хаттар жолданған.

Себебі, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қастерлеп, үйрену - Қазақстанның барша азаматтарының қастерлі парызы. Осы ретте, Еліміздің әр облыс өңірлерінің басшылары ретінде, құзырына сәйкес мемлекеттік мекемелермен талап арыздарды және басқа да іс қағаздарды сотқа тек қана мемлекеттік тілде жолдануына ықпал етсе, мемлекеттік тілдің дамуына қосқан зор үлес болар еді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының қағидаларын және Жоғарғы Сотының Төрағасы Қ.Мәмидің «Рухани жаңғыру - мәңгілік ел болудың кепілі» тақырыбында өткізген «дөңгелек үстелдің» қорытындысы бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында, Ақмола облыстық соты Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен бірлесіп, 2017 жылдың 20 қазанында «Қазақ даласының билер соты - егеменді еліміздің сот-құқықтық жүйесінің

негізі» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Ғылыми-практикалық конференция қазақ билер сотының дамуы мен құрылу тарихын зерттеу, мәдени және құқықтық тарихи мұраны сақтау, жастардың бойында мемлекет және құқық тарихына деген сый-құрмет қарым-қатынасын тәрбиелеу, мақтаныш және патриотизм сезімін қалыптастыру мақсатында өткізілді.

Конференция нәтижесі бойынша: билер сотын ұлттық құндылық деп танып, оны қоғамда кеңінен насихаттау; өскелең ұрпақты рухани дамыту, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында хандар, сұлтандар, билердің қызметі мен өмірі туралы, оның ішінде Ақмола өңірінде өмір сүрген билер туралы бейне роликтер әзірлеу және жергілікті телеарналарда көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға бастамашылық ету; мемлекет және құқық органдарына мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту бойынша шаралар қабылдауға; тергеу іс-шараларын жүргізу кезінде мемлекеттік тілді қолдануға басымдылық беруге - сияқты қарарлар қабылданды.

Сөзімнің соңын Елбасының ана тілі туралы айтқан мынадай көрікті ойымен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған-оның ғажайып тілі» - деген сөздерін айтып өткім келеді.

Қортындылай келе, қасиетті-де қастерлі мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің мәртебесін жоғарлату мақсатында, Елбасымыз айтқандай, Қазақстанның болашағы қазақ тілінде, ендеше, тілімізді, ұлтымызды - отбасымызды қадірлегендей қадірлейік, бір жеңнен қол шығарып, жабыла көтерген жүк жеңіл демекші, бірге болашақ ұрпаққа беделді-де үстемді қазақ тілі етіп жеткізуге ат салысайық.

*Алматы облыстық  
сотының төрағасы  
М. Таймерден*

## **СОТ ТӨРЕЛІГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ**

Мемлекеттіліктің басты белгісінің бірі және бірегейі-мемлекеттік тіл болса ал оның тағдыры жеке адамдар, топтар шешетін жай шаруа емес. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, қажеттілігін тудыру сияқты ой- пікірлер, үгіт-насихаттар бүгінгі күні аз айтылып жатқан жоқ.

Мемлекеттік тілді қолдануды кеңейту заңдылық тұрғысынан қалай орындалуда, мемлекеттің тілге байланысты заңдардың сақталуы және орындалуы қай деңгейде. Міне, бүгінгі күннің негізгі тақырыбы осы болуға тиіс.

Мемлекеттік тіліміздің дамуы мен нығаюына бағытталған заңдар қабылданып, мемлекеттік бағдарламалар дайындалып, сол бағдарламаларды жүзеге асыру үшін іс-шаралар жасалып келеді.

Дегенмен де, қазіргі уақытта мемлекеттік тілді қолданудың айналасындағы айтыс-тартыстар мен көптеген пікірлер осы уақытқа дейін толастамай келеді. Өйткені, тіл мәселесі-елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселелердің бірі.

Сондай-ақ, тілді таңдау, әр азаматтың конституциялық құқығы болғандықтан сот істерінің мемлекеттік тілде жүргізілуі арыздардың сотқа қай тілде берілуіне байланысты. Сот ісінің қазақ тілінде жүргізілу көрсеткішін соттардың кінәсінен деп айтуға болмайды. Тараптар арыз- шағымдарын орыс тілінде береді.

Сотқа түскен тергеу амалдары қазақ тілінде жүргізілген қылмыстық істер, азаматтық істер бойынша сот сараптамаларын тағайындау туралы қаулы немесе ұйғарым қазақ тілінде шығарылса да сараптама жасау орталығы қызметкерлерінің жауаптары орыс тілінде. Мемлекеттік орган болғандықтан сараптама қорытындысын қазақша - мемлекеттік тілде шығаруға міндетті.

Іс қай тілде басталса, сот отырысы сол тілде жүргізіледі. Халық сотқа мемлекеттік тілде жүгінген болса немесе уәкілетті органдар тергеуді мемлекеттік тілде жүргізсе, барлық өңірлерде сот істерін мемлекеттік тілде жүргізуге толық мүмкіндік бар. Демек, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу анықтама немесе тергеу жүргізетін құқық қорғау органдарына, атап айтқанда, Ішкі істер министрлігіне, қаржы полициясына және қадағалаушы орган прокуратураға, осы органдардың басшыларына тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн.

Мемлекеттік тілді білу, оны жетік меңгеру-уақыт талабы. Мемлекеттік тіл еліміздің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға байланысты қиындықтар сот саласына да тән. Қазақ тілінің жағдайын жақсартуды өзімізден бастағанымыз жөн.

Соттардың тілді меңгеру деңгейіне тоқталып кетсем, қазіргі күні облыс бойынша жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдегі іс қағаздарының үлесі 72,5 пайызға жетіп, алдыңғы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2,5 пайызға артқан. Облыстың сот жүйесінде мемлекеттік тілде іс жүргізуге толық мүмкіндік бар. Облыс соттарындағы 156 судьяның 153-і мемлекеттік тілде істерді қараса, 3 судья өзге ұлт өкілдері болғандықтан ғана мемлекеттік тілде іс жүргізе алмайды. Ал, облыстың сот жүйесіндегі 372 мемлекеттік қызметшінің 1-і ғана қазақ тілін меңгермеген.

Барлық судьялар қазақ тілін еркін меңгерген, сот төрелігін мемлекеттік тілде

сапалы жүзеге асыра алатын тұлғалар. Бүгінгі күні мемлекеттік органдар мен мекеме ішінде ресімделетін кіріс, шығыс құжаттарының сауатты дайындалуы мемлекеттік тілге бағытталған сұраныстың деңгей- дәрежесін байқатады.

Ақпарат алмасу, мемлекеттік құрылымдар арасындағы байланысты жүзеге асыру, хат-хабар жеткізу қызметтерінің кешенді үлгісін құрайтын құжат айналымы тілдің қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық, ұлттық-мәдени аспектілерін дамытатын аса маңызды ресми фактор болып табылады. Республикалық статистикалық мәліметтерге сәйкес сот жүйесі іс- қағаздарын толығымен қазақ тіліне көшірді.

Қазіргі кезде Жоғарғы Сот Төрағасы мен Департамент басшылығы сот істерін мемлекеттік тілде қарау мәселесін де ерекше назарға алды. Осылайша қазақ тілі мемлекеттік биліктің сот тармағында да лайықты биігіне көтеріліп келеді.

Мемлекеттік тілдің сот өндірісіне толық енгізіліп, оның еркін қолданылуы, сот төрелігін жүзеге асырудағы орны ерекше, рөлі зор екені сөзсіз. Өкінішке орай, екі қазақ дауларын сотқа шешуге бергенде, өз табиғатына жат орыс тілінде береді. Өздері орыс тілін толық игермеген, кейбірі түсіне алмайды. Осыдан кейін олардың көбі өз дауының себебі мен салдарын сотқа жеткізе алмайды. Нәтижесінде сот қандай билік айтса да көңілі күпті, өзі өкпелі. Би алдында өз тілінде сөйлемеген, өз тілінде дауламаған жанның өзіне де өзгеге де күдігі молаяды. Сенімсіздік туады. Ал сот үшін әрбір азаматтың сотқа еркін қатысып, көңіл көрпесін ашып сөйлегені аса қымбат. Әділ төрелік сонда ғана айтылады.

Сот төрелігінде мемлекеттік тілді қолдану кезінде келесі мәселелерді ескерген дұрыс:

-Сот төрелігін жүзеге асыру барысында туындайтын ұйымдастырушылық құқықтық мәселелер бойынша ұсынарымыз «Үш тұғырлы» тіл концепсиясында мемлекеттік қазақ тіліне берілген басымдылық сот жүйесінде де қатаң ескерілуі керек;

-Сот төрелігі Академиясына үміткерлерді қабылдағанда, судьялық лауазымға үміткерлерді іріктегенде олардың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігіне және іс-қағаздарын қазақ тілінде сауатты жүргізе алатындығына талапты күшейту керек;

-Судья лауазымына үміткерлер мен сот саласына жұмысқа қабылданатын мамандардың мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесіне қоғамдық кеңестер мен облыстық соттың жалпы отырысында назар аударылып, қазақ тілін жетік білетін үміткерлерге басымдылық беруді енгізу қажет;

-Судьялар аттестациядан өткенде Сот жюриі олардың мемлекеттік тілді білу деңгейіне, олардың қазақ тілінде дайындаған сот актілерінің сапасына баса назар аударып баға беруі қажет;

-Қазақ тілінде дайындалатын сот актілерінің сапасы сын көтермейтіні, яғни сөйлемдер үйлеспейтіні, стилистикалық, орфографиялық қателер көптеп кездесетіні жиі айтылып келе жатқан мәселелердің бірі. Осындай келеңсіздікке жол бермеу үшін мемлекеттік тілді білмейтін судьялар мен сот қызметкерлерін өздігінен тілді үйренуге міндеттеу қажет;

-Қазақ тілін білмейтін және жетік білмейтін мамандардың сынақ тапсыруын қарастырған жөн. Егер қызметкер сынақ кезінде тиісті нәтижеге қол жеткізе алмаса, оны атқарып жүрген қызметіне сай емес деп тауып, лауазымын төмендету шараларын қарастыру қажет.

-Судьяларды қызмет бабында келесі сатыға жоғарылату тек қазақ тілінде сынақ тапсырған тексерістен кейін ғана жүзеге асырылуы қажет.

Сот төрелігі саласында мемлекеттік тілді қолдануды жетілдіру бойынша

ұсынарымыз - сот төрелігі саласында мемлекеттік тілді қолдануды жетілдіру, қазақ тілі мәртебесін қажетті дәрежеге жеткізу үшін облыстық, аудандық, қалалық соттарда жоғары білімді қазақ тілі маманын еңбекақы төлеп іске тарту мәселесін шешу қажет.

Бұл ретте, қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерген маманның соттағы атқаратын жұмысы мынадай мәселелердің шешілуіне арналғаны жөн деп санаймыз, мысалы: әрбір соттағы судьялар мен мамандар арасында үнемі қазақ тілі бойынша сабақ-дәрістерін өткізу, судьялар қабылдаған сот актілерінің, мамандар тарапынан дайындалатын құжаттардың қазақ тілінде дұрыс жазылуына маман ретінде көмек көрсетуі, мемлекеттік тілдің латын әрпіне көшер алдында және көшкен кезеңінде де сот тарапынан шығарылатын құжаттардың қазақ тілінде сапалы түрде дайындалуына көмектесуі; басқа тілде дайындалған құжаттарды қазақ тіліне сапалы аударуға тікелей маман ретінде қатысуы қажет.

Мемлекеттік тілдің латын әрпіне көшу жағдайында сот төрелігін жүзеге асырудың мәселелері мен перспективалары бойынша ұсынарымыз, қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең алдымен, уақыт талабы болып отыр. Сот қауымдастығы үшін латын әліпбиіне көшу үрдісі бір күндік шаруа емес, яғни кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын, зор жауапкершілікті қажет етеді. Сондықтан сот жүйесіне арнайы кесте бекітілуі және жоспарлы жұмыстарды жүргізілуін бастауды қажет етеді.

Қазақ әрпінен латын әрпіне ауысқанда соттарда латын әріптерін оқып меңгеру үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру қажет.

Соттарда аудармашылардың санын (әр сотта екіден кем емес) көбейту үшін қосымша қаржы бөлу мәселесін шешу керек.

«Төрелік» жүйесіне «ОКО» программасымен біріктірілген, программалық қамтамасыз етілген, электронды аудармашы қызметін енгізу, сонымен қатар латын әрпіне ауысқанда «ә, і, ң, ғ, ұ, ұ, қ, ө» қазақ әріптері шрифтінің ауысуын ескеру қажет.

Қолданылып келе жатқан төл дыбыстарымыз: ә, ы, і, ұ, ү, ң, қ әріптері адам аттары мен тектерінде көптеп кездесетіндіктен ол әріптердің латын әріптеріне көшкенде қоспасыз, таза күйінде болуын қамтамасыз ету қажет.



*Астана қаласының кәмелетке  
толмағандар істері жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының төрағасы,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент Қ. Әлқожаев*

## **АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ СОТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №13 «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы қабылданған болатын. Бұл нормативтік қаулының қабылдануы уақыт талабынан туындаған қажеттілік деп білеміз. Бұл алдағы уақытта мемлекеттік тілдің басымдығын бағамдайтын, мемлекеттік тілдің ресми функциясын түсіндіріп беретін, оның қолданыс аясын кеңейтуге бірден-бір ықпал шара болатын, орыс тілінің қажеттілік жағдайын айқындайтын, қабылдануымен мемлекеттік тілде сот ісін қараудың барлық мүмкіндіктерін айқындап, сот ісін қарау барысында кездесіп тұратын қайшылықтардың ара жігін ажыратып беретін нормативтік қаулы деп түсінеміз.

Мемлекеттік тілдегі сот актілерінің сауаттылығы туралы әр қилы объективтік, сан түрлі субъективтік себептер бар. Мәселен, әр азаматтың тілді меңгеру деңгейі әр түрлі. Сондықтан Астана қаласы Алматы, Сарыарқа, Есіл аудандарының тұрғындарының сотқа жүгінетіндерінің ұлттық құрамы негізінен қазақ ұлтының өкілдері екенін ескерсек, солардың басым көбі өзге тілде жүгінетіні жасырын емес. Өйткені олар мемлекеттік тілде жүгінгісі келмегендіктен емес, қазақ тілін жетік білмегендіктен осындай әрекеттерге баратыны байқалады.

Мемлекеттік тілдің деңгейін арттыру мақсатында ауқымды шаралар атқарылып, көптеген жұмыстар орындалу барысында. Алайда, бүгінгі таңда сот жүйесінде 100 пайыз мемлекеттік тілге көшуге кедергі болып отырған сауаттылық мәселесі де жоқ емес.

Атап айтатын болсақ, талап-арыздар, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер сотқа, қай тілде рәсімделіп, қай тілде келіп түссе, сотта сол тілде қаралады. Бұл заңмен бекітілген норма. Оның бірден-бір себебі заң кеңесшілері мен адвокаттар азаматтық істер бойынша орыс тілін жетік білмейтін немесе ойын жеткізе алмайтын қазақ азаматтарының сотқа талап арыздарын орыс тілінде дайындайды. Ал қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу кезінде іс орыс тілінде жүргізіледі. Осыған байланысты істегі барлық құжаттар орыс тілінде рәсімделеді. Қылмыстық іс сот өндірісіне келіп түскеннен кейін, кейбір азаматтар басты сот талқылауы барысында өздерінің құқықтарын қорғай келе, орыс тілін жетік білмейтіндігіне жүгініп, сотқа істің мемлекеттік тілде қаралуы туралы талап-тілектер білдіреді. Мұның бәрі жоғарыда атап өткен себеп-салдарлардың негізіне жатады деген ойдамыз.

Астана қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу күн тәртібіндегі өте өзекті мәселе болып табылады. Жалпы осы сотта барлық қаралған сот істерінің ішінде қазақ тілінде қаралған сот істерінің үлесі 2015 жылдан 2017 жылға дейінгі аралықты қоса

алғанда динамикалық өсу үстінде. Осы бағыттағы көрсеткіштер төменде көрсетілгендей:

2015 жылы түскен **53** қылмыстық істің, қаралғаны **50**, оның **8-і** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **16** пайызды құрайды.

2016 жылы түскен **46** қылмыстық істің, қаралғаны **44**, оның **15-і** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **34** пайызды құрайды.

2017 жылы түскен **56** қылмыстық істің, қаралғаны **50**, оның **19-ы** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **38** пайызды құрайды.

2015 жылы түскен **544** азаматтық істің қаралғаны **512**, азаматтық істің **44-і** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **8,5** пайызды құрайды.

2016 жылы түскен **887** азаматтық істің қаралғаны **808**, оның **82-і** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **10,1** пайызды құрайды.

2017 жылы түскен **788** азаматтық істің қаралғаны **709**, оның **79-ы** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **11,1** пайызды құрайды.

2015 жылы түскен **3141** әкімшілік істің қаралғаны **3131**, оның **554-і** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **17,6** пайызды құрайды.

2016 жылы түскен **763** әкімшілік істің қаралғаны **761**, оның **186-ы** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **24,5** пайызды құрайды.

2017 жылғы 9 айда түскен **721** әкімшілік істің қаралғаны **694**, оның **143-і** мемлекеттік тілде жүргізілген, яғни **20,6** пайызды құрайды.

Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізуге судьялардың әлеуеті толық жетеді (Астана қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жұмыс істейтін **3** судьяның барлығы, яғни үшеуі де, **100 пайыз** сот істерін мемлекеттік тілде қарауға толық мүмкіндіктері бар, мемлекеттік тілде сөйлейді, оқиды және жазады, ұлты бойынша барлығы қазақтар, өзге ұлт өкілдері жоқ).

Астана қаласы Алматы, Сарыарқа, Есіл аудандарының прокуратуралары, Алматы, Сарыарқа, Есіл аудандарының Ішкі істер органдары, Алматы, Сарыарқа, Есіл аудандарының Ювенальды полиция бөлімдері және т.б. құқық қорғау органдары тергеуді мемлекеттік тілде жүргізуге ден қойса, соттарға түсетін барлық құжаттарды сот істерін мемлекеттік тілде қарауға мүмкіндік бар. Сот практикасынан байқалып отырғандай, күдіктілердің ұлты қазақ бола тұра, орыс тілінде жауап беруге тілі келмей тұрса да, тергеу амалдарының орыс тілінде көрінеу жүргізілетіні анық байқалады. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 1-тармағын, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабының, Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексінің 14-бабының, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 738-бабының талаптарын өрескел бұзу болып табылады.

Осы орайда, Астана қаласының кәмелетке толмаған істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты мынадай ұсыныстарын жолдайды:

- қазақ азаматтарының сотқа талап арыздарын орысша дайындап беруге ықпал еткен заң кеңесшілері мен адвокаттарға заңнамамен көзделген шаралар қолдану мүмкіндіктерін қарастыру;

- Астана қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында судьялар өз тарапынан мемлекеттік тілде сот төрелігін жүзеге асыруға көбірек ден қойса дұрыс болар еді.

Соттармен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 13-

бабының «...сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады» деген талабы орындалып отыр.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, азаматтық істерді басты сот талқылауына дайындау сатыларында іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер немесе айғақ беру құқығы түсіндіріледі, әрі сот ісін жүргізу тілін таңдау туралы қаулы шығарылады.

Сот ісін жүргізу тілін білмейтін іске қатысушыларға аудармашы қатыстырылмаған немесе аудармашының өкілеттігі іске мүдделі тұлғаларға (анықтама жүргізуші, тергеуші, сот отырысының хатшысы т.т.) жүктелген жағдайлар болған жоқ.

Сот ісін жүргізу тілі бойынша қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне ҚПК-нің 106-бабына сәйкес шағым келтірілген фактілер болған жоқ.

Қылмыстық тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылық іс жүргізу жұмыстарында таңдалған сот ісін жүргізу тілі сақталады.

Сот ісін жүргізу тілі өзгертілген кезде тиісті қаулы шығарылады.

Аудармашы ретінде қатысатын адамдардың білім деңгейі, қандай мамандық иесі екендігі анықталады және өкілеттігін айғақтайтын құжаттар іске тіркеледі.

Сот ісін жүргізу тілін меңгермегендіктен қорғаушының, тараптардың өкілдерінің өз өкілеттігін орындаудан бас тартуы немесе оларды өкілеттігін орындаудан шеттету фактілері болған жоқ.

Аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы барлық жағдайда қамтамасыз етіледі, аударма қызметінің ақысын процестік шығындар ретінде өндіру арнайы қаулы шығару арқылы жүргізіледі.

Сот процесі барысында дайындалатын құжаттардың сапасы, оның ішінде мемлекеттік тілде әзірленетін құжаттардың сапасы әр қилы: грамматикалық, орфографиялық, стилдік қателер, кейбір сөздердің лексикалық мағынасын түсінбей қолдану кездеседі.

Сотқа келіп түскен істерді іс жүргізуге қабылдау туралы қаулыда іс жүргізу тілі барлық жағдайда көрсетіледі, сотқа келіп түскен істер бойынша іс жүргізу тілін өзгерту фактілері болса, мұндайда барлық жағдайда қаулы шығарылады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңының «...өтініштерге берілетін жауаптар мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде болуға тиіс» деген талаптары соттармен мүлтіксіз орындалады.

Сот ісін жүргізу тілін еркін меңгермеген процеске қатысушыларға сот құжаттарын өздері білетін тілге аударып беру барлық жағдайда қамтамасыз етіледі.

Сот актілерінің аудармасы өкілетті адамдармен жасалады және аударма сапасы барлық кезде талапқа сай келеді деп айта алмаймыз.

Апелляциялық немесе кассациялық сатыда сот актілерінің сот ісін жүргізу тілін пайдалану принциптері бұзылуы негізінде күші жойылу фактілері орын алды.

Жоғарғы саты соттары сот құжаттарының сапалы жасақталуына өте терең көңіл бөледі, бұл мәселе бойынша төменгі соттардың кемшіліктеріне назарын аударған хаттар есептік кезеңде ғана емес, жиі жазылады.

Сот ісін жүргізу тілі бойынша заң бұзушылық фактілеріне байланысты соттар жеке қаулы шығарған жағдайлар әзірше болған жоқ.

Тіл туралы заңнамаларды қолдануда орыс тілін ресми тіл ретінде мемлекеттік тілден басым тұр деген, сондай-ақ қазақ тілінде берілген арыз-шағым дұрыс

қаралмайды деген құқықтық қате түсінік кедергі болып отыр, осы заңнамаларға мемлекеттік тілдің орыс тілінен басымдығын, қазақ тілінің ресми тіл ретіндегі функциясын, қызметін құқықтық реттеу арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Сот ісін жүргізу тілі туралы нормативтік қаулы қабылданды және жоғарыда аталған мәселелерге құқықтық тұрғыдан назар аударылғаны жөн.

*Астана қаласы  
Сарыарқа ауданының №2  
аудандық сотының судьясы  
Б. Пазылов*

**СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОЛДАНУ АЯСЫН  
КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
(тезис)**

Елімізде мемлекеттік тілді қолдану аясын дамыту бойынша көптеген шаралар қолданылып жатыр. Алайда, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру қазіргі уақытта артта қалуды деп айтса да болады. Елбасымыздың Жолдауында - «біздің міндетіміз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс», деген нақ-ты мәселе көтерілді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2009 жылғы 27 ақпандағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарына орындауды міндеттеп отыр. Бұл өкімнің орындалу барысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қатаң бақылауына алынған.

ҚР Конституциясының талаптарына сай, соттың басты міндеті төрелік ету. Сонымен қатар, сотталушы таңдаған тіл бойынша ғана іс жүргізілуі тиіс. Бұл орайда сот жүйесі іс қандай тілде болуы қажет екендігін таңдап бере алмайды. Соған сәйкес, ішкі істер органдары істі қозғаған уақытта күдікті мемлекеттік тілді білген жағдайда, сол тілді таңдау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, мемлекеттік тілді дамыту және насихаттау аясында судьялар мен кеңсе қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мақалалар шығару қажет. Тиісті деңгейде жұмыстар атқарылуы тиіс.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғам тұтастығының бірден бір факторына айналуы тиіс және оған барлық қазақстандықтар азамат ретінде ат салысуы керек. Мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл бұқаралық, іске айналғанда ғана көздеген мақсатына жете алады деп есептеймін. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы орасан зор болмақшы. Олар тіл мүддесін қорғап, тіл зәрулігін қамтамасыз етуде тек мемлекеттік органдарға талап қоюшылықпен ғана шектелмей, оларға тиісті қолғабыс жасауға үйрену тиіс.

Қазіргі жабыандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сай білуді қажет ететін кәсіптер, мамандықтар мен лауазымдар тізбесін заңдық тұрғыдан бекіту орайында мемлекеттік қызметшілерге қатысты мәселелер уәкілетті органдар тарапынан ойластырылып, көп кешікпей бір шешімін табары анық. Мемлекеттік тіл мәселесі ешқашан назардан тысқары қалып көрген емес. Мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру, нығайту бағытындағы жұмыстар үнемі жалғасын табуда.

Тіл - тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол - ұлттық дініміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры да. Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие.

Тіл туралы заңды алсақ. Заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік

басқару, заң шығару, сот ісін және ісқағаздарын жүргізу тілі», - деп жазылған. Бірақ та, айтылғанымен, жазылғанымен бір құжатты алсақ, кез келген мекемеде алдымен ол орыс тілінде даярланады. Ол нені білдіреді? Демек ана тілімізді толық білмеуімізде. Еліміз ақыры тәуелсіз ел екен осыған орай, онда тіліміз де жеке дара тәуелсіз болуы керек емес пе? Біздің бұрынғы ұрпақ жете алмаған арман-мұраттарға біз жетуіміз керек деп ойлаймын. Қазіргі таңда соған орай, бірталай мүмкіндіктер толық жасалып келеді. «Еңбек - түбі береке» деген мақал босқа айтылмаған. Сондықтан күш-жігерімізді аямай, толық еңбекетіп, табысты жұмыс жасауымыз керек. Тәуелсіз еліміз үшін аянбай еңбек етсек, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосқанымыз деп ойлаймын.

Мемлекеттік тілде қаралған қылмыстық істер бойынша қабылданған сот актілерінің сапасы жақсы, яғни сот қаулылары мен үкімдерінде, сот отырысының хаттамаларында, сот актілерін орындауға жолдау, мәлімет үшін жолдау хаттарда да қазақ тілінің грамматикасы, морфологиялық және синтаксистік құрылымы дұрыс қолданылады.

Алайда қазақ тілінде қаралатын істер саны өте аз деп айтуға болады. Себебі барлық қаралған істер санының 20-30 пайызын ғана қазақ тілді істер құрайды, ал қалған 70-80 пайызы ресми тілде қаралып отыр.

Тіл - ұлттың ұлт екенін көрсететін ең басты белгі. Қай қоғамда болмасын тіл әр уақытта біріктіруші, ұйымдастырушы фактор қызметін атқарған. Оның түрлі салалары да тиесілі бағасын алып, тілдің қолданылу аясын кеңейтіп келеді. Оның үстіне тілге деген сұраныс пен талап та күшейе түседі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің тілді тиімді деңгейде білуін қамтамасыз ету шараларын жүргізу қажет деп санаймын. Қызметке қабылдас бұрын, қазақ тілін білу деңгейін анықтап, аталған деңгей дұрыс дәрежеде болса, мемлекеттік қызметке қабылдаудың тетігіне айналуы тиіс. Мемлекеттік тілде ресімделетін сот актілерінің және құжаттарының үлгісін дайындап, оны жергілікті соттарға сот төрелігін жүзеге асыру барысында пайдалануға жіберу қажет деп санаймын.

Жоғарыда аталғандарды негізе алса, мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту бойынша біраз тетіктерін анықтауға болады.

*Астана қаласы Сарыарқа  
аудандық сотының судьясы  
Г. Шарапатова*

### **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (тезис)**

Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабы 3- тармағына сәйкес, сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы.

Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі болып табылады. Азаматтардың сотта өз құқығын тиімді пайдалану және қорғауға халықаралық нормалармен және ұлттық заңнамамен кепілдік беріледі.

«Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінінің 14- бабы 3- тармағына сәйкес, әрбір адамның өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде, ең кем дегенде, төменде көрсетілген, толық теңдік негізінде берілетін кепілдіктерге өзіне тағылған айыптаудың сипаты мен негізі жөнінде өзі түсінетін тілде толық және дереу хабардар етілуіне; егер сот жұмысын атқаруда пайдаланатын тілді түсінбесе, немесе сол тілде сөйлей алмаса тілмаштың көмегін ақысыз пайдалануына құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексінің 14- бабында (бұдан әрі - АПК) азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек деген болатын. Осы тұста сот ісін мемлекеттік тіл - қазақ тілінде, оның ішінде латын әліпбиіне көшірудің жолдарын ұсыну: сотта қаралатын қарапайым дауларды (тараптардың келісімімен) - неке бұзу, алимент өндіру, неке бұзу істері бойынша медициналық келісімді, сот ұйғарымын латын әліпбиінде жазу, атқару парақтарын беру, т.б.

Сот қабырғасында латын әліпбиінің үлкейтілген нұсқасын ілу, латын әліпбиімен жазылған талап арыздардың үлгілерін қою.

*Ақтөбе қалалық  
сотының судьясы  
С. Абызбаева*

## ТІЛ-ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ (тезис)

Тіл тағдыры - тұтас ұлттың тағдыры.

Ата Заң - Конституция мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге кепілдік береді. «Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі», - деп атап көрсетілген.

Қоғамдық өмірдің барлық саласындағы мемлекеттік органдардың өкілеттілігі мемлекеттік қызметкерлер арқылы іс жүзіне асырылады.

Сондықтан, осы маңызы бар салалардың іс-қағаздары, жалпы, құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізілгені жөн. Қоғамда, әсіресе, жастар арасында қазақ тіліне байланысты талап болмайынша, бұл мәселеде түбегейлі өзгеріс күту күрделі. Сондықтан, мемлекеттік тілді дамыту мәселесі мемлекет тарапынан қатаң бақылауда болуы тиіс. Жаһандану дәуірінде өзінің тарихының, мәдениеті мен тілінің қадіріне жетегін халық қана табысты өркендей алады.

Жергілікті соттарда мемлекеттік тілде қаралған істердің жалпы саны әлі төмен. Мемлекеттік органдар мен мекемелерден, басқа ұйымдармен кәсіпорындардан сотқа жүгінгенде талап арыздар мемлекеттік тілде емес, яғни, дауласушы тараптардың басым бөлігі сотқа талап арыздарды орыс тілінде беруде. Мемлекеттік органдардың, адвокаттардың, заңгерлердің басым көпшілігі арыздар мен басқа да ресми құжаттарды жазуда түрлі сылтаулармен қазақ тілінен айналып өтуге тырысады.

Ағымдағы жылдың 26 қазанында Елбасымыз «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қаулыға қол қойды. Сол арқылы латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі бекітілді. Латын әліпбиіне көшу - қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп- өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Сондықтан бізде тілімізге бұрынғыдан да жауапкершілікпен қарап, Елбасы айтқандай, «қазақ қазақпен қазақша сөйлеуі керек». Тіл сөйлеген үстіне сөйлей берсең ғана шындалып, айналадағы басқаларға да әсер ете түседі.



*Батыс Қазақстан облыстық  
сотының судьясы,  
Қазақстан Республикасы Сот жүйесінің  
құрметті қызметкері  
Е. Боранбаев*

**СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ  
ОРНЫ: КЕДЕРГІЛЕР МЕН КЕҢІСТІКТЕР  
(негізгі тезистері)**

Осыдан бес жыл бұрын қабылданған Қазақстанның 2050 стратегиясында тіл мәселесіне баса назар аударылып, «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – тілімізді барлық салаларда белсенді пайдалана отырып, дамыту» деп атап көрсетілген еді. Елбасы Жолдауында аталғандай, қазір біздің ұлттың саны 65 пайызды құрайды екен. Төрт миллионға өскенбіз. 2025 жылы латын әліпбиіне көшу мәселесі көтеріліп отыр. Болжам бойынша 2025 жылы қазақтың саны халықтың 95 пайызын құрауы керек. Сол кезде біз толық қазақ тіліне көшпекпіз. Сонда біздің мемлекетіміздің аты – Қазақ елі деп аталады.

Ал, биылғы жарияланған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында « Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялап, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деп атап көрсеткен.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл екендігі Ата Заңымызда жазылып (7-бап), «Тілдер туралы» заң, «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (29.11.2011 бекітілген), Азаматтық процестік (14-ші бабы), Қылмыстық процестік (30-бабы), Әкімшілік құқықбұзушылық туралы (738-ші бабы) Кодекстерінде тиісті сот ісін жүргізу туралы талаптар қарастырылған, 22.12.2016 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» №13 Нормативтік қаулысы қабылданды, Жоғарғы Сот төрағасының «Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 18.01.2016 жылғы өкімі, осындай жергілікті сот төрағаларының өкімдері бар. Яғни, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған саяси тұрғыдан, нормативтік құқықтық, әкімшілік тұрғыдан қажетті шешімдер қабылданған деп толық айта аламыз.

Дегенмен, мемлекеттік тілдің қоғамымыздың сан-салаларындағы сияқты сот өндірісінде де толыққанды кең қолданыс таппай отыруына қандай кедергілер бар?

Бастапқыда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 12 наурызда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы 1997 жылғы 8 мамырдағы №10/2 қаулысында: «мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылады» деп көрсетілген.

Ал, кейінірек, сол, аталған Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 8-ші мамырдағы №10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысында: «Мемлекеттік ұйымдарда және

жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген конституциялық норма орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетіндігін білдірмейді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны, қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді және Қазақстан халқының бірлігін білдіретін, Республиканың конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады. Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады: Республика Президенті мен Парламенті палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдалануы; мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларындағы атауларының, мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шекара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерін қағазда және өзге де тасымалдауыштарда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; Республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі.

Бұл жазылғандар, Негізгі Заң қазақ тіліне жария-құқықтық маңыз бере отырып, оның мәртебесінің үстемдігін көздейтінін айғақтайды (Конституцияның 7-бабының 1 тармағы)» - деп анық көрсеткен.

Алайда, Конституциялық Кеңестің осы мәселеге арналған соңғы қосымша қаулысына көпшілік, соның ішінде лауазымды тұлғалар, заңгерлер де толық мән бермей, әлі күнге алғашқы 08.05.1997 жылғы қаулыға сілтеме жасап, ол ресми басылымдарда жарық көріпте жүр. (мыс.2016 жылы шыққан Жаңа АПК-тің 14-ші бабына түсіндірмені қараңыз 42-беті).

Бұдан туындайтын қорытынды: Сот билігінің Мемлекеттік билік тармақтарының бірі ретінде мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін сот төрелігін жүзеге асыру аясында қолдануда үстемдік пен басымдылық беруге толық құқықтық негіз бар, деген сөз.

Батыс Қазақстан облысының соттарында іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді қолданыстағы «Тіл туралы» заң талаптарына, тіл бағдарламалары мен тиісті тапсырмаларға сай жүзеге асырып отыр. Ал, істердің мемлекеттік тілде қаралуы мәселесіне келетін болсақ, жекелеген соттар арасындағы айырмашылық аса алшақ.

Мысалы, қазақ ұлты көп шоғырланған аудандарда істер негізінен алғанда қазақ тілінде қаралып жатса, өзге ұлт өкілдері басым аудандарда қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы тым аз. Облыс соттарының орташа көрсеткішінен анағұрлым төмен.

Соңғы, 2017 жылдың 10 айындағы қорытынды мәліметтерге жүгінсек, облыс бойынша мемлекеттік тілде қаралған қылмыстық істердің үлес салмағы 33 пайызды, әкімшілік істер бойынша 11 пайызды, азаматтық істер бойынша небәрі 9,6 пайызды құрайды. Сот өндірісіне жаңа электрондық, инновациялық үрдістер енгізу нәтижесінде қолданысқа енгізілген «Сот кабинетінің» тілі де негізінен ресми, яғни

орысша шығып отыр.

Осы кезеңде сот төрелігін жүзеге асыруға қатысты облыс соттарына «Сот кабинеті» арқылы түскен барлық құжаттардың 18 пайызы ғана (22267/4060) қазақ тілінде, ал, негізінен азаматтық істерді қарайтын №2 Орал қалалық сотына аталған кезеңде «Сот кабинеті» арқылы қазақ тілінде түскен барлық арыз, талап арыздардың үлес салмағы 8,9 пайызды (18381/1645) ғана құрап отыр.

Бұл жағдай соттарда істердің қазақ тілінде аз қаралуының басты себебі, тергеу амалдарының көбінесе ресми тілде жүргізіліп, сотқа тараптардың арызды негізінен орыс тілінде беру үрдісі белең алып кету салдарынан болып отыр. Оның мәнісі қылмыстық істер бойынша тергеушілердің, әкімшілік істер бойынша хаттама толтырушылардың, азаматтық істер бойынша талап арыздарды жасақтайтын адвокаттардың, заң кеңесшілерінің сауатының орысша болуына байланысты екендігі жиі айтылады.

Сот тәжірибесінде іс бірінші сатыда қаралып кеткеннен кейін де, сот өндірісіндегі екі тарапта жергілікті ұлт өкілдері бола тұра, орыс тілін нашар меңгерсе де, сол тілде өз ойын қиналып жеткізе алмайтын жағдайлардың жиі кездесетіндігін байқап жүрміз.

Біздің ойымызша, тараптар істі мемлекеттік тілде қарауды талап етсе, оны кез келген сатыда (апелляциялық, кассациялық сот сатысы болсын) қанағаттандыруымыз керек. Ол азамат мемлекеттік тілді өз елінде пайдаланбаса, оны басқа қай жерде қолданбақ, қажет етеді. «Түгел сөздің түбі бір» демекші, түптеп келгенде мұның ақиқатты анықтауға, сот төрелігінің сапасын арттыруға оң ықпал жасайтындығына күмән жоқ. Әрбір іс бойынша негізгі екі тарап болатындығын, яғни талапкер мен жауапкер, құқықбұзушы, айыпталушы, сотталушы мен жәбірленуші екендігін де ескеріп, сот төрелігін жүзеге асырғанда екі тараптың да тең дәрежеде мемлекеттік тілді, ана тілін, яғни қазақ тілін еркін қолдануын қамтамасыз еткеніміз жөн.

Сот ісін жүргізу туралы Заң талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған жағдайларда басқа да тілдер қолданылады (?!).

ҚР жаңа АПК-нің 14-ші бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Азаматтық істер бойынша сот талқылауына дайындық аяқталғаннан кейін құжаттар мен өзге де материалдарды сот ісінен өзге тілде ұсынған тараптар олардың аудармасын өз бетінше қамтамасыз етеді (14-ші баптың 6-шы бөлімі). Осыған орай, іс жүзінде көптеген қиыншылықтар туындап отыр (мысалдар келтіріледі).

Талқыланып отырған мәселеге орай, қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бағытында төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет деп, келесідей ұсыныстарымызбен бөлісуді жөн көрдік:

1. Алдымен, тиісті заңдарға өзгерістер енгізіп, ҚР ҚПК-нің 30-шы бабын, ҚР АПК-нің 14-ші бабын, ҚР ӘҚБТК-нің 738-ші бабының қазіргі редакциясын өзгертіп, оларды Еліміздік Конституциясының 7-ші бабының талаптарына сәйкестендіру қажет, яғни сот өндірісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, іске қатысушылардың жазбаша өтініші бойынша ресми тілде жүргізілуі мүмкін деп көрсетіп, «басқа тілдердің қолданылуы мүмкін дегенді» тез арада алып тастау қажет;

ҚР АПК-тің 14-ші бабының 6-шы бөлімінде өзгерткен немесе алып тастаған жөн.

2. Сот өндірісі мемлекеттік тілден басқа ресми тілде жүргізілген жағдайларда сот тілін білмейтін немесе нашар меңгерген әкімшілік жауапкершілікке

тартылушыны, азаматтық іс бойынша талапкер (талап қоюшы) немесе жауапкерді, айыпкер мен сотталушыны тегін заң көмегімен, яғни мемлекет тарапынан қорғаушымен немесе заңгер өкілмен қамтамасыз ету қажет;

3. Жобасы қызу талқыланып жатқан «Қорғаушылар(адвокаттар) және заңгерлік көмек көрсету туралы» Заң жобасында мемлекеттік тілде құқықтық көмек көрсету мәселелерін, жалпы мемлекеттік тілге артықшылық беру, тіл таңдау еркіндігі сияқты баптарды міндетті түрде қарастырған жөн. Өйткені аталған Заң жобасында мемлекеттік Тіл туралы, ол тілде қызмет көрсету мәселелері мүлдем қарастырылмаған; Осы орайда, әрбір «Халыққа қызмет көрсету орталықтарында» мемлекеттік тілде тұрғындарға тегін құқықтық, адвокаттың көмегін көрсету кабинеттерін ашу қарастырылса, «Сот кабинеті» арқылы түсетін құжаттардың қазақ тілінде түсуіне әсер етері сөзсіз;

4. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында барлық облыстық соттарда, көп құрамды қалалық соттарда кез-келген шараларды, жедел кеңестер мен аралық отырыстарды, соттың жалпы отырысын толық мемлекеттік тілде жүргізу үшін кем дегенде бір зал дайындап, оны ілеспе аударма, дыбысжазу қондырғыларымен жабдықтап, білікті маман аудармашылармен қамтамасыз ету қажет;

5. «Мемлекеттік қызметке тек қана мемлекеттік тілмен» деген қағиданы жүзеге асырып, сот төрағаларына, алқа төрағаларына, судьяларға, кеңсенің басшы қызметкерлеріне мемлекеттік тілді білу дәрежесін анықтау үшін тиісті сынақтан өткізіп, лауазымына сәйкес оны білу дәрежесін анықтайтын талап қойып, төрағалық лауазымға тағайындалу үшін мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін білуін талап ету қажет; Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, мемлекеттік тілге қатысты ахуал әр мекеменің басшысының қазақшаны қандай деңгейде меңгергендігіне, көзқарасына байланысты болып отыр. Басшы қай тілді жетік меңгерсе, сол тілге соншалықты көңіл бөлінеді; Жоғарғы Сот Кеңесі жергілікті соттарға судьяларды тағайындағанда, тағайындауға ұсынылып отырған судьяның сол ауданның ерекшелігіне сәйкес қазақ тілін еркін меңгеру, қазақ тілінде іс қарай алу мүмкіндігін ескерсе;

6. Мемлекеттік тілдің маңыздылығын арттыру мақсатында, оның сапасын жетілдіру үшін мемлекеттік тілде іс қарайтын судьяларға, тілді жетік меңгерген аппарат қызметкерлеріне әрдайым ынталандыру шаралары қолданылса, мемлекеттік тілде тұрғызылған сот үкімі, шешімі, ұйғару, қаулыларына әрдайым талдаулар жасалып, әртүрлі деңгейдегі байқаулар (конкурстар) жарияланып тұрса, оның қорытындыларын республика көлемінде насихаттау қажет; Қазіргі таңда Республика көлемінде мемлекеттік тілде өткізілген үздік сот процесі байқауы, басқа түрлі деңгейдегі бірен-саран шаралар ғана өткізіліп жүр. Бұл шараларға Судьялар Одағы да белсене қатынасып, қолдағаны жөн;

7. Күші жойылған Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1989 жылғы 22 желтоқсандағы №12-ші «Сот ісі жүргізілетін тіл жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» қаулысы кезінде зор практикалық мәні болғаны белгілі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жинағы, 1961-1997, (бірінші том) Алматы, «Санат», 1997).

Бұл қаулы небәрі 14-ақ пунктен тұрғанмен тілге қатысты көптеген күнделікті іс қараудағы туындайтын көптеген мәселелерді шешуге ықпал еткені белгілі.

1989 жылғы қаулы қабылданған кезеңдегі мемлекеттік тілдің жағдайын ескеретін болсақ, ол қазіргі таңдағымен салыстыруға келмейді. Бүгінгі таңда саяси тұрғыдан да, жалпы мемлекеттік тілге деген көзқараста, тілдің қолдану аясы да басқаша сипатта, ең бастысы сот саласында мемлекеттік тілді меңгерген кадрлар

жеткілікті.

2016 жылғы 22 желтоқсанда қабылданған №13 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында, бұрынғы қаулыда қарастырылған, практикалық маңызы бар кейбір қағидалар ескерілмей қалған.

Мәселен, бұрынғы қаулының 3-ші пунктінде « процесстің кез келген сатысында ана тілін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етпеу заң нормаларын елеулі түрде бұзушылық болып табылады және шешімді немесе үкімді міндетті түрде бұзуға әкеп соқтырады», 6-шы пунктінде қандай құжаттар міндетті түрде ана тіліне аударылып берілуі қажеттілігі, 12-ші пунктінде « сот өз ынтасы бойынша істі процесске қатысушылардың көпшілігі білетін басқа тілде қарау туралы мәселені шешуге праволы», 14-ші пунктінде «облыстық соттар сот ісі жүргізілетін тіл туралы заңдардың сақталу практикасын ұдайы зерттеп отыру, қажет болған реттерде жеке ұйғарымдар шығару арқылы жол берілетін бұзушылық фактілеріне назар аудару міндеттелсін» деп көрсетілген болатын. Осыларды аталған қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ретінде қарастырған жөн болар еді.

Жоғарыда келтірілгендер ұсыныстар және осы бағыттағы мемлекеттік тілдің сот өндірісінің барлық сатыларында кеңінен қолдануға мүмкіндік беретін шаралар болашақта қабылданатын заңдарда, нормативтік актілерде өз көрінісін тапса екен деген тілек-үмітіміз бар.

## **2. Билердің шешендік өнері мен тарихи мұраларын сақтау және тарату туралы.**

Құрметті жиынға қатынасушылар, тіл жанашырлары, бұл Диспут-трибуна «Рухани жаңғыру» аясында өткізіліп жатқандықтан, көкейімізде жүрген ұсыныс-пікірлерімізді де айта кетсем, тақырыптан алшақ кете қоймаспын деп ойлаймын.

Біріншіден, өткен жылғы қарашада Судьялардың кезектен тыс өткізілген VII съезінде сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев « Қазіргі судьялар атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұхар жыраулардың үлгі-өнегелерін, шешендік сөздерін біле ме екен?» деген сауал тастаған болатын.

Кезінде академик Салық Зиманов «Қазақтың «жарғысы мен билер сотында байлық пен дәулет түсінігі адам өміріндегі жан қуаттарынан кейінгі орында тұр. Билер соты біршама еркін әрі өнегелі болғандықтан, халық көңіліне де жақын және жағымды еді. Бұл орайда билер соты өркениетке ортақ үлгідегі сот жүйесі болғаны анық. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деп жазған еді («Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі», Алматы, «Атамұра», 2008,63-ші беті).

Қазақ билерінен «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Елге бай құт емес, би құт» деген даналық сөздер қалған. Міне, жаңғыртатын «Ұлттық код» дегеніміз осы емес пе?.

Баршаңызға мәлім, 2008 жылы мамыр айында Алматыда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен академик Салық Зимановтың «Интеллектуал-Парасат» заң компаниясы ұйымдастырған «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» атты Халықаралық ғылыми конференция еліміздің ғылыми өмірінде маңызды оқиға болып еді.

Сол Халықаралық ғылыми конференцияның қарарында «Қазақтардың көшпелі мемлекетінің ұлан-ғайыр кеңістігінде қалыптасқан билер соты XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің пікірінше «халықтық және шынайы» (Словоохотов Л.А.), сот билігі болды, билер «мінсіз адалдығы, табиғи даналығы, айнымас әділдігі және қазақ құқығын жетік білуімен» (Козлов И.А.) ерекшелінеді. Конференцияда көтерілген жоғары моральдық сот болып табылатын қазақ билер соты өз қызметінде адам

бостандығы мен әділдікті паш ететін, дәлелдік пен халықтық сипатын көтеретін әділ сот үлгісі ретінде оны жалпы мәдени құндылық ретінде қабылдауға лайық деген идея мен оның дәлелдемесіне бір ауыздан тілектестік білдіреді, бұл саланы одан әрі терең және кешенді зерттеуді қуаттайды», - деп атап көрсетіп, алты тармақтан тұратын қарар қабылдаған болатын. Соның бір-екеуіне ғана тоқталсақ, қарардың 2-ші тармағында «Билер әділсотының бірегейлігі туралы ғылыми тұжырымдаманың өзектілігін, оның теориялық және практикалық маңызын басшылыққа алсақ, осы салада зерттеу жұмыстарын кеңейту және тереңдету сөзсіз қажеттілік болып табылады. Осы мақсатта таяу арада Қазақстанда **Қазақ құқығы «Жарғы» және билер әділ сотын кешенді және салыстырмалы зерттеу жөнінде мемлекеттік мамандандырылған ғылыми-зерттеу институтын құру орынды деп санаймыз.**

3. Республиканың сот және өзге құқық қорғау органдарының қызметін жақсарту және жетілдіру, олардың жұмысында заңдылық қағидаларын нығайту мақсатында тәуелсіздік пен халықшылдық, әділдік пен бұра тартпау, жариялылық пен дәлелділік, шешендік пен ойды нығайту, адамға құрмет көрсету мен сенім, әлеумет пен бірлестікте тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылыс секілді билер әділ сотының жалпымәдени құндылығы мен тәжірибелерін қолдану және халық игілігіне жарату, делінген еді (қараңыз «Қазақтың Ата заңдары», Алматы, «Жеті жарғы», 2009, 10-шы том, 332 бет).

Келе жатқан 2018 жылы зор маңызға ие болған осы Халықаралық ғылыми Конференцияның өткеніне 10 жыл толғалы отыр. Ал, оның қарарлары сол күйінде орындалмаған күйінде қалып отыр. Біздің ойымызша, алдағы жылы Осы Конференцияның 10 жылдығына орай Республикалық деңгейде кешенді шаралар қолға алынса, оның қарарларын орындау мақсатында, бұл орайда, бірінші кезекте Сот саласы үнсіз қалмауы керек. Қазіргі таңда, «Рухани жаңғыру» аясында бұл мәселелердің өзектілігі, үндестігі дәлелдеуді қажет етпейді, оларды толықтай жүзеге асыруға қолайлы жағдай туып отыр.

Кейбір қоғам қайраткерлері (Мырзатай Жолдасбеков сынды), депутаттар арасынан да (Анар Жайылғанова сынды) баспасөзде құнды пікірлер айтып, осындай бағытта **Билер институтын құру, билердің тарихи мұраларын сақтау және тарату**, оны кешенді зерттеу қажеттігін айтуда. Біздің ойымызша, Қазақ құқығы мен билер сотын кешенді және салыстырмалы зерттеу жөнінде **ғылыми-зерттеу институтын (орталығын) Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясынан ашқан дұрыс болар еді.** Мұндай тәжірибие көршілес алыс- жақын шет елдерде бар, мыс, Қытайдағы «Конфуций ілімін зерттеу орталығы» немесе Ресейдегі «Рим құқығын зерттеу орталығы» барын айтуға болады. Осындай құрылым Сот төрелігі академиясынан ашылып жатса, шешендік өнер, мемлекеттік тіл мәселесі де онда көрініс табатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Қайрат Әбдірзақұлы Мәми мырза 2014 жылғы 26 наурызда «Егемен Қазақстан» газетінде басылған «Жол-айқын, мақсат – белгілі, мүдде – бір» деген көлемді мақаласында: «Судьялар қауымдастығының қайнар көзі, алтын бастауы билер соты деп бағалаған жөн. Даланың данагөй данышпандары Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, тіпті олардан ба бұрын өмір сүрген біздің даңқты бабаларымыз қазақ қоғамының, қазақ мемлекеттігінің дамуына бағасы жоқ үлестер қосып, ал рулар мен тайпалардың арасында қалыптасқан дауларды шешудің қайталанбас жолдарын көрсетіп, үлгілерін танытты. Осылайша дүние өзгеріп, қаншама ғасырлар артта қалса да адал сөз әділ биліктің жаңғырығы біздің жаңа дәуірімізде де әлі естіліп тұр.

Ендеше, өздерінің өмір жолдарын сот жүйесімен байланыстырып, судьялық қызметті таңдап алған әрбір азамат жаңа заманның әділ биі аталу үшін аталған ұлттық құндылықтарымыздан сусындап, тиісті қорытынды жасаған жөн. «Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын» деп алға ұмтылып, межелі мақсат пен асыл мұратқа жетуді көздеген азамат судьялық қызметті абыроймен атқаруы тиіс», - деп жазған еді.

Бұған қосарымыз әрбір судья ұлттық құндылықтарымыз мен тілімізді насихаттауға, оның кең қанат жаюына белсене атсалысуы керек.

*Екібастұз қалалық  
сотының судьясы  
Н. Саулен*

## СОТ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУЫ МЕН ҚОЛДАНУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ тілі егемен ел болудың арқасында мемлекеттік мәртебеге ие болды, бірақ тиісті тұғырға жете алдық па? – деген сұрақ туындауда. Н. Назарбаев : «Бүгінгі таңда біздің тіліміз ғылым мен білім тілі. Ана тіліміз мәңгілік елімізбен бірге - мәңгілік тіл болды.

Біздің тілімізді мемлекеттің барлық жүйесінде қолдану үшін өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек. Бұл мәселе даудың мәселесі емес, ұлттың ұйтқысы» - деді. Жалпы Ұлт жоспарында сот жүйесін жаңалаудың бірқатар қадамдары көрсетілді. Осы қадамдармен бірге мемлекеттік тіл мәселесінде ақсатпай алып жүру қажеттілік.

Мемлекеттік тілді қолданудағы өзекті мәселелерге тоқтамас бұрын, даму кезеңдеріне тоқталып кетейік. Олай болса, сот жүйесінде мемлекеттік тілді даму барысын үш кезеңмен қарастыруға болады деп ойлаймын.

Тарихқа көз салсақ, тіл мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болды. Соттардағы мемлекеттік тілдің қолданысы заман ағымына қарай талай құбылды.

Тарихи деректерге қарағанда, сот саласында қазақ тілінің дамуының **алғашқы кезеңі** - қоғам қайраткері, халық комиссары, алғашқы сот төрағасы Нығмет Нұрмақұлы Нұрмақовтың (1895 ж.25.04-1937ж.) кезінде басталды. Мысалы, 1923—1924 жылдары прокуратура мен сот органдарын ұйымдастыру, кәсіби кадрларды даярлау, іс жүргізуге қазақ тілін енгізу жұмыстарын аяқтаушы болды.

1925 жылдарға дейін сот үкімдері мен шешімдері ішінара орысша, басым бөлігі араб шрифтісіне негізделген қазақ алфавитімен жазылып беріліп тұрғанын байқаймыз. Кейіннен сот ісінде орысша мәтіндер көбейе түскен. Әсіресе, жоғары жақтан нұсқаулар тек орысша келе бастаған. Мысалы: Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында әуелі губерниялық, сосын округтік сотқа айналған мысалы

Оралдағы сот мекемесінде округтік сот ішіндегі болыстардан қатынас құжаттары мен есептер, баяндамалар араб қарпімен қазақ тілінде келіп тұрған. Құжаттар қолмен де, араб қарпіндегі жазба машинкасымен де жазылған.

**Екінші кезең** Тәуелсіздік алған жылдардан кейін басталды. Сот саласы 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Заңы, ҚР Президентінің 2001 жылғы 07-ші ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №550 Жарлығын орындау мақсатында ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы Қ.Мами 2005 жылғы 05-ші шілдеде «Мемлекеттік тілді қолдануды дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған іс-шаралары туралы жоспары мен мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшу кестесін» бекітті.

Бұрынғы ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитетімен 2005-2010 жылдарға дейін «Сот жүйесінің іс қағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшіру» кестесіне сәйкес 2010 жылы республика бойынша барлық соттардың іс қағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшіріліп, аяқталды. мемлекеттік тілді оқыту курстары ұйымдастырылды, соттарға әдістемелік көмек берілді.

Тіл аясында атқарған іс шаралары тексерілді. Жерлес ақындармен, зиялы қауым



өкілдерімен, сот жүйесінің еңбек пен соғыс ардагерлерімен, театр әртістерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер, әдеби кештер, сайыстар, семинарлар, конференциялар ұйымдастырылды.

Қызылорда облысының сот жүйесі 1996 жылы, Атырау, Маңғыстау облыстары 2004 жылдан мемлекеттік тілде іс қағаздарын ұйымдастырды.

2008 жылдан бастап басқа барлық облыс соттары кеңсе тілін мемлекеттік тілде ұйымдастырды, яғни кіріс-шығыс хаттары орыс тілінде болса да кеңседе қазақ тілінде тіркеді. Соттан шығатын кез келген құжаттар міндетті түрде мемлекеттік тілде жолданды. Міне, осындай игі істерді атқаруда 2007-2008 жылдардың I жыртыжылдығында Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстары ерекше белсенділік танытты, 2007-2008 жылдардың II жыртыжылдығында Астана қаласы, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары көзге түсті. 2009 жылы Қостанай облысы қазақ тілінің мәселесіне арналған дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастырды ерекшелік танытты. 2006-2009 жылды Астана, Алматы қалалары, Маңғыстау, Жамбыл, Оңтүстік, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Қызылорда Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарына әдістемелік көмектер беріліп, оң нәтижелерге қол жеткізді.

Бұл жұмыстар мемлекеттік тілге жанашыр басшы, аудармашы маман және қазақ тілін үйретіп жүрген оқытушылардың үлесінің нәтижесінде болғаны айтпастан түсінікті. Сонымен қатар, 2008-2010 жылдары Жоғарғы Соттың басшылық етуімен бір біріне жақын бес-бес облыстан жинап, тіл мәселесіндегі өзекті мәселелер бойынша Астана қаласы және Жамбыл, Атырау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында ірі-ірі семинарлар өткізілді. Мемлекеттік тіл аясында атқарылған жұмыстар нәтижесінде сот жүйесі 2009 жылдың 21 желтоқсан күні «Бейбітшілік және келісім сарайында» өткен «Тіл жанашырлары-2009» салтанатты марапаттауында ҚР Жоғарғы Сот төрағасы «Тіл жанашырлары-2009» медалі иегері атанса, 5 судья тіл жанашырлары төс белгісі мен марапаттауларға ие болды.

**Үшінші кезең** сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудағы туындаған өзекті мәселелерді көтеру кезеңін жатқыуға болады. Қазақ тілін қолданудағы өзекті мәселенің бірі ең алдымен қоғамда мемлекеттік тілді меңгерген адамдардың аз болуы мемлекеттік тілді қолданудағы бірінші кедергі болып табылуда.

Мысалы, (2010 жылғы бір облыстың бір саланың ғана мәліметі бойынша) бір 400-дей маман жұмыс істесе, олардың мемлекеттік тілді еркін меңгергендері 115 (28,7 % құрайды), ал орташа сөздікпен жұмыс жасайтындары – 201 (50 % құрайды) және мемлекеттік тілді өз деңгейінде білмейтін мамандар саны -84 (21% құрайды).

Көріп отырғанымыздай әлі де арқаны кеңге салып, мемлекеттік тіл үйрету төңірегінде жұмысты босаңсытуға болмайтынын аңғаруға болады. Бүгінгі таңда кез келген қоғам саласында бір мемлекеттік мекемеде толық мемлекеттік тілде жазып, сөйлей алатын 10 адам табу өте қиын.

Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа үлгісін қалыптастырып, қайтадан жаппай оқыту қажет. Тәжірибе соңында барлық қызметкер бірдей қазақ тілінде жұмыс жасай алмаған жағдайда, екі тілде жұмыс жасайтын санаулы мамандардың жұмыстарын бағалау, үстемақы төлеу немесе марапаттау шараларын белгілеу мәселесін де қайта қарау қажеттілік.

**Екіншіден,** Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Тіл саясатының тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік

бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 — 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының XV сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3-тармағына, Ұлт бірлігі доктринасына сәйкес мемлекеттік тілде жұмыс атқарудың жаңа тәсілін бекіту кезек күттірмейді.

Өйткені 2012 жылдан бастап сот саласында қазақ тіл мәселесі «Баяғы жартас, сол жартас» қалпында қалып отыр. И.Тасмағамбетов айтқандай «Өзгеге емес өзімізге керек екенін түсінбей келеміз?. Тіл бар жерде қазақ бар, тіл жоқ жерде қазақ жоқ- деп санандар!» - деген түйінді тұрақты есте ұстау маңызды.

Бізге осындай ұстанымдарды жүзеге асыруға бар күшті салып, аянбай еңбек ету қалды. Конфуции былай дейді: -Танымның үш жолы бар. Ең оңайы —еліктеу, ең ащысы-тәжірибе, ең мәртебелісі-ойлау. Олай болса, мемлекеттіктің бір факторы болып табылатын тіл мәселесін әрбір азамат ұлтшылдық мәселесіне алып келмей, дұрыс түсініп, дұрыс ойлауы қажет. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды.

Дегенмен, қазақ тілін дамыту мен қолдануда отанымыздың әр бір азаматы үлес қоса алмауы өкінішті...

**Үшіншіден,** тіл жанашырларының саны қазіргі кезде азайды, себебі, екі тілді қатар меңгерген маманның жұмыс жүктемесі екі есе артуы, олардың жұмыстары бағаланбауы және қазақ тілін білгені үшін тілді білмеген маманның жұмысын істеуі, аудармашының рөлін атқаруы.

Сондай-ақ арнайы аудармашы қатысқан жағдайда, олардың жұмыстарын реттейтін арнайы нормативтік акт мен олардың істеген жұмыстарын бағалаудың нақты жүйесі болмауы өзекті болуда.

Мысалы, қылмыстық немесе азаматтық іске аудармашы маманды тауып қатыстыру өте қиын. Тәжірибеде аудармашыны қатыстыру үшін жасандылыққа (формальдылыққа) еріксіз жол беріледі.

Өйткені маман аударма жасай алғанымен арнайы дипломы (куәлігі) жоқ жағдайы жиі кездеседі, сондай-ақ барлық соттарда штаттық кесте бойынша арнайы аудармашылар бола бермейді, қаралатын істер мерзімдерінің тығыздығына байланысты еріксіз арнайы дипломсыз аударма жасай білетін мамандар аудармашы ретінде қатысу жағдайлары өте көп. Себебі іс бойынша әр түрлі тілдерді аударатын нақты аудармашылар табыла бермейді.

Аудармашылармен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аудару кезек күттірмейді. Бұл мәселені шеші үшін материалдық –техникалық қамтамасыз ету бөлімдері арнайы «003» бағдарлама бойынша аудармашылармен шартқа отырып, аудармашы қажет деп таныған кез келген соттың алдын ала берген сұранымына кез келген уақытта барлық тілдердегі аудармашымен қамтамасыз етуіне болады деп ойлаймын.

**Төртіншіден,** Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңының 1-бабының 8)-тармақшасында уәкілетті орган – тілдерді дамыту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган-деп көрсетілген. Алайда, Республикамызда кез келген қоғам саласында бұл талап орындалып жатыр ма? -деген сұрақ туындайды.

Мысал айтсақ, Қазақстан Республикасының сот жүйесінің 2010 жылы кеңсе

тілінің қазақ тілінде іс қағаздарын ұйымдастыруға толық көшуіне байланысты «Төрелік» электрондық базасы бойынша кез келген кіріс және шығыс құжаттары мемлекеттік тілде тіркелуі тиіс еді. Алайда, осы жерде орындайтын талапты біз тәжірибеде керісінше енгіздік.

Мысал айтатын болсақ, кез келген апелляциялық, кассациялық тәртіпте қарауға жолданатын істердің жолдама хаттарын екі тілде жасаймыз. Себебі, соттың кіріс-шығыс құжаттарының мемлекеттік тілдегі тіркелуі үлесін арттыру мақсатында екі тілде дайындадық. Яғни, жасандылыққа жол берілді. Бұл жағдай ҚР АПК, ҚР ҚПК-тің нормаларына және тіл туралы заңының талаптарына қайшы келеді.

Сондықтан бұдан былай, қазақ және орыс тілінде тілінде қаралатын істер істер жолдамалары мен хаттары істің түскен тілінде ғана жолдануы орынды болмақ. Өйткені сот ісін жүргізу тілінің нормаларына қайшы келмейді, қағаз үнемделеді, әрі аудармашы маман немесе екі тілді меңгерген мамандардың жүктемелері азаяды.

Ең бастысы, мемлекеттік тілде қаралатын істердің көбейуіне нақты жол ашылады. Ал, істерге қатысты емес, кез келген хаттар мен жолдамаларды тек мемлекеттік тілде жіберу орындырақ болмақ.

**Бесіншіден:** Сот саласының мемлекеттік тілде жүз пайыз жұмыс істеуі тікелей сотқа берілетін арыз, талап арыз, шағымдарға байланысты болғандықтан қоғамдағы барлық салалардың, қорғаушылардың атқарар міндеті зор. Сонымен қатар мемлекеттік тіл мәселесінде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі де ерекше роль атқарады.

Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін мемлекеттік тілде шығатын басылымдарға жазылу көрсеткішінен де байқауға болады.

Мемлекеттік тілде жарияланатын басылымдарға ат салысу әр азаматтың парызы. Әрі кез келген адам қазақ тілін жақсы меңгеруі үшін мемлекеттік тілдегі басылымды оқуы қажеттілік. Орыс тілінде қате жазбауға тырысқанымыз сияқты, қазақ тілінде дайындалатын құжаттарға да солай қате жібермеуге машықтану міндет.

Мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты іс шараларды қоғамдық іс шара ретінде ғана өткізбей, нақты қазақ тілінің қызмет тілі ретінде қолдану жетістігіне жету мақсатында болу керек.

**Алтыншыдан:** Болашақта бюджеттен мемлекеттік тілге бөлінген қаражаттардың нақты орынды жұмыстарға бөлінуіне ерекше назар аудару керек. Қоғамда бюджеттен мемлекеттік тілге бөлінген қаражаттардың өз орнын таппай жатқанына көптеген мысалдар келтіруге болады.

Мысалы. Тілге бөлінген ақшадан ендігі кезекте латын тілін оқытуға назар аудар кезек күттірмейді. Әр адам ана тілі үшін қандай үлес қосуым керек деп ойлап жүруі міндет. Өз ұлтын, тілін сүйіп, өз өнерін өбектемеген, қадірлей білмеген адам нағыз өз халқының азаматы бола алмайды.

Жазушы К.Г. Паустовский айтқандай өз ана тілінді қадір тұтпай тұрып, ел жұртыңды сүйе алмайсың-деген. Тілді білу өнер, игеріп өрге жүзу, артық дәулет басқа қону болып саналады. Ертеңгі күннің болашағы осы тілге байланысты екенін айқым келеді.

Жергілікті халықтың басым бөлігі ресми тілді болғандықтан сотқа түсетін талап арыздардың 99 пайызы ресми тілде түседі дейміз. Алайда, халықтың емес, сотқа талап арызды дайындап берушілердің тілі ресми тіл екенін аңғара бермейміз! Сот ісін жүргізу тілін біртіндеп қазақ тілінде жүргізу, қазақ тілінде қаралатын істер санын арттыру үшін тиісті іс шараларды атқару міндет!

Мысалы, Екібастұз қалалық сотында 2008 жылы барлығы 640 қылмыстық іс

**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»  
ДИСПУТ-ТРЕБУНАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

қаралса, оның 16 қылмыстық ісі қазақша қаралды. 2009 жылы 480 қылмыстық іс қаралса, оның 12-сі қазақ тілінде қаралды. Ал, 2010 жылы - 689 қылмыстық іс қаралса, оның 5-і қазақ тілінде қаралған.

2009 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 1,78-% артқанын байқауға болады.

Азаматтық істерге тоқталатын болсақ, 2008 жылы -13 іс, 2009 жылы – 23, 2010 жылы -18 іс қазақ тілінде қаралды. Жылдан –жылға мемлекеттік тілде қаралатын істер саны көбейіп келеді.

2011 жылғы 6 айда сотқа 15 856 құжат түссе, оның 1761 (11%) мемлекеттік тілде, ал 19 143 шығыс құжаттарының 11 444 (60%) құжаты мемлекеттік тілде жолданады. Сот кеңсесінің ішкі құжаты айналымы 91 құжат болса, оның 62-сі қазақ тілінде дайындалған, яғни мемлекеттік тілдегі көрсеткіш 68%-ды құрайды. Соттың жалпы құжат айналымы 35 130 болса, оның 13 267 мемлекеттік тілде, яғни 38%-ды ғана құрап отыр.

Алайда, сот ісін жүргізуді мемлекеттік тілде ұйымдастыру тек сотқа байланысты емес, жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар мен мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдарға тікелей байланысты екенін сотқа түсетін құжат айналымынан көруге болады.

Дегенмен, 2010 жылғы 6 айды 2011 жылғы 6 аймен салыстырғанда сотта мемлекеттік тілді дамыту аясында тиісті іс шаралар атқару нәтижесінде мемлекеттік тілде қаралатын істер саны күрт өскенін мына көрсеткіштен көре аласыз.

Кесте 1.

Мерзім	Қаралған қылмыстық істер саны		Қаралған азаматтық істер саны	
	жалпы саны	мемлекеттік тілде	жалпы саны	мемлекеттік тілде
2013ж.	547	5	10959	28
2014ж.	436	8	12094	30
2015ж.	424	3	13741	41
2016ж.	483	3	15695	52
2017ж.	500	5	14519	46


2011 жылғы 6 айда 202 азаматтық іс мемлекеттік тілде түсіп, қазақ тілінде қаралған істер саны 187 іске артып, 92,5 %-ға күрт көтерілген. 100 азаматтық іс шешім шығарумен аяқталса, 63-не сот бұйрығы шығарылды, 2 азаматтық іс сырттай тәртіппен қаралып, аяқталмаған істер саны 179-ды құрады. Қаралу үстіндегі 2012 жылға өтетін қалдық істер 38 –ді құрады .

Республик бойынша құжат айналымның көрсеткіші 2017 және 2016 жылдардың 1 тоқсаны бойынша салыстармалы кесте № 1,2.


**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»  
ДИСПУТ-ТРИБУНАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**





2016 жылғы 1 тоқсандағы ішкі құжат айналымының  
пайыздық көрсеткіші



2017 жылғы 1 тоқсандағы ішкі құжат айналымының пайыздық көрсеткіші



**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»  
ДИСПУТ-ТРИБУНАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**



Сондықтан сотта қаралатын мемлекеттік тілдегі істер санының көбейюуі тікелей сотқа арызбен жүгінетін тараптарға байланысты екені жоғарыдағы көрсеткіш дәлелдеп отыр.

Яғни, азаматтар мен мекемелердің, органдардың алатын орны ерекше екенін көре аламыз.

Қорыта айтсақ, мемлекеттік органдар, кәсіпорындар мен ұйымдардың беретін

арыздары мен талап арыздары, шағымдары алдымен мемлекеттік тілде берілген жағдайда ғана сот ісін жүргізу тілі мемлекеттік тілде болатынын айтқымыз келеді деп келесі ұсыныстарды ұсынамын:

- мемлекеттік тілдің мәртебесін жаңа қарқынмен көтеру, оның қолданылу аясын кеңейту мәселелерін түбегейлі шешу;

- сот жүйесіндегі мемлекеттік тілді дамыта отырып, латын әліпбиіне көшудің тиісті шараларын қарастыру және мемлекеттік мекемелермен хат-хабарларды қазақ тілінде алмасу, шығыс және кіріс құжаттар айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесін арттыруды үзбеу;

- судьялар мен сот қызметкерлері тілді дамыту, әрі қолдану аясындағы ұсыныстарын ұсыну, тіл аясындағы іс шараларды орындауды қолға алу;

- мемлекеттік тілді күнделікті қызмет тіліне айналдыру;

- соттарды электрондық түрдегі заң сөздіктерімен қамтамасыз ету;

- сот іс қағаздар үлгілерінің бірыңғай үлгісін жинақтап, жергілікті соттарға үлестіру; үлгісін тарату;

- әдістемелік көмек көрсету арқылы мемлекеттік тілдің қолданылуын жаңғырту;

- аудармашыларға қатысты мәселелерді шешу;

- заң нормаларына сай жүктемесі көп мамандарды көтермелеу;

- оң нәтижеге жеткен соттардың тәжірибесімен насихаттау және тәжірибе алмасу;

- жалпы сот жүйесінде 2005 жылғы 05 шілдедегі ҚР Жоғарғы Сотының мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшу кестесіне сәйкес іс қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізуге көшу толығымен аяқталғанмен республика бойынша Президенттің 2011-2020 жылдарға арналған тіл бағдарламасына сәйкес мемлекеттік тілдегі жұмыстарды жалғастыру;

- Сот төрелігінде бағдарламасы бойынша тіркелетін құжаттар орыс тілінде түссе де мемлекеттік орган ретінде құжаттар қазақ тілінде тіркелуін қолға алу;

- әр соттың сайтында мемлекеттік тілге арналған блок ашылу және блок арқылы тәжірибе алмасу;

- мемлекеттік тіл бойынша бөлінген ақшалар нәтижесіне, жұмыстарына талдау жасау және нәтижелі орындалуын бақылауға алу.



*Қарағанды облыстық  
сотының судьясы  
М. Азбанбаев*

## ТЕОРИЯНЫҢ ТҮБ-ТӨРКІНІ: ТӘРБИЕ

Қазақстан Республикасы Президентінің 26 қазан 2017 жылғы Жарлығымен латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі бекітілгені барша жұртқа белгілі.

2017 жылдың 24 қарашасында Астана қаласында өткен диспут- трибунада сот ісін жүргізу барысындағы мемлекеттік тілдің заң бойынша қолдану аясын кеңейту үшін Оқу - әдістемелік орталық құру ұсынылды.

Біздің ойымызша аталған орталық Сот төрелігі академиясының базасында құрылатын болғандықтан жаңа құрылымның атауын мақсат міндетіне сәйкес келесідей бекіткен дұрыс болар: «Мемлекеттік тіл- қазақ тілі» **Ғылыми әдістемелік зерттеу Орталығы**.

Ғылыми әдістемелік Орталықтың зерттеу объектісі:

- азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандарындағы қазақ тілін қолдану теориясы мен тәжірибесі;

- сот билігі тұрақты судьялар арқылы соттарға ғана тиесілі болғандықтан судьялардың мемлекеттік тілді міндетті түрде меңгеруін кәсіби біліктілік санатына жатқызу нормасын енгізу мәселесі;

- сот төрелігінде сот ісін қазақ тілінде жүргізуді құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесін шешудің заңнамалық тетіктері.

- сот билігінің мемлекеттік тілді меңгеруін заң арқылы талап ету жолдарын анықтау;

Біздің ұсынып отырған зерттеу ісі түпкілікті мақсат-мүддеге жеткізер таза ғылыми құқықтық жолдар. Теория мен тәжірибені ұштастыру. Нақты нәтижеге түпкілікті түрде қол жеткізуді мақсат қылып қою. Орталық қазақ тілін оқытатын тағы бір мекемеге айналмауға тиіс.

Қазақ тілін оқытатын мекемелердің оқыту процесі басқа болған соң «Орталық» мысалы А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтымен әріптестік жағдайда сот жүйесіндегі қазақ тілін меңгеру мәселесін шешу үшін ғылыми-теориялық әдістеме жасақтай алады.

Бұл ретте ЮНЕСКО-ның 1997 жылы Гамбург қаласында қабылдаған V-халықаралық конференциясының Декларациясы басшылыққа алынса.

Осы құжаттағы ойлар кезінде Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазба» атты 1864 жылғы еңбегінде «қазақ білімін әлемдік ғылым деңгейіне жеткізу үшін күресу керектігін» айтқан тұжырымдарымен тығыз байланысты екенін ескерген жөн.

Президенттің Жарлығынан соң әрбір адам, азамат, қызметкер, судья жаңа әліпбиді білуге міндетті.

Жаңа әліпби - заң. Заң болған соң, ол міндетті түрде орындалуға жатады. Сондықтан да, судья тіл заңын нормативтік құқықтық актілер негізінде өз бетімен оқуға, меңгеруге міндетті.

Жарлықта Президент үкіметке заңнамалық сипаттағы шаралар қабылдауды тапсырған.

Әрине, бұл заңнамалық актілер жаңа әліпбиге көшуді реттейтін нормативтік құқықтық актілер болмақ. Жаңа емле, ережелер заңмен анықталып, бекітілетіні

күтілуде.

Конституция нормасына сәйкес әркім заң мен сот алдында тең болған соң барлық судьядан тіл білуді заң арқылы талап етуге мүмкіндік бар.

Яғни жеке тұлға судьяның жауапкершілігін тәрбиелеудің заңды тәртібін орнату.

**Мемлекеттік тілді меңгеруге арналған ғылыми - әдістемелік орта қалыптастыру жолы.**

Академия жыл сайын жоғарғы білімі бар судьяларға арнап олардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған жарты айлық сабақтар өткізеді.

Судья сотқа оралған соң академияда алған білімін жетілдіріп отыруға тиіс, ұйтпесе оқып білгенін келесі шақыруға дейін ұмытады, адам баласының есте сақтау қабілеті әртүрлі һәм шектеулі, өмір өзгермелі.

Адам баласының білім-білігін жетілдірудің бір - ақ жолы бар. Ол өз бетімен іздену, білімін толықтыру, жаңғырту және білімімен өзгемен, мысалы мектеп оқушыларымен бөлісу арқылы үлгі өнеге көрсету, тәлім тәрбие беру.

Бұл амал әдіс Академияның өзіне де тәжірибелік тұрғыдан пайдалы болар еді. Сот жүйесі қоғам мен адам алдында өзінің беделін көтеріп, өзіне деген сенімді арттырып, қажетті қарым - қатынас орнатпак. Өзгеге үлгі беруші өзі де үздік болу шарт.

Біз ұсынып отырған жол ешқандай қосымша қаржы талап етпейді. Басқа кадрларды да іздейміз, бар жұмысты өз күшімізбен атқарамыз. Бір орталықтан ұйымдастырылып, қадағалауға ұтымды «білімді жетілдіру жүйесін» ұсынамыз.

**Білімді жетілдіру жүйесі:** Академия > облыстық соттардың оқу орталықтары > жергілікті соттар > судья > мектеп > оқушы > ата-ана > бала- бақша > аула > адамзат.

Оқушы ертеңгі азамат, мамандық таңдаушы, ел иесі сол себепті оны бала кезден заңмен баулу, заңдылық принципінә үйір қылу.

Ғылымда оқу- білімді дамыту теориясы- эдукология деп аталады екен. Бұл терминнің негізгі мағынасы-тәрбие. Сол сияқты этика терминінің алғы мағынасы- ұя, ұрпақтардың бірлесіп өмір сүретін ортасы, шыққан тегі. Қазақ «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді.

Бізге қазақ тілін меңгерген, қазақ мәдениетін, әдебиетін игерген, мемлекетшіл мінезді тұлға жасақтау қажет. Қазақ тілін тұтынатын, қазақ тілін ұстанатын жеке тұлғаны қалыптастыруда, Президенттің №569 Жарлығын басшылыққа ала отырып, заң арқылы қазақ тілін меңгерген тұлғалардың қатарын көбейту. Сан сапаға апарады, сапа саналыққа жетелейді.

Егерде біз Президенттің Жарлығы бойынша жаңа әліпбиіге қатысты қабылданатын нормативтік құқықтық актілерді дер кезінде, жарияланған сәттен «Білімді жетілдіру жүйесі» арқылы түсіндірсек міндетті түрде ұтамыз, қоғам мен адамзат алдындағы соттың жаңа сана қалыптастырудағы миссиясын тиісті деңгейде атқара алар едік.

Біріншіден, судьяларды қазақ тіліне байланысты заңдарды оқуға, жаттауға, білуге қажетті жағдай ахуал жасаймыз.

Екіншіден, заңдарды насихаттау барысында әртүрлі әдістемелік амалдар жинаймыз, тәжірибелік қор құраймыз. Бұл практикалық прагматикалық ұстаным.

Ең бастысы, Президент Жарлығында көрсетілген соңғы кезең - 2025 жылға бүкіл сот жүйесін жоспарлы түрде дайындап шығуға болады.

Диспут трибунада айтылған ой- ұсыныстарды зерделеп, елестеп-екшеп қазақ тілінің сот төрелігіндегі құқықтық кеңістігін кеңейтуге бағытталған ғылыми-әдістемелік «Жеті жылдық жоспар» жобасын жасақтау да дұрыс болар деп санаймыз.

*Қарағанды облыстық  
сотының судьясы  
М. Азбанбаев*

### ЗАҢГЕР- ЛИНГВИСТ (тезис)

Латыннан шыққан «Диспут- трибуна» терминдерінің әсілгі бір мән- мағынасын қазақ тілінде сөйлетсек «мәртебелі есеп» деу жөн болар.

Есептің басын сот төрелігінде қазақ тілінің қолданудағы «кедергілердің» пайда болуының бірі мемлекеттік тілдің қолданудағы құқықтық кеңістігіне қатысты ортақ ғылыми көзқарастың қалыптаспай отырғандығынан бастасақ.

Сот тіліне байланысты Азаматтық процестік кодексте 14- бап арналған, енді сол норманың 1-ші бөлігін алып қарастырайық: «Азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады.»

Заң мәтініндегі біз астын сызып көрсеткен «жүргізу» сөзі бір ғана нормада үш қайтара жазылған. Орыс тіліндегі мәтінде бар жоғы бір-ақ рет «является» деп орынды қолданылған. «Является- болу, болады, табылады»- яғни «бар» ұғымын береді.

Кодекстің атауы «Азаматтық процестік» деп белгіленген соң, «Сот ісін жүргізу тілі» делінген 14- баптың 1-ші бөлігінде «азаматтық процес - қазақ тілінде жүргізіледі, онымен қатар орыс тілі, заңмен анықталған жайларда басқа тілдер де қолданылады. »- деген редакцияда берген жөн.

Қылмыстық - процестік кодексінің 30- бабының 1-ші бөлігінде де сол ахуал: «Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады.

Өздеріңіз көріп отырғандай, нақты заң нормасында бір ғана «жүргізу» сөзінен қазақы тілмен айтсақ «аяқ алып жүре алмайсыз.»

Оның себебі, бізде жобалары орыс тілінде дайындалады да, оны қазақ тіліне аударады. Ал, аудармашылардың көбісі филолог, бірыңғай тіл маманы, олар заңгер емес. Заң, құқық, сот тілінің табиғаты, бойы, құрылымы, ой-қисыны тым ерекше.

Сот төрелігіндегі қазақ тілінің дұрыс қолдануын қамтамасыз етер шараның бірі Сот Академиясының оқу бағдарламасына жаңа ғылыми пән енгізу қажет- «Forensic Linguist» - сот лингвистикасы.

Сот төрелігінің ауызша және жазбаша тілін зерттеу, оқыту, үйретуге арналған бейресми орталықтар АҚШ, Ұлы Британия, Францияда баяғыдан бері қызмет көрсетуде.

Бұл жайында әлемде өте мол арнайы ғылыми әдебиет бар, дайын нәрсені әдістемелік тұрғыдан негізге ала отырып біздің жағдайға бейімдеп жана пәннің жобасын дайындау жолы бар. (Мысалы- Т.В.Дубровская Судебный дискурс: речевое поведение судьи на материале русского и английского языков - М.: Изд-во «Академия МНЭПУ» 2010. -351 с.)

**Ұсыныс:** Диспут- трибунаға «заңгер- лингвист» маманын дайындауды қолға алуды негізгі шешілуге жататын мәселе етіп шығару керек.

Барлық кедергі кәсіби заңгер-лингвистердің жоқтығынан туындап отыр, басқа елдерде бұл мамандық жеке кәсіп ретінде ресми танылғаны ақиқат.

Сот төрелігі бүкіл қоғам, адам, азамат, мемлекет органдарымен тікелей

байланысты, сотта қазақ тілі өз мәртебесіне сай өмір сүруі үшін құқықтық лингвистикаға шұғыл түрде, тез арада көңіл бөлген дұрыс болар.

Құқықтық лингвистикаға байланысты іс- шараны жергілікті соттардағы сот жүйесіндегі оқу орталықтарының мүмкіншілдігін пайдалану керек.

Президенттің 2017 жылғы 26 қазандағы жарлығымен жаңа қазақ әліпбиі бекітілді. Енді жазу, емле ережесі арнайы заңмен анықталып қабылданады.

Заң болған соң оны орындау қажет екендігі белгілі. Ол заң сот төрелігінде қолданылуы үшін соттар мен мамандарға заң талаптарын түсіндіру, талдау, оқыту, үйрету іс- шараларын соттардағы оқу орталықтары арқылы жүзеге асыру тиімді.

Бір орталықтан, бір жүйеде, бір жоспармен оқытқан пайдалы, тілге қатысты бар әдіс- амалды ғылыми тұрғыда заң нормасына сай жүргізген ұтымды. Ұсыныс: Сот жүйесіндегі оқу орталығының бағдарламасына 2018 жылдан бастап қазақ тілінің жаңа әліпбиін, емле, ережесін жүйелі түрде оқытуды ресми түрде енгізу. Бұл- қазақ тілінің құқықтық кеңістігін кеңейтудің бір түрі.

Соңғы ұсыныс: Баспасөзде жарияланған ғалымдардың ойларына қарағанда жаңа жазу-сызу туралы біркелкі стандарттары бойынша заң қабылданған соң біздегі филологиялық білім саласын реформалау қажеттілігі күн тәртібіне қойылмақ.

Жаңа жазу -сызу затында таза ғылыми лингвистикалық дүние, ол дегеніңіз тіл грамматологиясы, жазу теориясы, ортологиялық лексикография, фонетика, фонология, сөйлеу мәдениеті.

Сол себепті диспут-трибунаға А. Байтұрсынов атындағы тілбілімі институтының лингвист ғалымдарын шақырып кеңескен де дұрыс шығар.

*Қостанай облыстық  
сотының судьясы  
Қ. Екішева*

## **СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (тезис)**

Бүгінгі күні негізі мәселердің бірі - мемлекеттік құрылымдардағы іс жүргізу, онда мемлекеттік тілді қолдану.

Сонымен қатар мемлекеттік тілде жазылатын сот актілерінің сапасын арттыру және олардың біркелкі жазылуын қамтамасыз ету, ортақ сот практикасын қалыптастыру мақсатында заң терминдерінің электрондық эталонды сөздігін жасау.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілі қолданудың бір маңызды мәселесі - аудармашылардың болмауы. Соттарда мемлекеттік тілді білетін, аударма жұмыстарын жүргізе алатын мамандарға қосымша ақы төлеп, аудармашының міндеттерін жүктеу немесе аудармашы бос лауазымын енгізу туралы ұсыныстар бар.

Іске қатысушы аудармашылардың сыйақыларын көбейтуді ұсынамыз.

Мемлекеттік тілді қолдануды жетілдіру мақсатында мынадай ұсыныстар:

мемлекеттік тілі үйретудің тиімді әдістерін жасау, яғни жаңа технологиялар енгізу, тілді үйрету мен меңгерудің алдыңғы әдістерін жасау, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілдің білуіне жағдай жасау;

мемлекеттік тілді үйрететін ұйымдардың жауапкершіліктерін күшейту, сонымен қатар тілді үйретудің сапасыз курстарын өткізу мен олардың сертификат берулерін болдырмау;

Мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшу мәселесі өте күрделі және маңызы зор іс-шара.

Сот төрелігіне де латын әліпбиін енгізу кезең-кезеңімен жүргізілу керек. Облыстық соттардың оқу орталықтарында судьялар мен сот қызметкерлеріне арналған латын әріптерін оқыту курстарын ашу.

Латын әріптерін меңгеруге арналған оқу құралдарын шығару, арнайы компьютерлік бағдарламалар жасау қажет.

Латын әріптері оңай жазылғанмен, өз тілімізге тән көптеген дыбыстардың жазылуы әлі де қоғамда талқылануы керек, бұл істе асықпаған жөн.

*Судья Северо-Казахстанского  
областного суда  
Ж. Кенжебаева*

## **ПРИМЕНЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА В СФЕРЕ ОТПРАВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ. СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ**

Құрметті диспут-мінбер қатысушылары!

Қазақ тілі - бостандықпен, тәуелсіздікпен, демократиямен қатар құндылық болып табылатын мемлекеттік тіл, қазақстандық қоғам дамуының ажыратылмас, маңызды, біріктіретін фактор. Мемлекеттік тілді сапалы білу, оның жоғары әлеуметтік мәртебесі мемлекеттіліктің, қазақстандық ерекшелік пен мәдениеттің, еліміздің ішкі тұрақтылығы мен рухани қауіпсіздігінің сақталуына ықпал етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың саликалы және даналы саясатының арқасында қазақ тілі мәртебесінің қазіргі қазақстандық қоғамның санасында мұндай пайымдауы нығая түсті.

Уважаемые участники диспут-трибуны!

Казахский язык - государственный язык, являющийся ценностью, наряду со свободой, независимостью, демократией, неотъемлемый, важный и объединяющий фактор развития казахстанского общества. Качественные знания государственного языка, его высокий социальный статус служат сохранению государственности, казахстанской самобытности и культуры, внутренней стабильности и духовной безопасности страны.

Такое понимание статуса казахского языка в сознании современного казахстанского общества укрепилось благодаря взвешенной и мудрой политике Главы государства Н.А. Назарбаева.

Актуальность вопросов статуса казахского языка, как государственного, а также его применения в сфере отправления не снижается, особенно в свете перехода на латиницу.

Основным регулятором отношений в сфере языков является Закон РК «О языках в Республике Казахстан», принятый в 1997 году. Этот закон пришёл на смену аналогичному Закону 1989 года. В нём углубленно отражены правовые основы функционирования языков и обязанности государства в создании условий для их изучения и развития.

В результате поступательной и продуманной национальной языковой политики государства казахский язык постепенно стал языком науки, политики, управления, информации и, конечно, правосудия.

Как известно, этнические особенности Северо-Казахстанской области обусловлены его географическим положением - север Казахстана, южная окраина Западно-Сибирской равнины и часть Казахского мелкосопочника, граничит с тремя областями России: Курганской, Омской и Тюменской.

Исторические особенности заселения области, особенности экономического развития 1950-1960 годов, вызвавшие большой приток населения из областей Российской Федерации и Украины, обусловили высокий процент русскоязычного населения.

При численности населения в 570 тысяч человек, казахи составляют 197 тысяч или 34,6%, русские - 283, 4 тысячи или 49,8%, украинцы - 24,8 тысяч или 4,3 процента, остальной процент приходится на другие национальности (немцев, поляков,

татаров и другие национальности).

Соответственно, и в отношении судей и работников судов Северо-Казахстанской области на 2017 год имеет место следующая закономерная статистика:  
по штату из 120 судей 71 рассматривает дела на государственном языке - 59,1%;  
читает и понимает государственный язык 30 судей - 25%;  
не знает государственного языка 19 судей - 15,8%.

По сотрудникам:

из фактически работающих 293 сотрудников, владеющих государственным языком, которые могут вести документооборот и делопроизводство на государственном языке 172 человека или 58,7%;  
не знают государственный язык 93 сотрудника или 31,7%.

Из 23 086 рассмотренных дел на государственном языке рассмотрено 35 дел, что составляет 0,1%.

Эти цифры, прежде всего, связаны с тем, что заявления, поступающие в производство, оформляются в основном на русском языке. Здесь необходимо отметить, что язык гражданского судопроизводства определяется на стадии предъявления заявления в суд, зачастую заявление подается на том языке, которым владеет в первую очередь адвокат, а не сам истец (заявитель). Как известно, в Северо-Казахстанской областной коллегии адвокатов, состоящей из 148 членов, не будет и 20% адвокатов, владеющих государственным языком и способных оказать квалифицированную юридическую помощь на государственном языке на необходимом высоком профессиональном уровне.

Безусловно, изучение государственного языка - это вопрос выбора каждого, вместе с тем, осознание того, что от этого зависит национальная безопасность, социальная стабильность и интеллектуальная развитость страны, интеллектуальная развитость и востребованность каждого гражданина, как специалиста в той или иной отрасли, на мой взгляд, должно быть стимулом для совершенствования своих знаний государственного языка.

Это касается и нас судей, в новых условиях предъявляются высокие требования, в этой связи каждый судья обязан идти в ногу со всеми реформами и новшествами, работать над повышением уровня своих профессиональных знаний, каждый день заниматься самообразованием, чувствовать личную ответственность за уровень владения государственным языком, конечно, стремиться к безупречному знанию государственного языка, разрешать споры, проводить судебные заседания и выносить судебные акты, демонстрирующие участникам процесса и всему казахстанскому обществу высокие качественные знания и глубокое уважение к государственному языку.

Чтобы укрепить и еще больше активизировать процессы такого прогрессивного осознания важности государственного языка необходимо принять системные меры по повышению языковой культуры и сознания судей.

Несмотря на вышеприведенную статистику, в Северо-Казахстанской области в этом направлении ведется целенаправленная работа, об этом свидетельствует и тот факт, что на протяжении трех последних лет именно судьи Северо-Казахстанской области занимают лидирующие места в республиканском конкурсе «Лучшее судебное заседание на государственном языке» среди районных и приравненных к ним судов республики (в 2015, 2016 годах - 1 места; в 2017 - 3 место).

Из 171 707 входящей корреспонденции 60 671 или 35,3% поступило на государственном языке; из 117 585 исходящей корреспонденции 107 380 (91,3%) на

государственном языке; из 8 308 внутренней корреспонденции 6 156 (74%) на государственном языке.

Конечно, есть над чем работать, пока большинство мероприятий (круглые столы, семинары, обучающие мероприятия) в Северо- Казахстанских судах, как и во многих судах республики, проводятся в основном на русском языке, вместе с тем, эта работа должна быть максимально продуманной, системной и последовательной, с учетом того, что Казахстан является многонациональным государством, обеспечивающим одинаково уважительное отношение ко всем, без исключения, употребляемым в нашей стране языкам, а также с учетом того, что каждый гражданин Республики Казахстан имеет право на пользование родным языком, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества.

Судьи Северо-Казахстанской области полностью поддерживает решение о переходе казахской письменности на латиницу - своевременное и очень важное решение Главы государства.

Сегодня большинство глобальный научных открытий делается на английском языке, самые важные документы, открывающие возможность приобщаться к ведущим международным событиям, также связаны с английским языком.

Переход на латиницу означает выход казахстанской науки на качественно новый уровень, ведь более 70% мировых научных изысканий написано именно этим алфавитом.

Переход на латиницу открывает простор для изучения иностранных языков, для активного внедрения трехязычия, поможет нам быть частью открытого мира, еще более эффективно изучать, внедрять передовые международные стандарты правосудия, интегрироваться в международное право, стать полноправным членом международного юридического сообщества.



*Оңтүстік Қазақстан облысы  
Шардара аудандық сотының судьясы  
С. Умаров*

**СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ  
ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
(тезис)**

Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында биылғы жылдың соңына қарай латын әліпбиінің бірыңғай стандартын қабылдап, келер жылдан бастап оқу әдебиеттерін шығарудың дайындығын бастау қажеттігін айтқан болатын.

Қоғамдағы ең қызу пікірталастың өзегі болған латын әліпбиін талқылауға жалпы халық белсене қатысты. Бұл туралы Елбасының өзі: «- Латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің ұсынылған жобасын бекіту туралы жарлық шығару қажет. Комиссия жұмысын аяқтады. Соңғы нұсқа жарияланды. Ғалымдар, тілтанушылар, саясаткерлер, жастар және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері ортақ мәмілеге келді. Жалпы, қоғам қолдап отыр,»- деп мәлімдеді.

Рухани жаңғыруымыздың Темірқазығына айналған Латын әліпбиіне өту мәселесі ақыры шешімін тапты. 2017 жылғы 27 қазан күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы № 569 Жарлыққа қол қойды.

Жарлықта қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамыз ету қажеттілігі көрсетілді.

Осы орайда, бұл процестің еліміздің сот жүйесін де айналып өтпейтіні анық. Керісінше, мемлекеттік биліктің сот тармағында да лайықты биігіне көтеріліп келе жатқан қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі, судьялар мен сот қызметкерлеріне тағы бір сын, сонымен қатар, бүкіл ел болып қабылдаған бастамаларды тез және сапалы жүзеге асыруға қабілетті бірден-бір жүйе екенімізді көрсетуге тағы бір мүмкіндік.

Баяндамада сот төрелігін жүзеге асыру аясында мемлекеттік тілді латын әліпбиінде қолданудың перспективалары, оны енгізудің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері қозғалады.

*Шығыс Қазақстан облыстық  
сотының судьясы  
К. Сейтов*

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ: ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ  
ҰСЫНЫСТАР  
(тезис)**

Мемлекеттік тілдегі құжаттардың бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында Жоғарғы Сот немесе Академия тарапынан сот құжаттары мен іс- қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу жөніндегі көмекші құрал әзірленіп, жұмыста пайдалану үшін жергілікті соттарға таратып беру;

Сот және құқық саласында жиі қолданылатын қазақ терминологиясының компьютерлік қорын жасау;

«Төрелік» ақпараттық жүйесіне құқық саласы бойынша сөздік орнату немесе әр судья мен сот қызметкерінің дербес компьютеріне электронды сөздік орнату;

Аударманың сапалы болуы және уақыт үнемдеу мақсатында интернет желісін қосу немесе «Тіл әлемі», «Емле», «Сөздік», Тегтіпсот.кг» сайттарын пайдалануға рұқсат ету;

Жергілікті әкімдік жанындағы Тілдерді оқыту орталығында мемлекеттік тілді оқыту жалпыға ортақ негізде жүргізіледі. Оқыту курстарының тиімділігін арттыру мақсатында сот ісін жүргізу, құқықтық терминдерді дұрыс қолдану, аударма ісі, сөйлеу мәнері секілді қосымша оқу сағаттарын енгізу немесе соттың штатына заңгер мамандығы бар және заң терминдерін жетік білетін аудармашы мамандығын енгізу;

Қажеттілігіне қарай тиісті оқу тобы бойынша қызметкерлердің мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту курстарына міндетті түрде қатысуын қадағалау, сонымен қоса, белгілі бір деңгей бойынша оқыған және сертификаттары бар қызметкерлердің қазақ тілінде құжат әзірлеу сапасына қадағалау жасау;

Мемлекеттік тілдегі құжаттарды сауатты әзірлейтін судьялар мен мамандарды марапаттау, ынталандыру шараларын қолдану;

Жергілікті соттардың штат кестесіне сот процесіне қатысатын аудармашы лауазымын енгізу немесе еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін аудармашы лауазымын қарастыру. Өйткені, қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісінің мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маманы жоғары тұрған органның, бақылау тапсырмаларын орындау, басшылықтың тапсырмаларын орындау секілді өзіне жүктелген ұйымдастырушылық міндеттерімен қатар, сот процестеріне аудармашы ретінде қатысып, синхронды және жазбаша түрде аударма жасайды, тиісінше, сот ісін жүргізу тілін меңгермеген тараптарға сот актісін қазақ немесе орыс тіліне аударып береді, яғни оған бас маман міндеттерімен қатар, процестік міндеттер де қоса жүктелген.

Ал аудандық және қалалық соттарда Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маман лауазымы жоқ. бұл соттарда процеске заң терминдерінен хабары жоқ мұғалімдер, іс жүргізушілер, т.с.с. қатысады. Өйткені, үкіметтен бөлінетін ақша мөлшері аз болғандықтан, жоғары білімді адамдар іске аудармашы ретінде қатысқысы келмейді. Аударылып берілетін сот актісінің сапасы сын көтермесе, бүкіл сот жүйесінің беделіне теріс ықпал ететіні анық.

Сонымен бірге, аудармашы және мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маманның лауазымдық міндеттерін нақтылау қажет. Өйткені, күнделікті сот

құжаттарынан басқа, сот тәжірибесін қорыту, талдау секілді күрделі құжаттарды аудару, синхронды аударма жасау арнайы біліктілікті талап етеді.

Аудармашы ретінде бекітілген мамандарды әр түрлі кәсіби өндірістік, медициналық мекемелерде, ғылыми-сараптама орталықтарында тағылымдамадан өткізу, Өйткені, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша аударма жасау кезінде кәсіби терминдерге қатысты аудармашының біліктілігі жетіспеуіне байланысты аударма жасау қиынға соғады және сапасыз болуы мүмкін. Бұл сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Аудармашы лауазымын бөлу мүмкіндігі болмаған жағдайда шарт жасасу арқылы жұмыс істейтін аудармашы-корректор лауазымын қарастыру немесе мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маманның жалақысына қосымша үстемақы төлеу, яғни қосымша қаражат бөлуді ұсынамыз.

Аталған ұсыныстар сот процесіне қатысушылардың бірі болып табылатын аудармашының құқықтық мәртебесін белгілейді деп есептейміз.

*Маңғыстау облысы бойынша  
Соттар әкімшісінің бас маманы  
сот мәжілісінің хатшысы  
Е. Қазиев*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚҰДІРЕТІ (тезис)

Қазақ тілі - Мысырды билеп, әлемді мойындатқан Сұлтан- Бейбарыстың тілі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу-Насыр Әл-Фарабидің тілі, сен өмір сүріп жатқан осы бір ұлан-байтақ жерді сақтап қалу үшін бар өмірін тәрк еткен батырлардың тілі, үш жүздің басын қосып, жан-жақтан аңталаған аждабалардан аман алып қалған Абылай ханның тілі, ұлттығын сақтап қалу үшін темір торға таңылып, оққа ұшқан алаш арыстарының тілі, «Қазақты қазақ басқарсын» деп, өз елінің тізгінін өзге ұлтқа ұстатпай желтоқсанда жалын атқан Қайраттайын жастардың тілі, жоғарыда аталған бабалардың армандарын асқақтатып,

Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағын желбіретіп отырған Нұрсұлтанның тілі, осындай ұлыларды туған алтын құрсақ аналардың тілі, яғни сені өмірге әкеліп, сен үшін түн ұйқысын төрт бөлген анаңның тілі.

Қазақ тілінің құдіреті ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі мол. Өмірдің өзі дәлелдегендей мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін мемлекеттік тілді қолдануға Тәуелсіз қазақстан халқына қажеттілікті туындаттыру керек.

Ғылыми жұмысым қазақ тілінің құдіреттілігін танытуға және қоғамда соның ішінде өзім қызмет ететін сот саласында мемлекеттік тілдің қолданылу аясына ыңғайлы жағдайлар жасау үшін бірқатар ұсыныстар енгізу болып табылады.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру мақсатында ұйымдастырылатын жұмыстардың сот қызметкерлеріне нәтижелі болуы үшін мысалдар келтіре отырып түсіндіру.

*ҚР Жоғарғы соты жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
з.э.д., профессор  
Ж. Қосанов*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ (тезис)

Заң саласындағы ғылыми әдебиетте, кейбір нормативтік актілерде мемлекеттік тіл және қазақ тілі қос, бір тектес, ұқсас түсініктер, ұғымдар ретінде қаралады. Мемлекеттік тіл қазақ тілінің мәртебесін, оның ресми, саяси, қоғамдық маңыздылығын сипаттайды.

Қазақ тілі өзіндік, тарихи қалыптасқан құндылығы зор, қырлары мен сырлары көп, күрделі әлеуметтік құбылыс. Қазақ тілі әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, оралымдылығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Қазақ тілінің сөздік құрамы өте бай, оған 67 мың тізімдік сөз, 24,5 мың фразеологиялық тіркес кірген он томдық Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі кәуә бола алады.[1]

Қазақ тілін білу ғасырлар бойы жинақталған, бабалардан қалған асыл мәдени мұраны түп нұсқасында игеруді білдіреді. Қазақ тілінің ең бай тілдердің бірі екеніне мысал ретінде Г. Белгер түйенің өзінің жиырма төрт атауы бар екенін келтірген еді.

Қазақ тілінде сақталып қалған «жарғы» атты қазақ құқығының негізгі қайнар көзінің бірі болып табылатын соттық прецедент маңызына ие болған билердің шешімдерін академик С. Зиманов дала өркениетінің шоқтығы бөлек шыңы, биігі деп сипаттаған болатын. Билердің шешімдері, алаш ұлыларының еңбектері, халық қазыналарына жататын жәдүгейлер жөніндегі жазбаларының көпшілігі келесі ұрпаққа жетпей кетті.

Кеңес одағының дана билерді феодализм өкілдері деп қарауы, ал жастарынан ана тілінде өлең, жыр, дастан, хикаялар, айтыстар, ертегілер, мақал-мәтелдер, шежірелер жаттап өскен Алаш арыстарын халақ жаулары деп атуы қазақ тілінің тамырына шабылған балтадай болды.

Қазақ тілінің құндылығы ұлттың философиялық, тарихи, мәдени мұраларын заман қысымына қарамастан өз бойында сақтап қалғандығында, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, халықтың рухани, жан дүниесін қалыптастыруына байланысты.

Сондықтан қазақ билерін, алаш арыстарын мазмұнды, терең ойлардың иегерлері ретінде дәріптеп, ұрпаққа паш ету қазақ тілінің еншісіне тиесілі.

Өз төл тілін білмейтін жастар үшін мәдени мұра аударма түрінде жеткізілсе де оларға ой салып, халық, бабалар үшін мақтаныш сезімін қалаптастыруға себеп болары сөзсіз. Жас ұрпаққа ана тілін білмеуді бетіне басып, жазықсыз жазғырғаннан гөрі қазақ тілінің тарихи құндылығын түсінуіне, оны игеруге көмектескен жөн.

Кезінде Зиманов аударманың түп нұсқа мен сайма сай келемейтінін, Айетеке бидің сөзінің мазмұнын нұсқаға жақын беру үшін Әбдіжәміл Нұрпейсов аударуды Г. Белгерден өтініп еді деп айтатын еді.

Өкінішке орай, билердің де, алашорда зиялыларының да тарихи мұралары толық көлемде халыққа жете алмады. Алаш ұлыларының қазақ тілінің тылсымын, мазмұнын, астарын, ресми, әдебиеттік мағынасын терең білуі мен сезінуі олардың ұлттық тілдегі туындыларының қазақ тіліндегі мәдени ой сананы, әдеби мектептерді қалыптастырудағы маңызын арттыра түседі.

Жастардың әруақты билерімізге, алаш ұлыларына, тарихи тұлғаларға еліктеп өсуі үшін олар жөніндегі басылымдар, олардың еңбектері ғаламторда тұруы керек. Қазақ тіліндегі көркем әдебиет туындылығын, өлеңдер мен поэмаларды толықтай ғаламторға орналастыру қазақ тілін насихаттаудың тиімді тәсілдерінің бірі екені даусыз.

Тәуелсіз, еркін қазақ жастайынан жырлар, дастандар жаттап, домбыра тартып өскен, бұл барлық тарихи тұлғаларымызға тән, сол дәстүрімізді жаңғыртуға тырысуымыз керек.

Академик С. Зиманов айтып кеткендей «ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің ең жоғарғы жетістіктеріне негізделген қазіргі өркениет жағдайында да және шаруашылықтың көне нысандарына негізделген, әрі тікелей табиғатпен байланысты көшпелі өркениет жағдайында да халық та, олардың дүние мен өмір туралы ойлары да, арман мақсаттары да ұқсас болады.

Демек қазір бізде бар дүние бұрынғы көне жолдың жаңа кезеңі болып табылады [2,7 б].

Сондықтан да қазақ тілінің маңызды әлеуметтік қызметіне ұрпақтар сабақтастығын, аталар мұрасын ұрпақтарының игеруін қамтамасыз ету функциясына ерекше мән бергеніміз жөн.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. V том. Алматы: 1998.
2. Қазақтың ата заңдары. IV том. Алматы: Жеті жарғы, 2005. - 552 бет.

*ҚР Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясы  
Басқару институтының з.ғ.к., доценті  
Н. Примашев*

### **АЗАМАТТЫҚ КОДЕКС НЕГІЗДЕРІНІҢ ТІЛДІК САПАСЫН ТАЛДАУ (1-тарау мысалында)**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Азаматтық Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған. Кодексті қабылдауда сол кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайларға қоса, тілдік жағдаяттың да үлкен рөл атқарғаны белгілі.

Сол кезден бері Кодекске түрлі өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Сол себепті оның тілдік құрамы да өзгертілді. Оған қоса қазақ тілінің лексикалық базасы да кеңейіп, құқықтық нормалардың тілдік байлығы мен сапасы арта түсті.

Осының барлығы жалпы құқық жүйесімен бірге азаматтық заңнамаға да әсер етуі тиіс болатын.

Дегенмен де, құқық саласын тілдік консерватизмге жақын сала деуге тұрарлық. Сондықтан азаматтық-құқықтық қатынасқа түсушілер сонау 1994 жылдан бері 23 жыл өтсе де Кодекстегі ескі нормалар мен ұғымдарды басшылыққа алып келеді.

Мақаланың Кодекстің тек қана 1-тарауына арналуы оның басты негіздері мен іргелі баптарының тілдік сапасының төмендігі қисынымен байланысты. Сондықтан ондағы он баптың мәселелі (менің түсінігімше. – Н.П.) тұстарын талдап, кейбіреулері бойынша нақты жобалық ұсыныстарды жасау мақала міндетіне жатады.

Кодекстің көрсетілген бап нормарының кемшіліктерін сөйлем ретінде тізіп берудің орнына кесте түрінде берген оңтайлы болғандықтан, олар тарау баптары бойынша ретімен ресімделді.

Аталған тарау бар болғаны 11 баптан тұрады. Азаматтық құқықтың бүкіл құқықтың негізі болып табылатындығын ескеріп, осы нормаларды құқықтық-лингвистикалық талдау жүргізу арқылы оның құқықтық және тілдік сапасы тексерілді. Онда біраз мәселелі жайттар кездестірілді.

Сонымен, менің ойымша, Кодекстің мынадай кемшіліктері өз кезегін күтіп тұр:

Р/с №	Бап, тармақ не тармақша	Норма бөлігі не ұғымдар	Ескерту не ұсыныс
1	1-бап 1-тармақ	Азаматтық заңдар (2 рет)	Бұл ұғымды қазіргі лексикаға сәйкес «азаматтық заңнама» деген орынды
	2-тармақ	Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушылары азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылады (2 рет)	Бұл анықтамада екі мәселелі ұғым бар. Сондықтан «Азаматтық заңдармен» дегенді «Азаматтық заңнамамен» және «әкімшілік-аумақтық бөліністер» ұғымын «әкімшілік-аумақтық бірлік» деп атауға не кедергі бар? Сонымен қатар, мұнда үлкен аудармалық кемшілік бар. Қисын тұрғысынан келсек, кімнің кім, ненің не екені

**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»  
ДИСПУТ-ТРИБУНАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

			белгісіз. Осы тұрғыдан қазақ тілінің емлесіне келмесе де «Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушылары болып азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөліністер табылады» десек, негізгі ой «азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушылары» дегенге түсетін болады
2	1-тармақ	мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес	Осы тіркесті «мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес» деп өзгертуге болатын сияқты. Сонда ненің немен байланысты екені айқындалады
3	2-тармақ	Мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес	Алдыңғы мысал сияқты «қатынастарға» деген сөзді «қатынастармен» сөзімен ауыстырған орынды
4		заң құжаттары	Бұл ұғым «законодательные акты» деген ұғымның баламасы емес
5	3-тармақ	заңдармен	Дұрысы «заңнамамен»
6	3-бап 1-тармақ	Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекстен, Қазақстан Республикасының оған сәйкес қабылданған өзге де заңдарынан ... тұрады	«Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары ... оған сәйкес қабылданған өзге де заңдарынан тұрады» қисыны жоқ анақтама
7	2-бап	Азаматтық заңдардың негізгі бастаулары	Ұғымның екінші баламасы 3-баптың 2-тармағында берілген. Онда «Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының негізгі бастаулары» деп көрсетілген. Оның үшінші баламасы 6-бапта бекітілген. Онда «негізгі қағидаттар» (орыс тіліндегі мәтінде «основным принципам гражданского законодательства») делінген
8		заң актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде осы Кодекспен реттеледі	
9	3-бап	Азаматтық заңдар	Дұрысы - «Азаматтық заңнама»
10	4-тармақ	Азаматтық қатынастар, егер әдеттегі құқықтар, соның ішінде іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар <sup>1</sup>	«Әдеттегі құқық» деген ұғым орыс тіліндегі «обычное право» деген ұғымның баламасы. Орыс тіліндегі нормада «право» сөзі жоқ. Қазақ

<sup>1</sup> Мәселелі аударма. Ұғымның дұрыс баламасы. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 желтоқсандағы «Аралық соттар туралы» Заңында бекітілген болатын (2016 жылы 8 сәуірде күші жойылды). Оның 1-бабының 7) тармақшасында «обычай делового оборота» дегеннің «іскерлік



**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»  
ДИСПУТ-ТРИБУНАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

			тіліндегі нұсқаға қайдан келгені белгісіз. Бұл ұғымның дұрыс баламасы - «әдет-ғұрып». Кодекстің 5-бабының 1-тармағында дәл осылай бекітілген
11	5-тармақ	Министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, осы Кодексте және өзге де азаматтық заң актілерінде	«Законодательство» ұғымының тағы бір баламасы
12	6-тармақ	«мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өкілді және атқарушы органдар»	Мемлекеттік басқару органдары құрамына жергілікті атқарушы органдар да кіреді
13	4-бап	Азаматтық заң құжаттары	Түсініксіз ұғым. Дұрысы - азаматтық заңнамалық актілер. Одан да дұрысы - азаматтық заңнама
14	5-бап	Азаматтық заңдардың ұқсас қатынастарды реттейтін қалыптары	
15	6-бап 1-тармақ	Азаматтық заң қалыптары оларда айтылған сөздердің	Қалыпта «айтылған» дегеннен гөрі «бекітілген» не «көрсетілген» деген дұрыс болар
16		Заң қалыптарының тексінде	«Заң нормаларының мәтінінде» болуға тиіс
17	7-бап	Қазақстан Республикасының заңнамасында	Кодекстегі тиісті дұрыс нұсқа осы!
18	8-бап	азаматтық-құқықтық салдарларға	«Салдар» деген ғана сөз бар. Ол көпше түрді де көрсетеді
19	1-тармақ	өздеріне берілген азаматтық құқықтарды	«принадлежащими им гражданскими правами» деген тіркестің баламасы емес екендігі байқалып тұр
20		айналадағы орта	10-баптың 4-тармағында «қоршаған орта»
21	3-тармақ	қоғамның адамгершілік қағидаттарын	Бұл жерде «Адамгершілік» сөзі толықтай баламаны бере алмайды. Орыс тіліндегі «нравственные <sup>2</sup> принципы общества» деген ұғым түрлі нұсқада аударылады
22	4-тармақ	Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді	Нормада екі аударма қате орын алған. Біріншіден, «Азаматтық құқық қатынастарына» дегенді «участников гражданских права» деп аударуға болады.

айналымның әдет-ғұрыптары» деген дұрыс нұсқасы болды. Қазіргі қолданыстағы нормаларда «іскерлік айналымның дағдылары» немесе «іскерлік айналымның дәстүрлері» және т.с.с. қате баламалар қолданылады. Яғни «обычай» сөзінің «дағдылар», «дәстүрлер», «салттар» және т.б. нұсқалары кездеседі.

<sup>2</sup> Өзінің нақты баламасын таппаған ұғымдардың бірі. Қолданыстағы Конституцияның 12-бабының 5-тармағында «общественная нравственность» - «қоғамдық имандылық» деп аударылған.

**«СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: КЕҢІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР»  
ДИСПУТ-ТРИБУНАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

			Екіншіден, «адал, парасатты және әділ әрекет жасау» емес, әрекеттердің адалдығы, парасаттылығы мен әділдігі көзделеді (салыстыру үшін: «Добросовестность, разумность и справедливость действий участников гражданских правоотношений предполагаются»)
25	9-бап	өкімет билігі	Ескі нұсқа. Қазір - «мемлекеттік билік»
26	5-тармақ	тиісінше әкімшілік-аумақтық бөлініс өтеуге тиіс	Дұрысы «тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс өтеуге тиіс» (Мәселе орыс тіліндегі нұсқада сияқты. Тиісінше оны да «соответственно административно-территориальной единицей» дегеннің орнына «соответствующей административно-территориальной единицей» деген дұрыс сияқты)
27	10-бап 1-тармақ	Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың	Кодекстің басқа нормаларында кездеспейтін ұғым. Құқықтық қатеге жатады, өйткені «оралман» деген азаматтық құқықтық мәртебе емес
28	3-тармақ б) тармақша	сондай-ақ өзге де жақтар	Бұл тіркес «а также иных лиц» дегеннің баламасы бола алмайды
29	11-бап 1-тармақ 2) тармақша	рыноктарды бөлісу, басқа кәсіпкерлерді аластау	Кодекстің басқа нормалрында «нарық» ұғымы қолданылған. «Аластау» сөзі орынсыз. Ол «устранение» деген сөздің аудармасы емес

Жоғарыда, кестеде көрсетілген мысалдардың толық емес екені белгілі. Тараудың әрбір нормасын тереңдей талдаса, өкінішке орай, одан да көп қателер шығады.

Кестедегі мысалдарға қосымша ретінде Кодекстің бүкіл мәтініне бірізділіктің жетіспейтінін, қате аудармалардың, тіпті құқықтық қателердің де орын алғанын келтіруге болады.

Мысалы, «заң құжаттары» (орыс тіліндегі «законодательные акты») ұғымы осы тараудың өзінде 29 рет (Кодексте - 192), «азаматтық заңдар» (орыс тіліндегі «гражданское законодательство») - 19 рет, «азаматтық заң қалыптары» (орыс тіліндегі «нормы гражданского законодательства») - 5 рет қолданылған.

Мұндай мысалдарға шек болмайтын сияқты. Өкінішке орай, Азаматтық Кодекстің қазақ тіліндегі нұсқасы, шегі жоқ «қаза берсең, шыға беретін» байлық сияқты...

Мақала Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 1-тарауы нормаларында тілдік кемшіліктер көп, олар мейлінше тезірек жойылуы қажет деп қорытындынылады.

Жоғарыда көрсетілген нормалық қателердің реті келгенде түзетілеріне сенім мол. Мақала объектісінің таңдалуына да осы сенім мен үміт негіз болды.

**Қолданылған көздер:**

- 1 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы // «Әділет» АҚЖ. (20.11.2017).
- 2 Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі // «Әділет» АҚЖ. (20.11.2017).
- 3 Қазақстан Республикасының «Аралық соттар туралы» 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Заңы // «Әділет» АҚЖ. (20.11.2017).
- 4 Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года // «Әділет» АҚЖ. (20.11.2017).

*Ғылыми-зерттеу институтының  
Ішкі істер органдарының қызметін  
реттейтін заңнаманы зерттеу және  
мониторингтеу мәселелері бойынша  
орталығының аға ғылыми қызметкері,  
ф.ғ.к., полиция подполковнигі  
Қ. Абуғалиев*

## **ҚАРУ АЙНАЛЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ АУДАРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгінде заңдарымыздың барлығы орысша жазылып, сосын қазақ тіліне аударылатыны ешкімге де жаңалық емес. Заң мәтіндерінің қазақша нұсқасы орысшаға байлаулы екені ащы да болса шындық. Аударма сәйкестігін қамтамасыз етеміз деп аты қазақша, ал заты орысша мәтін түзіп жатамыз. Оған аударма барысында орын алып жататын кемшіліктерді, терминдердің жарыспалылығын қосыңыз.

Кейде заң мәтіндерін, түрлі нормативтік-құқықтық құжаттарды жақсы түсіну үшін оларды бірнеше рет қайталап оқуға тура келеді. Орыс тілінің көсемшелі оралымдары мен сөйлемінің құрылымын қайталап тұрған қазақ мәтінін – тіл маманы мен қазақшаға жетік заңгерлердің өздері де әрең түсініп оқиды.

Бұл мәселені тіл маманы Ш. Құрманбайұлының пікірімен тарқатсақ, кез келген тілдің өзіне тән дыбыстық жүйесі, сол дыбыстардың тіркесу заңдылықтары болады. Ол тілдердегі атаулар, терминдер соған сәйкес таңбаланады, жазылады... Орыс тілі мен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі екі бөлек.

Бірақ бұл екі тіл әртүрлі туыстық топтарға жататындығына қарамастан, кеңестік кезеңнің солақай саясаты қалыптастырған дәстүрге сәйкес орыс тіліндегі терминдерді өзіміздің сөздік қорымызға дәл орыс тіліндегідей өзгертпей қабылдап алдық. Қазіргі қазақ тіліндегі заң терминдерінің бірқатары тіпті заңдардың өзінде әртүрлі нұсқада қолданылады.

Көптеген тіл мамандары мен заңгерлер отандық заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің бірқатарында терминдердің ұғымдық ақпараты сақталмай аударатындығын сынға алып келеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық, әкімшілік іс жүргізу қылмыстық кодекстердің қазақ тіліндегі нұсқасының арасындағы ұғымдық, мағыналық ауытқушылықтар кездеседі [1].

Аударманың табиғатын түсіну үшін аударма тарихына көз жүгіртіп көрелік. Аударма жан-жақты, көп қырлы құбылыс. Көркем шығармаларды аудару, жарнамаларды аудару, шетел фильмдерін аудару – бұлардың барлығы аудармалардың түрлері.

Бір тілден екінші тілге өлеңдер, көркем проза, публицистика, әртүрлі ғылыми-техникалық материалдар, дипломатиялық құжаттар, іскерлік қағаздар, саяси қайраткерлердің сөйлеген сөздері мен мақалалары, шешендердің сөздері, газеттегі мәліметтер, сұхбаттар т.б. аударылады.

Аударманы жүзеге асыратын аудармашыға оригиналдың мағынасы мен формасын ең жоғары деңгейде бере алуы үшін екі тілді жетік білу аздық етеді. Жақсы аудармашы болу үшін аударманың тарихын, қыр-сырын, тәсілін, заңдылықтарын игеруі қажет.

Аударманың бірінші теоретиктері аудармашылардың өздері болды. Олар

өздерінің жеке тәжірибелерін таратуға тырысты. Кейінірек кейбір аудармашылар «аудармашының нормативті теориясын» жасауға тырысты. Онда «жақсы» аударма дегенге жауап беретін бірнеше талаптар айтылды. Француз гуманисті, ақын, аудармашы Этьени Доле (1509 - 1546) аудармашы аударманың төмендегі 5 негізгі принциптерін басшылыққа алуы тиіс деп санады. Олар:

1) аударылатын мәтіннің мазмұнын және автордың айтайын деген ойын толықтай түсіну;

2) аударылатын екі тілді жетік білу;

3) сөзбе-сөз аударудан бас тарту;

4) аударма сөйлеудің жалпы қолданылатын формасын қолдану;

5) сөздерді дұрыс таңдап, дұрыс орналастыру.

1790 жылы ағылшын аудармашысы А. Тайтлер өзінің «Аударма принциптері» деген жұмысында аудармаға төмендегідей талаптарды ұсынды:

1) аударма оригиналдың идеясын толық беруі тиіс;

2) аударманы берудің стилі мен манерасы оригиналдағыдай болуы керек;

3) аударма оригинал сияқты жеңіл оқылуы тиіс.

Ағылшын зерттеушісі Т.Сэвори әртүрлі авторлар ұсынған аударманың негізгі талаптарын қосып төмендегідей талаптар ұсынды:

– аударма оригиналдың сөзін беруі керек;

– аударма оригиналдың ойын беруі тиіс;

– аударма оригинал сияқты жеңіл оқылуы тиіс;

– аударма аударма сияқты оқылуы тиіс;

– аударма оригиналдың стилін беруі керек;

– аударма аудармашының стилін беруі керек;

– аудармада алып тастау, қосу болу керек;

– аудармада алып тастау, қосу болмау керек;

– өлеңдерді проза түрінде аудару;

– өлеңдер аудармада өлең түрінде берілуі тиіс.

Тілші, ғалым Ш.Ш. Жалмаханов аудармадағы ала-құлалықты былайша тұжырымдайды: «заң терминдері мен ұғымдарының ал-құла болуы терминжасамға қойылатын 1) бір мағыналық, 2) қысқалық, 3) шарттылық, жасандылық, 4) тұрақтылық, 5) бейтарап мәнділік деген талаптардың орындала бермеуіне байланысты.

Сонымен қатар терминдер мен ұғымдарды аудару кезінде сөздердің бір мағыналы, көп мағыналы емес, тар мағыналы, кең мағыналы болатынын ескерген жөн.

Мысалы, қазақтың «шығын» сөзі расход, издержки, убыток, растрата, ущерб болып аударылады. «Материальный ущерб», «моральный ущерб» дегенде алғашқысы «материалдық шығын», екіншісі «материалдық залал» болып аударылады.

Демек, сөздің жеке-дара қолданыста, контекстегі қолданыста аударылу ерекшеліктері бар. Мәселен, «зиян» (вред) сөзі жалпы, кең мағыналы сөз болса, «шығын» (расход, издержки, убыток, растрата, ущерб), «ысырап (потери), «зардап» (отрицательное последствие), «нұқсан» (вред) сөздері – жеке, тар мағыналы сөздер»... Терминдер мен ұғымдарды аударуда тілдердің грамматикалық құрылысының ерекшеліктеріне қарай бір сөзді бірнеше сөзбен, сөз тіркесімен немесе керісінше аударуға тура келеді.

Мәселен, отводить (свидетеля) – (куәға) қарсылық ету, приостановить – тоқтата тұру, отложение, отклонять – кейінге қалдыру, отменить – тоқтату, күшін жою,

откладывать – шегіндіру, кейінге қалдыру, отсрочка – кейінге қалдыру, отказывать – бас тарту, қайтару, устранение – шеттету, отклонять – шеттету, отвергать – қабылдамау [2].

Ғалым А. Жұмағали қылмыстық, қылмыстық істер жүргізу және қылмыстық-атқару кодекстерінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкес келмеуінің себептерін былай топтастырады:

- 1) терминологияның дұрыс болмауы;
- 2) зат есімдердің көпше және жекеше түрлерімен байланысты сәйкессіздіктер;
- 3) қазақ тілінде «род» грамматикалық категориясының болмауына байланысты сәйкессіздіктер;
- 4) ресми мәтіндердегі терминдердің мағыналық мазмұнының сәйкес келмеуі;
- 5) бір терминнің орнына бірнеше термин қолдану;
- 6) терминнің орынсыз қолданылуы;
- 7) мемлекеттік тілдегі мәтінде түсініксіз тіркестердің қолданылуы;
- 8) бір ресми мәтінде бардың екіншісінде болмауына байланысты сәйкессіздік;
- 9) септік жалғауларының қолданылмауына байланысты сәйкессіздіктер [3].

Түйіндей келсек, құқықтық актілерді қазақ тіліне аудару кезінде кеткен қателіктердің болу себептерін төмендегідей топтастыруға болады:

- термин сөздердің, немесе кәсіби салалық сөздердің бекітілген аудармаларына жете мән бермеу;
- күрделі сөйлемдердің аударылымында, сөзбе-сөз аударуға баса назар қойылғандықтан, сөйлемнің тұтас мағынасының солғындауы;
- аударма кезінде жалғаулардың да дұрыс жалғанбауынан мағынаның ауытқып берілуі;
- сөйлемнің тұтас мазмұнына мән бермеу;
- атау сөздерді аударуда кәсіби терминділікті естен шығарып, салаға тән емес сөздерді қолдану.

Қазақ тілінің орыс тіліне қарағандағы өзіндік ерекшеліктерінің бірі – ойды жеткізерде нақтылықты талап етеді. Ал аударма кезінде осы бір мәселе ескеріле бермейді.

Мәселен, «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 Қаулысының 15-трамағының 60-тармақшасындағы «Прутья свариваются в каждом перекрестии, образуя ячейки не более 150x150 мм;» деген сөйлем қазақ тілді нұсқада «Шыбықтар 150x150 мм аспайтын тор көз құрып, олардың әрбір қиылысқан жері дәнекерленеді;» деп аударылған.

Қарамен белгіленген сөздерге назар аударатын болсақ, прутья – шыбықтар болып аударылған. Тілімізде шыбық сөзі жеке қолданылғанда, ағашқа қатысты мағына береді.

Сондықтан сөйлем мағынасы солғын болмас үшін, бұл жерде металл шыбық немесе темір шыбық деп нақтылаған дұрыс болар еді.

Кей сөздердің бекітілген аударма сөздікте қазақша аудармаларымен қатар орыс тілді нұсқалары да кездеседі. Бұл дегеніміз – мәнмәтінге орай орыс тілді нұсқаны да қолдануға болады деген сөз. Ос тұрғыда аудармашының кемшілігі – термин сөздің келсін-келмесін тек қазақ тілді нұсқасын қолданады.

Мысалы, жоғарыдағы қаулының 61-тармағының 2-тарақшасындағы «наличие мобильных либо стационарных средств подачи тревоги» сөйлеміндегі мобильный сөзі

ұтқыр деп аударылған. Аталған сөздің аударма сөздіктегі синонимдік қатары мынадай: мобильный – мобильді; онтайлы; ұтқыр; ұтымды бейімделгіш; икемделгіш. Бұл жерде мобильді сөзін қолданған дұрыс болар еді.

Құқықтық актілерді аударудағы белең алған кемшіліктердің бірі – мәтінді тұтастай сөзбе-сөз аудару. Осы тармақтың 5-тармақшасындағы «оружие, находящееся на витринах, приводится в состояние, исключаящее быстрое производство выстрела» сөйлемі дәлем-дәл «сөрелерде тұрған қару жылдам атуды болдырмайтын күйге келтіріледі» деп аударылған. Бұл жағдайда, дұрысы – мағыналық аударма жасау. Сонда жобасы былай болмақ – «сөрелерде тұрған қару жылдам атылып кетпейтіндей күйге келтіріледі».

Түйіндей келсек, құқықтық актілерді қазақ тіліне аудару кезінде кеткен қателіктердің болу себептерін төмендегідей топтастыруға болады:

- термин сөздердің, немесе кәсіби салалық сөздердің бекітілген аудармаларына жете мән бермеу;
- күрделі сөйлемдердің аударылымында, сөзбе-сөз аударуға баса назар қойылғандықтан, сөйлемнің тұтас мағынасының солғындауы;
- аударма кезінде жалғаулардың да дұрыс жалғанбауынан мағынаның ауытқып берілуі:
- сөйлемнің тұтас мазмұнына мән бермеу;
- атау сөздерді аударуда кәсіби терминділікті естен шығарып, салаға тән емес сөздерді қолдану.

Заң тілі әр нәрсені өз атымен атағанды қалайды. Заң тілінің басты ерекшелігі – ресми сипаты мен деректілігі. Құқық тілі – ресми құжаттың тілі. Сондықтан да заңның тіліне қатаң талаптар қойылу керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Құқық қорғау саласындағы терминдерді біріздендіру» республикалық семинар материалдарының жинағы. – Астана, 2012. – 12-15,23-бб.
2. Жұмағали. А. Проблемы аутентичности уголовного законодательства Республики Казахстан/ <http://www.zakon.kz/analytics/4516261-problemy-autenticnosti-ugolovnogo.html>

*ҚР Заңнама институты  
Лингвистика орталығының  
жетекші ғылыми қызметкері,  
ф.ғ.к. Г. Ақылбекова*

## ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА МӘТІНДЕРІНІҢ ТЕҢТҮПНҰСҚАЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ПРОБЛЕМАЛАР

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев 2015 жылы халыққа бес институционалдық реформаны іске асырудың 100 қадамын ұсынды, ондағы негізгі қадамдардың бірі – заң үстемдігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында ұлттық заңнаманы және норма шығармашылықты, ұлттық заңнама сапасын жетілдіру міндеті қойылған.

**Еліміз тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде ҚР Парламенті қабылдаған заңдар мемлекетіміздің құқықтық жүйесін қалыптастырды. Осы заңдардың барлығы дерлік орыс тілінде әзірленіп, кейіннен қазақ тіліне аудару тәжірибесі орын алды.**

Бұл тәжірибе 1938 жылдан бастау алады. Сол уақыттан бері Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңнамалық актілер мен ресми құжаттар орыс тілінен қазақ тіліне жүйелі түрде аударылып келді.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздік декларациясы жарияланып, еліміз егемен мемлекет болған кезден бері де заңнама мәтінін орыс тілінен қазақ тіліне аудару практикасы әлі де болса жалғасып келеді.

Ұлттық заңнама тарихында мемлекеттік тілде 2 заң қабылдандығын айтып өтуге тиіспіз. Мұндай тәжірибеге: 2002 жылы қабылданған “Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы” Заңды және 2011 жылғы “Көші-қон туралы” Заңды жатқызуға болады.

Еліміздегі заң шығармашылығын жетілдіру қызметінің негізгі міндеттерінің бірі – ұлттық заңнаманың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің сапасын жетілдіру болып табылады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары құқықтық жүйе қалыптасқан кезеңде қабылданған заңдардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің сапасына тиісінше көңіл аударылған жоқ. Сол кезеңде заң мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптардың анықталмауы, терминдердің жүйеленбеуі, заң шығарушылардың еркін нақты әрі айқын да дәл жеткізетін тілдік құралдардың екшелмеуі заңнамалық актілер тілінің сапасына өз әсерін тигізді.

**Бұл ретте мемлекеттік тілдің мәртебесін нық ұстап тұратын негізгі тұғырлардың бірі заң тілін жетілдіру екенін де естен шығармауымыз керек.**

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілуге жататын заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу қажеттігі туындады.

Ғылыми лингвистикалық сараптама «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 24-бабы, «Халықаралық шарттар туралы» ҚР Заңының 4-бабы негізінде міндетті түрде жүргізіледі.

Теңтүпнұсқалықты қамтамасыз ету – құқықтық қатынастардың барлық субъектілерінің заңнаманы бірдей түсінуіне және қолдануына бағытталған мемлекеттік шара білеміз.



Алайда «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда да, «Құқықтық актілер туралы» Заңда да, заң жобаларыны әзірлеу және дайындау мәселелерін реттейтін басқа да заңға тәуелді актілерде нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы ұғымы ашылмаған. Осыған байланысты, заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығын қамтамасыз ету – заң жобаларының мемлекеттік тілге дұрыс аударылып, құқық нормаларының мазмұны анық, түсінікті, дәл тұжырымдалып, заң шығарушының еркін бір мағынада және айқын білдіретін терминдердің бірізді қолданылуы тұрғысынан сараптаудан өтеді.

Осы тұрғыдан, заң жобалары мен халықаралық шарттар жобаларына Лингвистика орталығы жүргізетін ғылыми лингвистикалық сараптамалар саны жыл сайын артып отыр. Нақты айтатын болсақ, 2011 жылы – 202, 2012 жылы – 355, 2013 жылы – 368, 2014 жылы – 360, 2015 жылы – 338 сараптама, ағымдағы жылғы 9 айда 160 сараптама жүргізілді.

Кейде заң жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама емес, толықтай тілдік қателерді түзету және аударма жұмыстары жүргізілетін тәжірибе де бар.

Соған қарамастан, мемлекеттік органдардан теңтүпнұсқалық сақталмаған, аударма сапасы өте төмен жобалар әлі де болса келіп түседі. Әсіресе, халықаралық шарттар жобаларының сапасы сын көтермейді.

Лингвистикалық сараптама жүргізу барысында заң жобалары сапасының төмендігі, мәтіндердің сәйкессіздігі салдарынан сараптамаға келіп түскен заң жобаларының жалпы санының 15-20%-н әзірлеуші мемлекеттік органдарға пысықтау үшін кері қайтаратынын да айтқан жөн.

Лингвистикалық сараптама жүргізу барысында қазақ тіліндегі заңнама жобасын түпнұсқа тілдегі (орыс тіліндегі) нұсқасына сай ету, заңның орысша түпнұсқасынан аударылатын мәтіннің сапасын арттыру, орын алған тілдік кемшіліктер мен олқылықтарды жою тәрізді жұмыстар атқарылады. Сонымен бірге, заң жобасы тілі мен стилінің қазіргі қазақ әдеби тілі нормаларына сай болуы, терминологиялық бірізділіктің сақталуы, заң жобасындағы терминдердің ұлттық заңнамада қолданылатын терминдермен арақатысын белгілеу, грамматикалық, стилистикалық, логикалық, редакциялық-техникалық қателерді жою және тұжырымдарды нақтылау бойынша жұмыстар да жүргізіледі.

Лингвистикалық сараптамалар жүргізу нәтижесінде жинақталған тәжірибені қорыта келе, заң жобаларын әзірлеу және материалдарды ресімдеу жөніндегі ұсынымдар қамтылатын арнайы әдістемелік құралдар дайындау қажет деп білеміз.

Заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын сақтау өз алдына өте күрделі мәселе.

Заңнама өз тілімізде жазылмаса да, заңнама тілі аударма арқылы қалыптасып, қолданысқа енгізіліп отырғаны мәлім. Бүгінгі күні заңнама тілі мен стилін қалыптастыруда ресми аударма бұл міндетті белгілі бір дәрежеде орындап келеді деп есептейміз. Сондықтан мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерін түпнұсқа тілдің жолма-жол аудармасы деп қарамаған жөн. Өйткені заңның орысша, түпнұсқалық мәтіні деп жүргеніміздің өзі басқа тілден жасалған аударма болуы әбден мүмкін. Осы тұрғыдан, мемлекеттік тілдің орнығып, кеңінен қолданылуында ресми аударманың алатын өзіндік орны бар деуімізге болады. Әрине, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын, ұғымдық көкжиегін кеңейтуде бұл аздық етеді. Десек те, процесс жүріп жатыр.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдегі заң форматын біртіндеп қалыптастырып, заң лексикасы мен фразеологиясы, заңнама тіліне тән тілдік трафареттер, тұрақты орамдар,

лексикалық, грамматикалық, стилистикалық құралдар екшеліп, қолданысқа енгізілуіне түрткі болып отырған жайы бар. Бұған қолданыстағы кез келген заңды зерделей отырып та көз жеткізуге болады.

Әйтсе де заң мәтіндерін ресімдеуде тілдің айқындығы, нақтылығы, құқық нормаларына қатысты дәлдігі өзекті мәселеге айналып отыр. Бұған қазақ тіл білімінде заңнама стилінің ғылыми-теориялық тұрғыдан жете зерттелмеуі де себеп болып отыр. Заңнама стилі әзірше ресми-іскери стиль аясында ғана қарастырылып келеді. Бұл саладағы проблемалардың болуы қолда бар бай материалдарға ғылыми зерттеу жүргізіп, теориялық тұрғыдан заңнама стилі, оның лексика-фразеологиясы, тілдік құралдары айқындалған кезде ғана өз шешімін таппақ.

Бұл болашақта еліміздің нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тілде жазылып, әзірленуінің алғышарттарын жасап, осы бағыттағы жұмыстардың жандандануына септігін тигізеді деп білеміз.

Біздің түпкі мақсатымыз – мемлекеттік тілде заң қабылдап, заң жобаларын тікелей мемлекеттік тілде дайындауға қол жеткізу.

Мемлекеттік тіл дамуының қазіргі деңгейінде заң жобаларын әзірлеу аудармашы-мамандардың күшімен ғана орнығып отыр десек артық айтпаймыз.

Қолданыстағы заңнама мәтіндеріне жүргізілген шағын зерттеу барысында мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Заң жобаларын әзірлеу және материалдарды ресімдеу жөніндегі ұсынымдар қамтылатын арнайы құралдар дайындау қажет.

2. Тілдік нормаларды насихаттайтын, түсіндіретін, үйрететін ғылыми-практикалық, анықтамалық құралдар аз. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын қамтитын грамматикалар, сөздіктер және анықтамалықтардың тізімін анықтап, нормативтік тұрғыдан бекіту қажеттілігі туындап отыр.

3. Соңғы 25 жыл ішінде қоғамда көптеген келелі өзгерістер болды. оның өзі қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіне ірі-ірі өзгерістер әкелді. Осы тұрғыдан, қазіргі қолданылып жүрген орфографиялық сөздіктерді әлі де болса толықтыру қажеттілігіне және кірме сөздердің тұлғалануы мәселесіне баса назар аудару қажет.

Заңнамалық акт жобаларының мемлекеттік тілдегі нұсқасы да түрлі мамандар талқысынан өтіп, заң жобалау жұмыстарының барлық сатыларында жан-жақты сараптауға түссе ғана, орыс және қазақ тілдеріндегі заң мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету қағидаты жүзеге асырылып, ол өз кезегінде ұлттық заңнама сапасының көрсеткіші де болар еді.

Ұлттық заңнаманың мемлекеттік тілде жазылмауы уақытша шара деп қарау қажет. Белгілі бір сандық және сапалық көрсеткіштерге жеткен кезде заң мәтінінің түпнұсқалық тілі тұтастай қазақшаға айналып, конституциялық талап толық орындалады деп сенеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы

2. Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/rus>.

3. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы // <http://adilet.zan.kz/rus>.

4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 54 Заңы // <http://adilet.zan.kz/rus>.

*Ғылыми-зерттеу институтының  
Ішкі істер органдарының қызметін  
реттейтін заңнаманы зерттеу және  
мониторингтеу мәселелері бойынша  
орталығының аға ғылыми қызметкері,  
ф.ғ.к., полиция подполковнигі  
Қ. Абуғалиев*

## ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ҚАРУ АЙНАЛЫМЫ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚТАҒЫ АУДАРМА ТІЛІНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ

Қарастырып отырған нұсқаулықтың тілі әкімшілік өндіріске қатысты соның ішінде азаматтық және қызметтік қару айналымы саласында қолданылатын салалық-кәсіби сөздер мен терминдерден тұрады. Зерттеу мақсатымыз осы салаға қатысты құжат тілінің қазақ тілді баламасындағы ақауларды анықтау болғандықтан, стильдік-грамматикалық талдау жасағанды жөн көрдік.

Нәтижесінде төмендегідей кемшіліктер анықталды:

Нұсқаулықтың 6-тармағының 2-тармақшасының «осуществляет **на постоянной основе** анализ сведений о состоянии **преступности** с применением зарегистрированного в ОВД гражданского и служебного оружия по результатам принимает меры по их недопущению» деген мәтіні қазақ тіліне былай аударылған (бірден қазақ тілінде қабылданбайтыны белгілі ғой) – «ІО-да тіркелген азаматтық және қызметтік қаруды қолдана отырып жасалған **қылмыстың** жай-күйі туралы мәліметтерге талдау жүргізуді **ұдайы негізде** жүзеге асырады, нәтижелері бойынша оларға жол бермеу бойынша шаралар қабылдайды».

Бұл жерде қарамен белгіленген сөздерге назар аударсақ, **на постоянной основе** сөзі қазақша нұсқада **ұдайы негізде** деп аударылып, стильдік дұрыс қолданылмай тұрғанын байқаймыз.

Нәтижесінде осы бір ғана сөз тіркесінің сәтсіз аударылуы оқырманның түсінігіне кері әсерін тигізіп, яғни қарапайым ойды күрделендіріп тұр деуге болады.

Ал, егер бұл тіркесті **тұрақты түрде** деп аударсақ, оқуға да, түсінікке де әлдеқайда жеңіл болмақ. Келесі бір қате – **преступность** сөзінің **қылмыс** болып аударылуы. Бекітілген заң терминдері сөздігінде бұл сөз **қылмыстылық** деп аударылған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «қылмыс» сөзіне былай анықтама берілген: «Қылмыс – қоғамдық құрылыс пен жеке бастың мүддесіне қарсы бағытталған айыпты іс-әрекет».

Ал Қазақстан Республикасы ҚК 10-бабының 2-бөлігінде «айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасағалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» делінген.

Қылмыстылық сөзінің мағынасына келетін болсақ, С.И. Ожеговтің сөздігінде «**Преступность** – Наличие преступлений, их количество» деп қысқаша айтылған. Ал, Н.Ф. Кузнецованың еңбегінде төмендегідей толық анықтама берілген: «**Преступность** – это исторически изменчивое социальное и уголовно-правовое негативное явление, представляющее собой систему преступлений, совершённых на определённой территории в тот или иной период времени» [1].

Сонда құқыққа қайшы болмыстарды бір сөзен қылмыстылық дейміз. Демек, қылмыс сөзі мен қылмыстылық сөзінің мағыналары әрқалай екені осыдан-ақ аңғарамыз.

Осы тармақтың 11-тармақшасындағы «вносят физическим и юридическим лицам **обязательные для исполнения** предписания, представления об устранении выявленных нарушений правил оборота гражданского и служебного оружия, патронов к оружию» сөйлемінің «жеке және заңды тұлғаларға **орындалуы міндетті анықтаған** азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар, ұсынымдар енгізеді» деген аудармасынан **анықтаған** сөзінің тіптен артық екенін байқауға болады.

13-тармақшадағы «при выявлении нарушений принимают меры по приостановлению действия лицензий и разрешений, их лишению, а также иные меры, предусмотренные Республики Казахстан от 5 Кодексом июля 2014 года «Об административных правонарушениях» (далее – КРК об АП) и Уголовным кодексом Республики Казахстан от 3 июля 2014 года» сөйлемінің қазақ тіліндегі аудармасында грамматикалық қателер кездеседі: «бұзушылықтар анықталған жағдайда лицензиялар мен **рұқсаттардың** қолданысын тоқтата тұру, **олардың** айыру бойынша шаралар, сондай-ақ 2014 жылғы 5 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» (бұдан әрі – ҚР ӘҚБК) және 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген өзге де шараларды қабылдайды».

Нұсқаулықтың 8-тармағының 1-тармақшасындағы «С целью выявления, устранения и недопущения нарушений требований законодательства Республики Казахстан в сфере оказания государственных услуг, подразделениями КОГСО МВД и ДВД(Т), в соответствии с требованиями Министра по делам государственной службы Республики приказа Казахстан от 16 февраля 2016 года № 35 «Об утверждении Правил государственного контроля за качеством оказания государственных услуг» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 13359) осуществляется внутренний контроль за качеством оказания государственных услуг в форме контрольного мероприятия и мониторинга качества оказания государственных услуг» сөйлемінің аудармасына назар аударалық: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды анықтау, жою және жол бермеу мақсатында ІІМ және ІІД, КІІД АҚҚАБ бөліністері «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы» ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13359 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 35 талаптарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау іс-шарасы және бұйрығының мониторинг нысанында мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын ішкі бақылауды жүзеге асырады». Тіптен түсінікке ауыр деуге болады.

Аударма кезінде сөйлемдердің орын тәртібі сақталмаған. Нәтижесінде жалғаулар да тиісінше жалғанбай, сөйлемнің мағынасы түсінікке ауыр тиіп отыр. Біздің ұсынымыз төмендегідей болмақ: «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13359 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 35 талаптарына сәйкес ІІМ және ІІД, КІІД АҚҚАБ бөліністеріне мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды

анықтау, жою және жол бермеу мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетудің бақылау іс-шарасы және оның сапасын мониторингтеу нысанында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі бақылауды жүзеге асырады».

Келесі 17-тармақтың 3-тармақшасы:

**«УКГСО согласовывает:**

заявления на лицензию на импорт (экспорт) гражданских пиротехнических веществ и изделий с их применением;

сведения об имеющемся и потребном количестве оружия и патронов к нему юридическим лицам, претендующим на право получения разрешения на приобретение служебного и гражданского (спортивного) **нарезного оружия** и патронов к нему».

Қазақша нұсқада:

**АҚҚАББ мыналарды:**

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдардың импортына (экспортына) лицензияға өтініштерді;

қызметтік және азаматтық (спорттық) **ойық қару** мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат алу құқығына үміткер заңды тұлғаларға қару мен оның патрондарының қолдағы бар және қажетті саны туралы мәліметті келіседі.

Аудармадан қарамаң белгіленген сілтеу есімдігінің (мыналарды) артық қолданылып тұрғанын айтқымыз келеді. Сонымен қатар **нарезное оружие** тіркесінің бекітіліген аудармасы – **ойықты қару** (ойық емес).

Қорыта айтқанда, бұл нұсқаулықтың қазақша баламасындағы кемшіліктер термин сөздердің дұрыс, тура аударылмауынан, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің дұрыс сақталмауынан, сол сияқты грамматикалық қателердің орын алуынан екенін аңғарамыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Криминология: Учебник / Под ред. Н. Ф. Кузнецовой, В. В. Лунеева. М., 2004. С. 90.

*Қазтұтынуодағы Қарағанды  
экономикалық университетінің  
Экономикалық және құқықтық зерттеулер  
ғылыми зерттеу институтының  
аға ғылыми қызметкері, з.ғ.к, доцент,  
Б.Сыздық*

## **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚҰҚЫҚТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДА: ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕ, ЗАҢНАМА, АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ**

Кез келген салада дер кезінде шешілмей, қордаланып қалған мәселелер болады. Олар ұзақ жылдар бойы ағымдағы мәселелердің тасасында қалып, өзінің шешілу кезегін асықпай күтіп жатады. Түптің түбінде кейбіреулері өз кезегіне жетуі мүмкін. Мемлекеттік тілді құқықтөрелігі саласында пайдалану мәселесі де осындай санат қатарында.

Бұл мақалада мемлекеттік тілді құқықтөрелігі саласында пайдалану мәселесі дәстүр, терминология, әлеуметтік тәжірибе, заңнамалық негіздері және азаматтық ұстаным тұрғысынан қарастырылмақ.

Қазақ дәстүрлі құқықтық мәдениетінде сөз құдіретіне аса мән берген. Бұл дәстүр билердің түрлі дауларды шешудегі төрелік тәжірибесі арқылы бүгінгі күнге дейін келіп жетті. 2008 жылы мамырда академик С.Зимановтың бастамасымен, жетекшілігімен және тікелей басқарумен өткен «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» халықаралық ғылыми конференциясында Қазақ құқығы өзіндік ерекшеліктері негізінде Рим құқығы, мұсылман құқығы, жалпы құқық жүйелрімен қатар тұратын, олардан аспаса кем түспейтін дербес құқық жүйесі деген тұжырым өз бекімін тапты деуге болады.

Аталған конференцияға дайындық барысында академик С. Зимановтың басшылығымен жарық көрген «Қазақтың сот жүйесі – бірегей сот жүйесі» (қазақша, орысша) еңбектері, «Даланың Ата заңдары» он томдығы да осы тұжырымды қаузаған [1].

Тек билердің төрелігін, қазақ құқығын зерттеуді жетілдіру жөнінде конференциядар қабылданған қарарлардың әлі күнге дейін іске асуына назар бөлінбей отырғаны өкінішті.

Билер төрелігіне әдетте дәстүрлі құқық дейтін, шындығында, құқықтың ерекше тұрпаты болатын қазақ құқығына жүгіну тән. Ал құрлықтық, яғни ұрымдық-германдық құқық жүйесінде құқықтөрелігі жазылған заңдар негізінде жүзеге асырылатыны мәлім.

Билер өздерінің шешімдерін үнемі қозғалыстағы өмірдің өзімен бірге өріліп отыратын жанды құқыққа сүйене отырып, жүгініске келген тараптармен көркем де шешен тілде қатынаса отырып шығарған. «Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең, өзің біл» «Өнер алды – қызыл тіл» деген халық сөзге, тілге айрықша мән берген.

Біз қазір сол заман туралы төреліктің әділ болуы туғанына бұра тартпайтын тура биге, ұстаған жерінде тапжылтпай тұсайтын түсінікті тілге тәуелді еді деп қиялдай аламыз. Өйткені біз қазір жазылған заңдарға, қасаң да жұтаң жазба сөзге байланғанбыз.

Қазіргі заманғы сот процесінде құлақ құрышын қандыра тіліміздің шұрайын келтіре сөйлейтін шешендікке орын қалмағанын мойындауға тиіспіз. Жазылған

заңдардың тілінің түсініксіздігі, терминдік олқылықтар мәселесі жөнінде тек бүгін ғана сөз болып және аз айтылып жүрген жоқ.

Бұл салаға назар аударғандардың арасында тіл мен заң саласының мамандары қатар жүреді. Жанашыр жандар жетерлік. Бұл ретте К. Юсуп, Н.О. Дулатбеков, М. Айымбетов, М.А. Азбанбаев, Н. Пирмашев, Е.О.Алауханов, Е.Серимов, А.Ә. Биебаева, Б. Қойшыбаев, С.Қ. Құлманов және басқаларды атауға болады. Алайда, осы жанашырлардың жұмысын үйлестіретін орталық, жақсы жұмысты ынталандыратын тетік жоқ деуге болады.

Бұқара халық, бұқаралық ақпарат құралдары, журналистер, ресми заң, құқыққолдану органдары «әр түрлі» қазақ тілінде сөйлейді, жазады, қатынасады.

Осының бәрі сайып келгенде қарапайым халықтың ғана емес, заң саласындағы мамандардың бірін-бірі өзара түсінуін қиындатады. Тіл – құқықтық төрелікті атқарудың басты құралы. Қазір рухани құндылықтар, әсіресе хұқық құнсыздануда.

Заңдар көп, ал хұқық жоқ деуге болады. Заңның көптігі хұқықтың тозуына, құлдырауына, құнсыздануына әкелуде. «Парықсыз заңдар қажетті заңдарды әлсіретеді» – міне, көп шешеннің бірінің айтқаны. Шамадан тыс үрленген заңнама қоржыны жарылудың аз-ақ алдында. Бұл құбылыс тек біздің елге ғана емес, одан да бұрын Еуропаға, Америкаға тән болған. «Адвокаты раздутого законодательства» деген сөзтіркесі содан қалған [2].

Жалпы заңгерлер кез келген тілде түсініксіз сөйлей алады, жаза алады деп айтуға болады. Дәрігерлердің өздеріне тән медициналық терминдер тілінде сөйлеп, жазғанын қарапайым халық түсінбейтіні сияқты, заңгерлердің өзара қатынас тілін әрбір адам түсінбеуі бұлай тұрсын, заңгерлердің өздері онша түсіне бермейді.

Бұл жалпылама қамтылып, дәлелсіз айтылып жатқан сөз емес. Бұларға сансыз мысал келтіруге болады. Бір ғана невменяемость» терминінің Қылмыстық кодексте «есі дұрыс еместік» деп, ал Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексте «кемақылдылық» (2011 жылғы Кодекстің 34-бабы) делінгені неге тұрады?

Термин емес, қарапайым сөздердің өзін мағынасына қарай қолдануда бірізділік жоқ. Анықталады, айқындалады, бекітіледі, белгіленеді, көзделеді, қарастырылған деген сөздердің заңнамада қай мағында қолданылып тұрғанын «анықтау/айқындау» үшін тұрақты түрде орысша түпнұсқаға жүгініп отыру қажет.

Орысшада выявлено, определено, установлено, предусмотрено, рассмотрено, указано, деп келетін сөздердің әрқайсысы баяғыда-ақ өзіндік мағынаға ие болып алған. Ал қазақша нұсқада выявлено – анықталған, айқындалған, ашылған; определено – анықталған, айқындалған, көрсетілген; установлено – анықталған, айқындалған, белгіленген, бекітілген; предусмотрено – көзделген, көрсетілген, тыйым салынған, қарастырылған – деп кете береді.

Құқықтық қатаң талаптар тұрғысынан мұндай әрекетшілік дұрыс емес. Осындай олқылықтары бар мәтіндерді оқу, түсіну қиын. Еріксіз орысша мәтінге жүгінуге тура келеді. Бұл олқылықтардың қалайша орын алып әрі түзетілмей сақталып кел жатқанын түсіндіру де өте қиын.

Мемлекеттік тілдің құқықтөрелігі саласында кең қолданылуына кедергі келтіретін жайттардың қатарында заңнама тіліне қатысты мәселелердің алатын орны ерекше. Дәл осы қолданыстағы заңнама тілінде кездесетін олқылықтар: тіл шұбарлығы, шұбалаңқылық, терминдік әркелкілік, бір сөздік терминді екі не үш сөзбен аударып беру және т.с.с.[3].

Мәселеге тереңірек үңілсек, бұл тек қазақ тіліндегі заңнамаға, одан қалса, жалпы Қазақстан Республикасының заңнамасына ғана қатысты емес екен. Көрші ел Ресей

Федерациясына да, Еуропа елдеріне де, мұхиттардың ар жағындағы елдерге де қатысты жайт. Бруно Леони «шикі терминдер», «үрленген заңдар» деген теңеулерді қолдана отырып, батыстық құқықтағы терминдік мәселелердің тереңдігін айқындайды [2].

Бүгінгі күні еліміздің халқының этникалық құрылымында қазақ ұлтының үлес салмағы 70 % асты. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда орта білімді, жоғары білімді қазақ тілінде алатын адамдардың саны едәуір өсті. Қазақ тілі халықтың басым бөлігінің тек ана тілі ретінде ғана емес, бүгінгі күні іс жүзінде барша қазақстандықтардың басын біріктіретін мемлекеттік тіл ретінде қабылданады. Соған орай оған өзіндік функциялар тән. Соның бірі және бігерейі ол – қазақ тілінің құқықтөрелігін атқару саласының негізгі тіл болып қалыптасып, дамып, толымды қызмет атқаруы дер едік.

Алайда, іс жүзінде, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде құқықтөрелігін атқару саласындағы рөліне көңіл толмайды. Мұның өзіндік себептері де бар. Алайда, мәселе себеп пен сылтауды ажырату, талдау, қалыптасқан жағдайға баға беру әрі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту жөнінде жалаң ұран, жағымды ұсыныс тастауға саймайды.

Мәселе, бір қарағаннан тереңде жатыр. Сот процесіне қатысушылардың басым бөлігі де қазақ тілді азаматтар. Соған қарамастан, құқықтөрелігін атқару саласындағы істердің мардымсыз ғана бөлігі мемлекеттік тіл болған қазақ тілінде қаралады. Әлеуметтік зерттеулердің көрсетуінше, құқыққорғау және сот органдары арқылы өткен істердің басым көпшілігінің орыс тілінде қаралуының себебі арыз-шағымдардың, талап-арыздардың бастапқыда қай тілде рәсімделгеніне байланысты екен. Бұл, былайша айтқанда, құқықтөрелігі органдары бастан аяқ мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде сөйлеп тұр дегенді білдіреді.

Сонымен бірге, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді сотта қарау барысында сотқа қатысушылардың, атап айтқанда, талапкердің, жауапкердің, жәбірленушінің, сезіктінің, куәлер мен куәгерлердің басым көпшілігінің іс жүргізіліп жатқан тілге шорқақ екені айқындалады.

Көпшілік жағдайда жәбірленуші мен талапкер тұлғалар белгілі бір таптаурын тәжірибе жетегіне еріп, Қазақстан Республикасы аумағындағы құқыққорғау орындарына, сотқа арыз-шағымдарын орыс тілінде беруді жеңіл санап, одан әрі істі осы тілде қарау барысында өзі арыз берген тілді еркін білмеуі салдарынан өз құқығын толыққанды қорғай алмауына алып келеді.

Посткеңестік елдердің жағдайында мемлекеттік тілмен қатар орыс тілінің арнайы аталып қосарлануы қалыптасып қалған әлеуметтік практика. Және құқықтық талаптарды да, халықтың әлеуметтік-демографиялық құрылымын да, тілдік ортаның өзгерісін де ескермейтін, тіпті соларға қайшы келетін практика. Әрине, күрт өзгерген және ұдайы өзгерістегі геосаяси және мәдени-тілдік ахуалда бұл практиканың да өзгеруі тиістігі өзінен өзі туындайды. Әрине, бірден күрт өзгерту қиын болатыны рас. Алайда бұл мүмкін емес, болмайды дегенді білдірмейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік тілге қатысты бар-жоғы алты бап бар. Олар 7, 14, 19, 41, 58, 93-баптар. Конституцияның 7-бабы «1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. 2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. 3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» – деп бекіткен. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екендігін бекіткен Конституцияның 14-бабы тегіне,



әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, **тіліне**, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтынын нақтылайды. 19-бап әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар екенін айғақтайды.

93-бапта «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары **мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі** үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» – делінген.

Көріп отырғанымыздай Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілге, ана тіліне және қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін таңдап алуға деген ұстанымы өте либерал сипатта.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңының (әрі қарай Заң – Б.С.) тақырыпқа қатысты баптарын талдап көрейік.

Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы Заң реттейтін мәселе болып табылады.

Заңның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының **мемлекеттік тілі – қазақ тілі** мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, **сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу** тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Өйткені ол Республика халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылады.

Мемлекеттік орган ретінде **сот органдары** басқаны айтпағанда Қазақстан Республикасында **мемлекеттік тілді** барынша **дамытуға**, оның халықаралық беделін **нығайтуға міндетті**.

Мемлекеттік органдардың актілері, яғни сот актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылдануға тиіс. Тек қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін (9-бап).

Осы заңның 10-бабына сәйкес сот органдары жүйесінде статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етілуі тиіс.

Біздің ойымызша, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі деген 11-бапта бекітілген норманы бір жақты түсіну басым. Оның өзінде азаматтарға мемлекеттік тілде жауап беру мүмкіндігі кейінге ысырылып, біржақты тіл саясаты мен практика салдарынан жауаптар өтініш жасалған тілде, әдетте, орыс тілінде беріледі. Шындап келгенде бұл норма сот ісін, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін алғашқы арыз (шағым, хабар және т.с.с.) түскен тілде жүргізуді міндеттемейді. Мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін дамытуға мүдделілік шынайы болса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді және сот ісін мемлекеттік тілде жүргізуге, ал қажет жағдайларда

аударманы пайдалануға тиіспіз. Бұл Қазақстанның ешбір заңына, сонымен бірге халықаралық құқықтың баршаға танымал қағидаттары мен нормаларына қайшы келмейді.

Заңның 13-бабында Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады деген қағида, ал 14-бабында әкімшілік құқық бұзу туралы істер мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде жүргізіледі деген қағида бекітілген.

Тіл туралы заңның жоғарыда аталған және 15, 23, 24-баптары мейлінше демократиялық сипатта құралып, мемлекеттік тілден басқа тілдерге де зор кеңшілік берген. Дегенмен, абстрактілі демократия болмайтыны, демократиялық қағидаттар, соған негізделген ұйымдық, саяси-құқықтық ресми құрылымдардың мақсат-мұраты Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылғандай байырғы қазақ жерінде демократиялық, зайырлы, құқықтық, және әлеуметтік президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекетті орнықтыру екенін естен шығаруға, абзал аңсарды тәрк етуге болмайды. Біздің мемлекеттіліктің Қазақ халқының бұған дейінгі мемлекеттілігінің түрлі нысандарымен сабақтас екендігі, олардың заманалық заңды мұрагері екені ешкімге жасырын емес. Бұл мақсат-мұрат қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкерлікті сезіну және өзіміздің егемендік құқығымыздың негізінде қалыптасқаны да баршаға мәлім. Сондықтан Конституциядағы, Заңдағы мемлекеттік тілге қатысты нормаларды декларативтік, әрі-сәрі күйінен шығарып, белсенді әрекетшіл сипат беру керек.

Өйткені мемлекеттік тілдің өзіне лайықты дәрежесі мен кеңістігін шын мәнінде қалыптастырып болмай, одан бұрын орыс тілінің және басқа да тілдердің толыққанды қолданылуын материалдық және техникалық тұрғыдан қамтамасыз ете алатындығы күмәнді. Дегенмен Заңның тілдік алуандықты жақтайтын бірнеше бабы бар. Олар жоғарыда аталғандарымен қатар 15, 23, 24-баптар.

Сот органдары мемлекеттік тілдің және басқа барлық бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды делінген 23-баптың нормасы толыққанды орындалып жатыр деуге келмейді. Құқықтөрелігі саласында мемлекеттік тіл орыс тілінің тасасында қалып келе жатқаны көрер көзге белгілі.

ТМД-ға қатысушы-мемлекеттер үшін ұсынымдық заңнамалық акті болатын Қылмыстық-процестік үлгі (модель) кодекстің 20-бабында қылмыстық сот өндірісінің тіліне қатысты төмендегідей нормалар бекітілген:

«1. Әркім қылмыстық сот өндірісі барысында **ана тілін**, сондай-ақ еркін таңдап алынған **кез келген қатынас тілін** ауызша және жазбаша пайдалануға құқылы. Судьялар, алқа заседательдері, прокурорлар, тергеушілер, анықтаушылар қылмыстық сот өндірісін жүргізгенде осы **Кодекс белгілеген тілді** пайдаланады.

2. Қылмыстық сот өндірісі **мемлекеттік тілде** жүргізіледі. Ол сондай-ақ **осы жердің жұртының көпшілігінің тілінде** немесе **осы жердің жұртының көпшілігі үшін қолайлы өзге тілде** жүргізілуі мүмкін.

3. Қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық сот өндірісіне қатысатын тұлғаларға **ұлттық тілді** пайдалану құқығын түсіндіруге және қамтамасыз етуге міндетті.

4. Қылмыстық сот өндірісіне қатысатын, **сот өндірісінің тілін** білмейтін немесе жеткілікті білмейтін тұлғаларға осы Кодекстің қағидаларына сәйкес істің материалдарымен танысу, айғақтар мен түсініктер беру, қарсылықтар, өтінішхаттар мен өтініштер мәлімдеу, сотта сөйлеу, сарапшыларға, жәбірленушіге, куәларға сұрақ

кою, қылмыстық сот өндірісіне қатысушы басқа тұлғалармен қатынасу құқығын қоса алғанда, оларға тиесілі барлық құқықтарын аудармашының көмегі арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік тегін қамтамасыз етіледі.

5. Қылмыстық сот өндірісіне қатысатын тұлғаларға **басқа тілде** баяндалған, заңға сәйкес оларға қажетті іс материалдарын қылмыстық **сот өндірісі тіліне** аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысушы тұлғаларға және құқықтөрелігін жүзеге асыруды көруші көпшілікке сот өндірісінің **басқа тілде** өтіп жатқан бөлігі **сот өндірісі тіліне** аудару тегін қамтамасыз етіледі.

6. Қылмыстық процесті жүргізуші органдар тиісті тұлғаларға заңға сәйкес тапсырылуы тиіс құжаттарды **сот өндірісі тілінде** тапсырады. Мұның өзінде **сот өндірісі тілін** білмейтін тұлғалар үшін құжаттың осы адамдардың **ана тілінде** немесе **олар білетін басқа тілде** баяндалған расталған көшірмесі қосымша беріледі»[4].

Көріп отырғанымыздай осы үлгі кодекс сот өндірісі тілі ретінде мемлекеттік тілді айқын танып, бекітеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік-кодексінің 30-бабы Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу **қазақ тілінде** жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде **орыс тілі**, ал қажет болған кезде **басқа тілдер** де қолданылады деген нормамен ашылады.

ҚР ҚПК-нің осы бабының басқа да нормаларын талдау сот өндірісі тілі мемлекеттік тіл екенін айқын белгіліп, қазақ тілін білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға олардың процестік құқықтарын іске асыру мүмкіндігі аударма қызметі арқылы тегін қамтамасыз етілетіндігін айқындайды.

Осы мәтінді зерделеуден аңғарғанымыз Кодекстің әрпі де де, рухы да сот ісін жүргізетін негізгі тіл қазақ тілі екенін айғақтап тұр. Өйткені аталған баптың 2-бөлігіне сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады деген норма бекер тұрған жоқ. Бұл норма өзінше қызықты да назар аударарлық.

Алайда Қазақстан аумағындағы әлеуметтік тәжірибеде сот өндірісін басқа тіл түгілі орыс тілінде жүргізу жөнінде осындай қаулы шығарылған дерегі жоққа тән. Қалыптасқан әлеуметтік тәжірибе сот өндірісі орыс тілінде жүргізілуінің қолданыстағы заңнамаға қайшы келетініне мән бермейді.

Қырғыз Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде сот ісінің тіліне қатысты төрт түрлі ұғым бар. Осы Кодекстің 23-бабында сот ісі **мемлекеттік тілде** немесе **орыс тілінде** жүргізілетіні, сот ісі жүргізіліп жатқан тілді білмейтін адамның **ана тілін** пайдалану және аудармашы алу құқығы бекітілген. Сонымен бірге айыпкерге, сотталушыға, сотталғанға айыпкер ретінде тарту қаулысының және үкімнің (ұйғарымдардың, қаулылардың) көшірмелері ана тіліне немесе **олар білетін тілге** аударылған түрде берілетіні бекітілген.

Сөйтіп, Қырғыз Республикасының қылмыстық-процестік заңында сот ісін жүргізуге қатысты төрт тіл – **мемлекеттік тіл, орыс тілі, ана тілі** және сот ісі жүргізіліп жатқан тілді білмейтін **адам білетін тіл** аталады.

ТМД-ға қатысушы-мемлекеттерге арналған Қылмыстық-процестік үлгі кодекстің, Қазақстанның, Қырғызстанның Қылмыстық-процестік кодекстерінің қылмыстық сот өндірісі тіліне қатысты баптарын талдау нәтижесінде заңшығарушының сот өндіріс тілі ретінде әдетте және әуел бастан **мемлекеттік тілді** танитынын айтуымыз керек.

Келтірілген нормаларды зерделеу Қазақстан Республикасында қылмыстық сот өндірісінің тілі – мемлекеттік тіл (қазақ тілі); судья кез келген істі мемлекеттік тілде жүргізе алады; сот ісі тілін білмейтін сот процесіне қатысушы тұлғаларға, процесті көруші көпшілікке сот ісінің заңға сәйкес оларға қажетті бөлігі аударылып беріледі деген қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Конституцияға, тіл туралы заңнамаға сүйенсек, Қазақстан Республикасында құқықтөрелігін жүзеге асыратын органдарда сот ісін жүргізу тілін, яғни мемлекеттік тілді білмейтін адамдар болуы мүмкін емес. Заңға сәйкес сот құжаттарының заңға сәйкес олардың ана тіліне, немесе басқа білетін тіліне аударылып беріледі деген қағидасы ресми қатысушыларға арналмаған.

Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленетін тізбесі әлі де нақтыланбаған күйде. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді еркін білу талабы тек Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлана алатын адамға және Парламент Палаталарының төрағаларына (Конституцияның 41, 58 баптары) қойылады. Біздің ойымызша, осы талап судьялық қызметке үміткерлерге де қойылуы тиіс.

Тілдің дамуы **мемлекеттік тілдің басымдығын** және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделгеннен бәсең қарқында және тар ауқымда іске асуда.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының мейлінше либералды нормаларының толыққанды жүзеге асырылмай отырғанын айғақтайтын фактілер жетерлік. Кейбір фактілерді заң бұзу деп саралауға болады. Ал бұл құқықбұзуларға кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкерлікке тартылуға тиіс.

Лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылу салаларында олардың пайдаланылуына кез келген кедергі келтіру, сондай-ақ деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бойынша талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкерлікке әкеп соғатыны Заңда айқын бекітілген.

Ендеше құқықтөрелігі саласындағы лауазымды адамдар мемлекеттік тілді білуі мен пайдалануы, оның кең пайдаланылуы мен дамуын қолдауы, оның беделін нығайтуы оның азаматтық парызы ғана емес, республика заңнамасымен бекітілген заңи міндеті.

Тілге қатысты біз талқылаған **ұлттық және халықаралық заңнамалық актілерде мемлекеттік тілдің ерекше басымдықта** тұруы тиістігін көрмеу мүмкін емес.

Ал арыз-шағымға олар түскен тілде жауап беру міндеті мен оны алу құқығының да табиғи шегі болатыны сөзсіз. Оны абсолюттендіруге болмайтыны анық. Әлемде дәл қазіргі кезде жеті мыңдай тіл болса олардың белсенді қолданыстағысы соның жартысына жетпейді. Бірнеше адам ғана білетін, жазбаша нұсқасы жоқ тілдер бар. Алда-жалда құқықтөрелігі саласына арыз-шағым сондай сирек тілдің біреуінде түсе қалса, бұл қаншалықты проблемалық мәселеге айналатын көзге елестетудің өзі қиын. Сондықтан, тіл туралы заңнаманың мемлекеттік тілден басқа тілдерді дамытуға

қатысты нормаларының белгілі бір дәрежеде декларативтік сипатта екенін баршамыз білуіміз керек. Кез келген мемлекеттегі тіл туралы заңнама демократиялық қағидаттарды сақтай отырып, ең алдымен мемлекеттік тілдің дамуына, өрістеуіне жол ашуды мұрат етеді. Онсыз тұтастай алғанда мемлекеттілік, егемендік, тәуелсіздік, рухани азаттық, рухани жаңғыру жайында сөз қозғаудың өзі артық.

БҰҰ ресми таныған екі жүздей мемлекет болғанымен бір тілдің бірнеше мемлекетте мемлекеттік тіл мәртебесін иеленгенін ескерсек, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған тілдер екі жүзге де жетпейтіні белгілі болады. Мемлекеттік тілдердің арасында өзінің пайдаланылуы жағынан алғашқы жүздіктегі, ал байлығы мен әсемдігі жөнінен алғашқы үштікте берік орны бар қазақ тілінің өзінің табиғи туу, таралу, пайдаланылу, ресми мәртебе алу аралындағы шынайы күйі көңіл көншітпейтіні шындық.

Кез келген мемлекеттік тіл сияқты қазақ тілінің де өзінің ресми мәртебесі мен беделін ұлттық және халықаралық ауқымда нығайтуына, таралу кеңістігі мен пайдалану өрісін кеңейтуіне мемлекеттік органдар тарапынан мүдделілік жоғары болу керек. Осы мақсат-мүдделерге жетуде тұтастай алғанда барша құқықтөрелігі саласы, жекелей алғанда әрбір судья мен осы сала мамандары белсенді азаматтық тұғырда болуы тиіс.

Санкт-Петербургтегі Еуропалық университеттің «Құқық қолдану проблемалары» Ғылыми зерттеу институтының ғылыми жетекшісі, з. ғ. д., профессор Вадим Волков институт ғалымдарының кешенді зерттеулеріне сүйене отырып, қызықты қорытындылар жасайды. Қоғамдық өмірді түсінулері өте маңызды болып келетін төрт сала мамандары – заңгерлер, антропологтар, әлеуметтанушылар, экономистер – әр түрлі тілде сөйлейді. Бұлар бірін бірі түсінетіндей бір тілге көшкен кезде ғана қоғамдық қатынастарды реттеуде ілгерілеу болмақ. Заңгерлік көзқарас тұрғысынан келгенде заңдардың арқасында қоғамдық қатынастар реттеліп, жүйелі қызмет етеді. Тек кейбір өте сирек кездесетін жағдайларда ғана заңдар орындалмауы мүмкін. Негізінен біздің өміріміз заңдардың қызметіне тәуелді. Ал әлеуметтанушылар мүлдем керісінше пікірді ұстанады. Олардың ойынша, заңдар жұмыс істемейді, қолданылмайды, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлі өте төмен. Заңдардың қолданылуы, жұмыс істеуі нормадан ауытқу болып табылады.

Шынтуайтында, құқыққорғау, сот органдарының қызметін бақылау нәтижесінде заманалық қоғамда заңдардың рөлін тым асыра бағалауға болмайтыны анықталған. Осыған байланысты В. Волков мәселе заңдардың саны мен сапасына тікелей тәуелді емес дейді. Ол заңдарға тиіспендер, мәселе заңдарда емес, оларды қолдау саясатын анықтайтын ұйымдастыру-басқару шешімдерді өзгерту керек дейді.

Осы айтылғандар біздің талқылап отырған мәселемізге тікелей қатысты және тіл туралы заңнаманың да орындалмай отырғанының себептерін айқындауға мүмкіндік береді. Құқық төрелігін атқару саласында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңітеміз, сапасын жақсартамыз десек, бірден қолданыстағы заңдарды өзгертуге жүгірмей, мақсатқа сай тиісті ұйымдастыру-басқару шешімдерін қабылдауымыз керек.

Әрине, ол шешімдер Конституцияға, материалдық және процесстік заңдарға қайшы келмеуі тиіс. Конституция нормаларының тікелей қолданылу күші бар екеніне сүйеніп, мемлекеттік тілдің құқықтөрелігі саласында қолданылу аясын кеңейтуге де, сапасын арттыруға да болады.

Құқықтөрелігі саласында мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарды а) заңнамаға өзгеріс енгізбей ұйымдастыру-басқару

шешімдерін шығару арқылы атқарылатын және б) заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы атқарылатын деп екіге бөлуге болады.

Негізгі назарды заңнаманы өзгертпей іске асырылатын жұмыстарға аударсақ, келесідей мәселелер мен шешімдер туындайды:

*Бірінші*, ішкі-сыртқы қатынас қағаздарына қатысты. Бұл жұмысты сот органдарының Қазақстан Республикасы аумағындағы ішкі-сыртқы қатынас қағаздарын мемлекеттік тілде атқаруға көшуден бастау керек.

*Екінші*, жолдамалар, ілеспехаттар тіліне қатысты. Кез келген іске қатысты бүкіл жолдама, ілеспе іс қағаздарын мемлекеттік тілде жазуға көшу керек. Бұл осы іс қағаздарына қатысты істің қай тілде жүргізіліп жатқанына тәуелді болмауы тиіс. Мәселен, қандай да бір шет тілде келіп түскен істің Қазақстан Республикасы аумағындағы әрі қарайғы қозғалысын қамтамасыз ету сол шетелдің тілінде жүруін көз алдымызға елестете алмайтынымыз айқын ғой. Яғни сот органдарына келіп түсетін, шығатын, қаралатын істердің жолдамаларын, ілеспехаттарын және т.б. қатынас іс қағаздарын тек мемлекеттік тілде жүргізуге көшу жөнінде тиісті шешім қабылдау, соны толыққанды жүзеге асыруға әбден болады.

*Үшінші*, талдамалық-әдістемелік жұмысқа қатысты. Сот органдарының талдамалық-әдістемелік жұмысын мемлекеттік тілде жүргізуге ешқандай заңнамалық кедергі жоқ. Осыған қатысты барша құжатты мемлекеттік тілде жүргізу де ешбір заңнаманы өзгертпей-ақ іске асырыла алады.

*Төртінші*, іс шаралар тіліне қатысты. Құқықтөрелігі органдарында атқарылатын кез келген ресми, кадрлық (марапаттау, кадрлық ауысу, мерейтойлық, тәртіптік), оқу-әдістемелік, мерекелік және ағымдағы шараларды мемлекеттік тілде жүргізуге көшу керек.

*Бесінші*, тілдің сапасына қатысты. Жоғарыда аталған жұмыстарды жүргізу барысында мемлекеттік тілді қолдану сапасына көңіл бөлу керек. Аталған іс қағаздарының бланкілерін, нұсқаларын әзірлеу, толтыру орыс тілінің заңдылығына емес, қазақ тілінің заңдылығына сай рәсімделуін қадағалау, соған қол жеткізу керек. Процестік және одан басқа да құжаттардың қазақ тіліндегі сауатты үлгілерінің болуы тиіс.

*Алтыншы*, ауызекі сөйлеу мәдениетіне қатысты. Құқықтөрелігі органдарында мемлекеттік тілде ауызекі сөйлеу мәдениеті сақталуға тиіс. Бұл судьялардың этикалық кодексінен де туындайды. Осыған байланысты судьяларға, қызметкерлерге сауатты, мәдениетті, тіл шұбарламай сөйлеу жөнінде қатаң талаптар қойылуы тиіс.

*Жетінші*, бірізділікке қол жеткізу, тіл жетілдіруге қатысты. Құқықтөрелігін атқаруға, іс қағаздарын әзірлеуге, толтыруға қатысты ауызекі және жазба тілдік сөздерді, фразеологиялық тіркестерді, тұтас сөйлемдерді заманалық құқықтық терминологияға сай бірізділендіру, жетілдіру жұмысын жүргізу қажет.

*Сегізінші*, мемлекеттік тілді қолдануды дамыту саясаты. Құқықтөрелігі саласында мемлекеттік тілді қолданудың аясын кеңейту, сапасын жақсарту саясаты батыл, айқын бетбұрысты, бір ізді, жаппай жүруі тиіс. Яғни Республиканың барлық аймағындағы, түкпір-түкпіріндегі әр түрлі деңгейдегі және түрлі заңқұзыретті сот орындары өз қызметінде мемлекеттік тілді қолдануды жетілдіруге бір кісідей қатысуы керек.

Осы бағытта ой жұмсап, тізбектей беруге де болар еді. Алайда оның қажеті жоқ. Мәселе, ниеттің дұрыс болуына тіреледі. Осынау маңызды жұмысты науқаншылдыққа ұрынбай, жүйелі түрде жүргізіп, оң нәтижелерге қол жеткізу үшін құқықтөрелігі органдарының жоғарыдан бастап төменгі буынға дейінгі

басшыларының, әрбір судьяның табанды ерік-жігері керек. Судьялардың, сот органдарының басқа да қызметкерлерінің замана талабына сай рухани жаңғыру процесі еш іркіліссіз, ерікті, саналы, сапалы жүруі тиіс. Әрбір судья шын тәуелсіз, рухани тұғыры мығым да биік тұлға екендігін өзінің әрбір сөзімен, әрбір қимылымен айқын көрсете алуы керек. Кез келген саладағы реформа адами факторға, адами капиталдың сапасына тікелей баланысты. Сондықтан, құқықтөрелігі саласында мемлекеттік тілді қолдануды жетілдіру бірінші кезекте адамдардың, яғни осы саладағы басты тұлға судьялардың санасының, жауапкерлігінің өсуіне, серпілуіне байланысты.

Судьялар – адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары. Құқықтөрелігі саласында мемлекеттік тілдің өрістеуі олардың белсенді азаматтық позициясы ерекше маңызға ие. Тек осы негізде, яғни рухани жаңғыру, серпілу арқылы ғана санада оң жарылыс жасалуы мүмкін. Соның нәтижесінде айтқан сөзі мірдің оғындай, жазған сөзі алмас қылыштай, болмысы баяғының тура билеріндей, ары да таза, тілі де тұнық тұлғалар құқықтөрелігін жаңа да биік сатыға көтермек.

Құқықтөрелігін атқаруда мемлекеттік тілді кең де сапалы қолдану талабы Республиканың негізгі заңы – Конституцияға негізделеді. Қазақ елі мемлекеттілігін нығайту, оның «Мәңгілік ел» идеясына сай даму стратегиясын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, қоғамдық сананы рухани жаңғырту мақсат-міндеттеріне сай келеді. Және Қазақстан Республикасының басы құндылығы болып саналатын адам құқығын қорғаудың негізгі тетіктерінің бірі болады.

Соттардың билік жүйесіндегі орны мен беделі ерекше. Сондықтан сот ісін жүргізу, сот органдарының іс қағаздарын жүргізу мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, сапсын жақсартуға шынымен бет бұрса, бұл куммулятивтік әсер бермек. Құқықтөрелігі саласында мемлекеттік тілді толыққанды қолдануға қатысты рухани жаңғыру жалпы құқыққорғау саласында сілкініске, серпіліске алып келеді деп күтуге негіз бар.

Заңнамаға өзгерістер енгізуді қажет етпейтін осы сипаты шараларды жүйелі жүзеге асырудың өзі көп нәрсені қалыпқа келтіруге мүмкіндік бермек. Сонымен бірге мемлекеттік тілді қолдануды жетілдіруге кедергі жасайтын заңнамалық нормалар осы жұмыс барысында біртіндеп анықталып, сұрыптала бермек. Оларды талқыға салу, ондай кедергілерді жоюдың жолдарын қарастыру да тым кейінге ысырыла бермей, қатар қарастыруға да қол жеткізу қиын шаруа емес.

Қорыта келгенде, елімізде құқықтөрелігі саласында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде пайдаланудың аясын кеңейтудің барлық қажетті алғы шарттары бар. Тек қалыптасып қалған әлеуметтік тәжірибені өзгерту қажет. Ол үшін белсенді азаматтық ұстаным негізінде тиісті ұйымдық-басқару шешімдерін қабылдап, іске асыру керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. Алматы: Атамұра, 2008. – 216 б.; Зиманов С.З. Казахский суд биев – уникальная судебная система. – Алматы: Атамұра, 2008. – 224 с.; Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов: материалы, документы и исследования. 1-10 томдар. / Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы: Жеті жарғы, 2004-2009.
2. Қар.: Леони Бруно. Свобода и закон / Бруно Леони; пер. с англ. В. Кошкина под ред. А. Куряева. – М.: ИРИСЭН, 2008. – 308 с.
3. Сыздық Б.К. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлік: таным және терминология мәселелері. Оқу құралы. Қарағанды: ҚҚЭУ, 2017. – 135 б.

4. Модельный уголовно-процессуальный кодекс для государств-участников СНГ. Рекомендательный законодательный акт. Принят на седьмом пленарном заседании Межпарламентской Ассамблеи государств-участников Содружества Независимых государств 17 февраля 1996 года. Приложение к «Информационному бюллетеню», 1996. - № 10». – Спб., 1996. – 374 с.



*Ғылыми-зерттеу институтының  
Ішкі істер органдарының қызметін  
реттейтін заңнаманы зерттеу және  
мониторингтеу мәселелері бойынша  
орталығының аға ғылыми қызметкері,  
ф.ғ.к., полиция подполковнигі  
Қ. Абуғалиев*

**ҚАЗАҚСТАН ҚЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ 1995 ЖЫЛҒЫ 21  
ШІЛДЕДЕГІ № 4 «АТЫС ҚАРУЛАРЫН, ОҚ-ДӘРІНІ, ҚАРУ-ЖАРАҚТЫ  
НЕМЕСЕ ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАРДЫ ҰРЛАУ, ОЛАРДЫ ЗАҢСЫЗ АЛЫП  
ЖҰРУ, ҰСТАУ, ЖАСАУ НЕМЕСЕ ӨТКІЗУ, АТЫС ҚАРУЛАРЫН ҰҚЫПСЫЗ  
ҰСТАУ ТУРАЛЫ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ»  
НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫНА ЮРИСЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі № 4 қаулысында «атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі» жайында баяндалады.

Байқап отырғанымыздай, бұл қаулыға сол қабылданған 1995 жылдан бері еш өзгеріс не толықтыру енгізілмеген. Ал, сол кезден бері заң саласындағы елеулі өзгерістердің бірегейі – кодекстердің қайта қабылдануын ескерсек (2014 жылғы), бұл қаулы заңдық және тілдік тұрғыда қайта саралауды қажет ететіні айдан анық.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» № 213-І Заңының 21-бабына сәйкес «Мәжіліске нормативтік құқықтық актілер жобасы қағаз және электрондық тасымалдағыштармен мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі».

Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 14 ақпандағы «Адвокатура мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан республикасының Заңын тексеру туралы» № 2 қаулысында егер қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкеспенділігі құқықтық норманың тұжырымдамалық мазмұнын бұрмаласа және оны бірдей түсіну мүмкін болмаса, мұндай норма Негізгі Заңның 7-бабының 2-тармағымен алып қарағанда, белгіленген тәртіпте Конституцияға сәйкес емес деп танылады.

Аталған қаулыға талдау жасау барысында бірден аңғарғанымыз Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қару айналымына қатысты баптары ескіше (1997 жылғы Қылмыстық кодекспен) көрсетілген. Яғни мұндағы сілтеме берілген Қылмыстық кодекстің 251, 252, 253, 254, 255-баптары 2014 жылғы Кодекспен 287, 288, 289, 290, 291-баптар болып сәйкестендірілуі керек [1].

Сонымен қатар зерттеу барысында қаулыдағы салалық термин сөздердің қазақ тілді аудармасында олқылықтарға жол берілгеніне көз жеткіздік. Мәтінді аудару кезінде тіл табиғатының, яғни стилінің сақталмауы немесе мәтін сөздерінің тым ресмилік сипат алуы салдарынан, тұтас мағынаның сапасы солғындап, түсінікке ауыр тиеді. Әдетте мұндай олқылықтарды өзгертіліп, толықтырылып немесе жаңадан қабылданып жатқан заң актілерінен жиі кездестіруге болады.

Мәселен, қаулының 2-тармағындағы **завод** сөзі осы бәз қалпында орыс тілді нұсқасымен берілген. Ал, кейінгі бекітілген аударма сөздіктерімізде бұл сөз қазақшаға **зауыт** болып аударылған. Ал, енді бұған керісінше жағдайға мысал

келтірсек, **практика** сөзі **тәжірибе** болып аударылып, қаулының басында кездесетін **судебная практика** сөзі **сот тәжірибесі** болып қате аударылған. Аударма сөздікке жүгінсек, **тәжірибе** орысша **опыт** сөзінің тура аудармасы. Сонда әлгі терминді тіркестің қазіргіше дұрыс аудармасы – **сот практикасы** [2].

Сондай-ақ 1-тармақтағы **конкретный случай** тікесіндегі **случай** сөзінің аударма баламасы ретінде **жәйт** сөзін алған. Алайда бұл жерде **жәйт** сөзі терминдік тіркестен көрі ауызекі тұрмыстық қолданысқа көп келеді. Демек, мұнда дұрысы **жағдай** сөзін алып, **нақты жағдай** деп аударған жөн еді.

3-тармақтағы **миномет** сөзі **граната лақтырғыштық** болып аударылған. Бұл термин сөздің Әскери терминдердің қазақша-орысша сөздігіндегі бекітілген аудармасы – **граната атқыш** [3]. Тіптен осы салаға қатысты оқулықтар мен оқу құралдарында да осылай аударылған. Демек аталған терминнің сәйкессіз аударылуына субъективтің ықпалдың, яғни аудармашының немқұрайлылығының орын алған айтпаса да түсінікті.

Сондай-ақ осыдан кейінгі **взрывные устройства** тіркесі **жарылғыш құралғылар** деп алынып, қате аударылған, дұрысы – бекітілген сөздік бойынша **жарылыс құрылғылары** болады.

Келесі бір қате аудармаға душар болған 5-тармақтан бастап бірнеше жерде кездесетін **виновный** сөзінің аудармасы, **айыпты** деп алынған. «айыпты, айыпкер, айыпталушы» синоним сөздері **обвиняемый** сөзінің аудармасы екені баршаға аян. Ал, **виновный** сөзінің дұрыс аудармасы **кінәлі** сөзі екенін бекітілген сөздіктен білеміз [4].

Сонымен қатар осы қаулының 8-тармағы синхрондық әдіспен аударылу себебінен түсінікке ауыр тиетінін байқадық.

Яғни *«Под хищением огнестрельного оружия, боевых припасов, вооружения или взрывчатых веществ следует понимать противоправное завладение ими любым способом с намерением виновного присвоить похищенное либо передать его другому лицу, а равно распорядиться им по своему усмотрению иным образом»* сөйлемінің аудармасы мынадай – *«Заңсыз қолға түсіріп, кез-келген тәсілмен айыптының ұрланған заттарды сіңіргісі немесе басқа адамға бергісі келсе, яғни өз білгені бойынша иеленгісі келсе, атыс қаруын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау деп түсіну керек»*. Енді осы сөйлемді таза аударманың жетегінде кетпей, қазақ тіліндегі *ой екпіні, сөйлеу стилі* деген заңдылықтарды сақтай отырып аударсақ, төмендегідей түсінікті болып шықпақ: *«кінәлінің заңсыз қолға түсіріп, ұрланған заттарды кез-келген тәсілмен сіңіргісі немесе басқа адамға бергісі келсе, яғни өз білгені бойынша иеленгісі келсе, атыс қаруын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау деп түсіну керек»*.

Келесі бір олқылық – ол да аударма тіліне қатысты. Осы қаулының 18-тармағындағы *«При рассмотрении дел данной категории судам также следует выяснять и указывать в приговоре приобреталось ли виновным имущество на средства, добытые преступным путем»* деген сөйлемнің қазақша нұсқасы былай берілген – *«Бұл санаттағы істерді қарағанда сот айыптының мүліктерді қылмыстық жолмен тапқан қаржыға сатып алынған ба, анықтап, үкімде оны көрсетуі керек»*. Мұнда да **виновный** сөзі – **айыпты** болып аударылуымен қатар, **приобреталось ли** деген етістік сөзбе-сөз аударыла салған, яғни тілдік-стильдік ерешкелік ескерілмеген. Қазақ тілінің стильдік ерекшелігіне қарай бұл сөйлемді орыс тілінен былай аударған жөн: *«Бұл санаттағы істерді қарағанда сот кінәлінің мүліктерді қылмыстық*

*жолмен тапқан қаржыға сатып алған-алмағандығын анықтап, үкімде оны көрсетуі керек».*

Сонымен бірге қысқарған сөздер де түзетуді қажес етеді. Мәселен, 19-тармақтағы **УПК** (уголовно-процессуальный кодекс) қазақ тілінде **ҚІЖК** болып берілген. 2014 жылғы бұл кодекстің жаңартылуымен бірге аталуы да **ҚПК** (қылмыстық-процестік кодекс) болып өзгертілді.

Қаулының 3-тармағындағы **гладкоствольное охотничье оружие** тіркесіндегі **гладкоствольное** сөзі де бекітілген терминге сәйкеспей, **тегіс оқпанды** болып аударылған. Бұл жердегі оқпан сөзі ауызекі тілде қолданылатын синоним сөз. Ал, әскери термин ретінде бекітілген бекітілгені – **тегіс ұңғылы** сөзі. Сонда бұл тіркестің термин ретінде дұрыс аудармасы **тегіс ұңғылы аңшы қаруы** болады.

Қорыта келгенде, Жоғарғы Соттың бұл қаулысының қабылданғанына жиырма жылдан аса уақыт өткенін және содан бері ешқандай өзгертулер мен толықтырулар енгізілмегенін ескерсек, жоғарыдағыдай қателердің орын алуын заңдылық деуге де болады.

Дегенмен, қай салада болмасын болып жатқан өзгерістерді қаперде ұстап, осындай олқылықтардың белең алмауына жол бермеу бүгінгі интеллигенция өкілдерінің азаматтық борышы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы, 2016. – 240 б.
2. Құқық саласының терминдер сөздігі. Құрастырған: М.А. Айымбетов. Астана, 2009. – 450 б.
3. Әскери терминдердің қазақша-орысша сөздігі. Авторлар ұжымы. Алматы: Білім, 2003.
4. Бекітілген терминдер сөздігі. Алматы: 2009. – 328 б.

*ҚР Жоғарғы соты жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
ғылыми орталық басшысы,  
PhD докторы Ш.Саймова,*

*бас ғылыми қызметкері, з.ғ.к. М. Шакенов  
жетекші ғылыми қызметкері,*

*магистрі Ж. Мазбулова*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІ САЛАСЫНДА  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-  
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҒЫЛЫМИ  
ЗЕРТТЕУНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУ**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы Сот құқықтық және инновациялық жобалар ғылыми зерттеу институтының Азаматтар және мемлекеттің заңды мүддесін және құқығын сотпен қорғайтын ғылыми орталығының (бұдан әрі – Орталық) аналитикалық жұмысына қысқаша шолу.

2017 жылғы 15 қыркүйектегі №6002-17-01-19/544 хатына орай, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен 2017 жылғы 18 мамырда өткізілген «Рухани жаңғыру – мәңгілік ел болудың кепілі» атты «дөңгелек үстел» қарарын орындау мақсатында, «Қазақстан Республикасының сот төрелігі саласында мемлекеттік тілді қолданудың ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» атты қысқа мерзімді ғылыми зерттеу жүргізу шеңберінде, соттардың көзқарастарын анықтау және мемлекеттік тілді сот өндірісінде қолданудағы тәжірибелік мәселелерді әшкерелеу үшін, сондай-ақ аталмыш мәселелерді шешуге бағытталғын ұсыныстар мен ұсынымдар алу мақсатымен Орталық қызметкерлерімен облыстық және оларға теңістірілген соттарға сауал жіберілді. Алынған жауаптар негізінде келесі қорытындылар жасалған.

Сот істері толықтай дерлік 2 тілде жүргізіледі: мемлекеттік тілде және орыс тілінде. Қазақстанның аумақтық пен істердің мамандандырылуының ерекшеліктеріне қарай көп жағдайларда орыс тілінде өткізілетін сот іс-жүргізілуі басым. Дәлел ретінде «Төрелік» ақпараттық жүйесінде мемлекеттік тілде құжат алмасу статистикалық есептерін көруге болады. Сонымен қоса, кейбір соттардың тәжірибесінде басқа органдармен құжат алмасуында келесі жағдайлар кездесті «...негізгі құжат (тапсырма, сұраухат, сауалнама және т.б.) орыс тілінде рәсімделеді, ал оны орындау үшін жолдау парағы ғана мемлекеттік тілде (Орталық қызметкерлерімен өзгеріс жасалынды) рәсімделеді.

Бұл жағдайда, құжат қазақ тілінде жолданған болып есептеледі...», сот отырысында да тілге қатысты келесі фактілер орын алуда: «...құқық қорғау органдары соттарда, соның ішінде әкімшілік соттарда, қарау үшін тиісті құжаттар рәсімдеген (Орталық қызметкерлерімен өзгеріс жасалынды) кезде, орыс тілін қолданады, ал іске қатысушылар қазақ тілінде сөйлейді...».

Сонымен қатар, кері мысал ретінде, процессуалдық сипаты бар және заңнамамен нақты шешімі табылмаған мәселелер кездеседі: «...сот практикасында істің сотқа дейінгі тергеуі мемлекеттік тілде жүргізіліп, ал іс соттың қарауына түскен кезде сотталушы мен оның қорғаушысы сотталушының заң терминдерін мемлекеттік тілде

түсінбейтінін айтып, сот қарауын орыс тілінде өткізу туралы мәлімдейтін жағдайлар кездеседі. Аталмыш өтінішхатты *қарастыру (Орталық қызметкерлерімен өзгеріс жасалынды)* барысында қиындық туғызатын сұраққа тап боламыз – сот ісін жүргізу тілін өзгерткен кезде іс материалдарын орыс тіліне аудару қажеттігі туындамайды ма?..».

Кейбір сот қызметкерлерінің пайымдауынша: «...Істердің мемлекеттік тілде рәсімделмеуінің негізгі себебі – азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша арыздарды дайындайтын адвокаттар мен заңгерлердің, полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлердің қазақша білмеуі немесе нашар меңгеруі болып отыр.

Судьялар тарапынан да *істі (Орталық қызметкерлерімен өзгеріс жасалынды)* қарауда орыс тіліне басымдық беру жағдайы қалыптасқан. Мемлекеттік органдар, адвокаттар, заңгерлердің көбі арыздар мен басқа да ресми құжаттарды жазуда қазақ тілін түрлі сылтаулармен айналып өтуге бейім...».

Сондықтан да, соттармен жасалған келесідей ұсыныстар кездеседі – «...Әділет министрлігі орыс тілін жетік білмейтін немесе ойын жеткізе алмайтын қазақ азаматтарының сотқа талап арыздарын орысша дайындап беруге ықпал еткен заң кеңесшілері мен адвокаттарға азаматтардың сотта қорғану құқығына нұқсан келтіргені үшін әкімшілік шаралар қолдану мүмкіндіктерін қарастыру...» қажет.

Осымен қоса, ерекше мәселе боп қалыптасқан – «...соттар қолданатын азаматтық және әкімшілік істерде аудармашылар қатысқан кезде, 1992 жылғы 25 ақпандағы №152 Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген Нұсқаулық ескірді...» деген қорытындымен толығымен келісеміз, себебі «аудармашының еңбегіне төленетін ақшаның көлемі өте төмен болғандықтан аудармашылар сот отырыстарына келуден бас тартады».

Аталған Нұсқаулық бір рет қана өзгертілген – 30.11.1998 жылы. Нұсқаулық ережелерінің рәсімделіну заң техникасы өзгеріліс енгізілгеннен кейін түсініксіз болып қалыптасты. Салыстыру үшін «Әділет» базасында қазақ тіліндегі нұсқаулықтың мәтіні де жоқ (іздеу 6 қазан 2017 жылы жүргізілді).

Аудармашылардың Астана қаласында қалыптасқан нарықтық жұмыс ақыларын зерттеу үшін жеке аудармашылар компанияларының жарнамалары арқылы зерттеу жүргізілді. Зерттеудің нәтижесінде орташа бағалары келесідей анықталды: қазақ пен орыс тілінде жасалған мәтіндерді, сәйкесінше, орыс және қазақ тіліне аудару күрделілігіне қарай, бір А4 беті үшін 700 теңгеден 1500 теңгеге жетеді, ал ағылшын, француз, неміс тілдеріне аудармалар 3000 теңгеге жетуі мүмкін. Ілеспе аударма күніне 160 мыңға жетеді (қытай тілі бойынша).

Кейбір соттармен баламалы шаралар ретінде келесі түбегейлі ұсыныс берілді: «Соттарға, олардың құрамына, яғни, судья штат бірліктерінің санымен байланысты түрде (3 немесе 4 судья бірлігіне 1 аудармашы) кәсіби, білікті аудармашы штат бірліктері берілуі тиіс», басқаша сөзбен айтқанда – «әр соттың штатына (немесе келісім шарт негізінде) аударма жұмысымен айналысатын мамандарды қызметке алу қажет».

Орыс тілінің мәртебесі жөнінде соттардың жолдаған хаттарында ішкі пікірсайыс қалыптасқанына көңіл аудардық. Кейбір жолдаған хаттарда орыс тілі – ресми тіл деп көрсетілген, басқалар оған қарсы «...ресми тіл деген тіл жоқ, ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген ғана ұғым бар...» дегендері бар. Сарапшылардың пікірінше, даусыз, екінші көзқарас дұрыс, бірақ бұл бірінші позицияны жазғандар білмегендіктен көрсеткен деп есептемейміз, сірә уақыт үнемдеумен жазылды деп санаймыз.

Соттармен жасалған басқа да ұсынымдарын 4 топқа жіктеуге болады – ақпараттық жүйелерді жетілдіру және арнайы заң (оқу, нұсқалық) құралдарын дайындап шығару, арнайы лингвистикалық біліктілікті арттыру курстарын жүргізу, қазақ тілін білуін көтермелеу шараларын көздеу, мемлекеттік қызметке өту үшін және мемлекеттік қызметкерлерді аттестациялау кезінде қазақ тілін білу деңгейін тексеру.

1 топтағы ұсыныстар – «Төрелік» ақпараттық жүйесін жетілдірумен қатысты, қосымша ақпараттық бағдарламалар енгізуімен байланысты, сондай-ақ арнайы баспа өнімдерін дайындалуы мақсатымен жасалынды.

Ерекше атап көрсетуге болатын ұсыныстар: «...мемлекеттік тілде жазылатын сот актілерінің сапасын арттыру және олардың біркелкі жазылуын қамтамасыз ету, ортақ сот практикасын қалыптастыру мақсатында заң *терминдерінің (Орталық қызметкерлерімен өзгеріс жасалынды)* электрондық эталонды сөздігі жасалып, ол сөздік «Төрелік» ақпараттық жүйесінде орнатылуы қажет деп есептейміз...», «...«Мемлекеттік тілдегі заң техникасы» заңнамалық құралын құрастыру...», «...Құжаттардың типтік үлгілері бар «Соттардағы мемлекеттік тілде іс жүргізу» заңнамалық құралын құрастыру...», «...Дыбыс және бейне оқыту құралдары (сот процессін жүргізу бойынша және барлық процестік әрекеттерді іске асыру бойынша бөлек, мысалы, куәдан жауап алу, үлгілерді алу және т.б.), сот актілерінің үлгілері қоса берілген «Азаматтық істерді мемлекеттік тілде қарастыру» заңнамалық құралын құрастыру...», «...Мемлекеттік тілдегі барлық қызметтік құжаттардың үлгілері көрсетілген «Қызметтік құжаттардың үлгілері» құралын құрастыру...» және т.с.с.

Екінші топқа – жалпы қазақ тілін білуіне бағытталған шараларын көздеген және латын әліпбиіне көшумен қатысты қажетті біліктілікті арттыру курстарының жүргізуін талап ететін ұсыныстарды жатқызамыз.

Қазіргі таңда, қазақ тілінің латын жазуына көшу мәселесі қоғамдық сана жаңғырту қағидаларын жасап шығаруды ғана емес, сондай-ақ дәстүрдің жойқын күштерін жұмсамай-ақ, уақыттың еншісіндегі сын-тегеуіріндерге жауап қайтаруға мүмкіндік беретін нақты жобаларды жасап шығаруды талап етеді.

Тарихи бастамаларға көз жүгіртетін болсақ, 2006 жылы Қазақстанның халықтар ассамблеясының XII сессиясында Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілін латын жазуына ауыстыру мәселесін қарастыру жайлы бастама көтерді. Елбасы, латын графикасы әлемдік коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие екенін атап өтті. 2012 жылы «Қазақстан-2050» Жолдауында Елбасы латын жазуына ауысудың нақты мерзімдерін белгіледі.

10 жыл ішінде қазақ тілін латын жазуына ауыстыру идеясы жан-жақты талқыланды және қазақ тілінде сөйлейтін халықтың қолдауына ие болды. Елбасының сол тарихи сөзінен кейін латын жазуындағы қазақ тілінде жасалған жаңалық сайттары мен ойын-сауық сайттары әрекет ете бастады. Сол кезден бастап көптеген аспектілер мен нюанстар зерделенді.

Кезінде тілінің лингвистикалық және филологиялық ерекшеліктеріне байланысты латын жазуына ауысу қажеттілігіне тап болған Әзірбайжанның, Түркіменстанның, Түркияның және Өзбекстанның тәжірибесі зерделенді. Сондай-ақ, Қазақстанда латындандырылған әліппе 1929 жылдан бастап 1940 жылдар аралығында қолданылғанын ескерген жөн.

Латын жазуына ауысу – қазақ тілін дамытудың технологиялық кезеңі, оның артықшылықтары болып технологиялық, экономикалық, ғылым-білім және өзге тізбектерде анағұрлым оңай интеграциялануы, ғаламтор кеңістігіндегі ақпаратқа айтарлықтай үлкен қолжетімдік, қазақ тілін оқуды жеңілдету және т.б. табылады.

Бүгінгі таңда латын жазуына ауысудың айтарлықтай сүйенішіне Қазақстанда ақпараттық технологияларды меңгерудің жоғары деңгейін айтуға болады. Осы екі жыл ішінде тиісті ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстар жүргізілетін болады. Осыған орай, аудандық, облыстық және облыстыққа теңестірілген соттардың ұсыныстары да айтарлықтай орынды болып келеді.

3 топтағы ұсынымдар да жиі кездеседі. Осында тек қазақ ұлты емес азаматтарынан барлық азаматтарға дейін көтермелеу шараларын енгізілу ұсынымдары бар.

4 топта «Мемлекеттік қызметке тек қана мемлекеттік тілмен» деген қағиданы басшылыққа алып бірнеше ұсынымдар жасалынды, олардың ішінде:

1. судьялыққа үміткерлер мен сот саласына жұмысқа қабылданатын мамандардың мемлекеттік тілді білу дәрежесі бойынша тест (емтихан) тапсыруын міндеттейтін нормаларды тиісті заңдарға енгізу;

2. әр 5 жыл сайын судьяларды аттестациялау кезінде мемлекеттік тілде ауызша және жазбаша емтихан алу;

3. мемлекеттік тілді білмейтін немесе нашар білетін судьялардан қазақ тілін өздігінен ерікті түрде оқып үйренуге міндеттейтін жазбаша қолхат алуды кадр бөлімі арқылы қамтамасыз ету;

4. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі» туралы конституциялық заңына судьяның мемлекеттік тілді білуін талап ететін бап енгізу;

5. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет» туралы заңына қазақ тілін кәсіби білуді міндеттейтін норма енгізу.

Қорытындылай келе, Республика көлемінде мемлекеттік тілді қолданудың бірқатар шешілмеген ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері әшкереленді.

Сондай-ақ соттардың аталмыш мәселелерге қатысты конструктивті ұсыныстары да бар. Қазақ тілінің мәртебесін тек жазбаша түрде ғана емес, іс жүзінде көтеру үшін ұйымдастырушылық-шаруашылық шаралардан басқа, заңшығарушылық бірталай іс-шараларын да жүзеге асыруға тура келеді.

